

Ескі түркі жазба  
ескерткіштері  
туралы  
зерттеулер

Исследования  
старотюркских  
письменных  
памятников







ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ  
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

ЕСКІ ТҮРКІ ЖАЗБА  
ЕСКЕРТКІШТЕРІ  
ТУРАЛЫ  
ЗЕРТТЕУЛЕР

Қазақ ССР-інің «ҒЫЛЫМ» баспасы  
Алматы · 1983

АКАДЕМИЯ НАУК КАЗАХСКОЙ ССР  
ИНСТИТУТ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

ИССЛЕДОВАНИЯ  
СТАРОТЮРКСКИХ  
ПИСЬМЕННЫХ  
ПАМЯТНИКОВ

Издательство «НАУКА» Казахской ССР  
Алма-Ата - 1983

Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1983. - 206 б.

Жинақтың мазмұны түркі тілдерінің жалпы және жекелеген мәселелерін қамтиды. Бұл сынды кітап қазақ тіл білімінде тұңғыш рет жарық көріп отыр. Авторлар бұнда XII-XVI ғасырлардан қалған ескерткіштерді зерттеу нысанасы еткен.

Кітап ғылыми қызметкерлерге - филологтарға, тарихшыларға, шығыс танушыларға, жоғары мектеп оқытушыларына, аспиранттар мен студенттерге арналған.

Исследования старотюркских письменных памятников. - Алма-Ата: Наука, 1983. - 206 с.

Сборник содержит статьи, посвященные общим и частным вопросам тюркских языков. Такая книга в истории казахского языкознания составлена впервые. Ее авторы обращаются к памятникам XII-XVI вв.

Книга предназначена для научных работников - филологов, историков, востоковедов, преподавателей вузов, аспирантов и студентов.

Редакционная коллегия: С.Кенесбаев /ответ. редактор/,  
А.Курылжанов, А.Ибатов

70101-082  
И 4077057-33 134.83.460 2000000



Қазақ ССР-інің "Ғылым" баспасы, 1983.

Издательство "Наука" Казахской ССР, 1983.

## АЛҒЫ СӨЗ

Ертедегі түркі халықтарының алуан түрлі мәдени мұрасын зерттеп білу, оқып үйрену, игеру аса бір игілікті іс екені белгілі. Алайда ол туралы ескерте кететін жайт бар. Қазіргі түркі халықтарының мәдени-әлеуметтік тарихы, сол сияқты тілі мен әдебиетінің шығу кездерін, олардың өсу жолдарын оқып үйрену барысы да осы рухани байлықты жүзеге асырумен тікелей астасып жатады.

Қазақ тілінің даму тағдырын да көне түркі жазу нұсқаларымен тығыз байланыстыра отырып қарағанымыз жөн. Бұрыннан айттылып келе жатқан шындықтың бір көзі осында болып отыр. Дегенмен осы салада істелетін келелі жұмыстар, ғылыми жағынан жалпы алып қарағанда, тиісті дәрежесінің деңгейіне жете алмай келеді, яғни дүниежүзілік түркологияның, бүкіл Советтер Одағында істеліп жатқан түркологиялық медиэвистиканың бүгінгі талап-тілектеріне сай жұмыс істеу барысы біздің республикамызда тым баяу жүргізіліп келеді. Осыған орай көне түркі ескерткіштерін, соның ішінде орта ғасыр жазбаларын оқып үйрену, тілін талдап, әр қилы салаға салып зерттеу және еңбектер жазу — қазақ тілі білімінің күн тәртібінде тұрған тұжығалы тақырыптардың бірі.

Оқушылар назарына ұсынылып отырған жинақ ескі түркі жазба ескерткіштері туралы бірсыпыра мәселелерді талдауға арналған. Ол өзінің мазмұны мен мақсаты жағынан жылт етіп жарық көрісімен көпшілік қауым арасына тарап кеткен, Тіл білімі институты шығарған "Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары" /1981 ж./ деген жинақ іспеттес. Сол жинақ пен осы әңгіме болып отырған еңбектің арасындағы азын-көпті айырмашылық тек мынада ғана болу керек. Жарияланып кеткен жинақта ескі түркі ескерткіштерінің материалдары қазіргі қазақ тілінің даму тұрғысынан және олардың өзара тарихи-тектік байланысының барысы жағынан қарастырылған болатын. Бұл жинақта, орта ғасыр /ескі түркі/ ескерткіштерінің кейбір тілдік ерекшеліктері өз алдына жеке алынып, қазақ тіл материалдарымен байланыссыз-ақ қарала береді. Демек, мұнда зерттеу методикасының жалпы түркологиялық тенденциясы басым. Иіні келген жерде, әрине, қазақ тілінің мысалдары да көрініс тауып оты-



рады, алайда бұл жинаққа кірген мақалалар тарихи-салыстырмалы тақырыпқа бара бермейді.

Жинақта орта ғасыр ескерткіштеріне жалпы шолу есебінде берілген. І.Кеңесбаевтың мақаласында орта түркі жазба нұсқаларын жүйелеу және оларды тексеріп танудың басты мақсаттары мен тарихи ролі бейнелі сөз болады. Сол сияқты, ескі түркі ескерткіштерді зерттеп білудің, оны жариялап, жұртқа танытудың тарихын тәптіштеп айтып беруге арналған Р.Сыздықова мен Б.Әбілқасымовтың көлемді мақалалары бар.

Ендігі бір топ мақалалар кейбір ескерткіштердің тілін текстологиялық /Қ.Өмірәлиев, Ғ.Айдаров/, лексикалық /Б.Әбілқасымов, Ә.Құрышжанов/, грамматикалық /Б.Сағындықов, Ә.Ибатов/ жағынан тексереді. Е.Жұбановтың мақаласында ауыз әдебиетінің тілі жайында сөз болады.

Мұнда әңгіме болатын ескерткіштер жазылу тарихы мен таралған территориясы жағынан алып қарағанда әр қилы. Мысалы, Әбілғазы Баһадур хан мен Қосынұлы Жалайыридің еңбектері /Ғ. Айдаров, Б.Әбілқасымов, Р.Сыздықова/ ХҮІІ ғасырда жазылып, Орта Азия мен Еділ бойына, Алтын Орда хандығының батыс аймақтарына мол тараған. Өзінің тілдік ерекшеліктері жағынан олар "Ескі қазақ тілі" деп аталуға тиісті терминнің аясына сиятын секілді.

XIV ғасырда жазылған дәстүрлі жазба әдеби тілдің туындылары "Хусрау уа Ширин" /Ә.Ибатов/ мен "Һибат-ул-хақайық" /Б. Сағындықов/. Мұның алғашқысы Алтын Орда қыпшақтарының тілінде жазылған да, екіншісі шығыс /қарлуқ-ұйғыр/ түріктерінің тілінде жазылған. Атақты "Оғыз-наме" ластаны XII ғасырда туып, XIV ғасырда кең тараған, ол Орта Азия тұрғындарының тілінде айтылып жүрген. "Түрік-араб сөздігі" мәмлүк қыпшақтарының сөйлеу тілінде XIII ғасырда /1245 ж./ жазылған /Б.Флемминг 1343 ж., А.Джафероглу 1246 ж. деп жүр/. Оның ескерткіші V ғасырға жағады, ол - атақты орхон-енисей жазу ескерткіштерінің өкілі.

Ескі заман ескерткіштері қай тұрғыдан алып қаралса да, туркологиялық проблемалардың, қазақ тілінің тарихына қатысты кейбір мәселелердің өзіндік шешіміне үлес қосу үшін зерттеледі. Аталмыш жинақтың айрықша міндеті де осында болмақ.

Редакция алқасы

ОРТА ҒАСЫР ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ ЖАЙЫНДА  
БІРЕР СӨЗ

Бұрыннан аазды-көпті зерттеліп келе жатқан қазақ тілінің тарихы /жалпы халықтық тіл мен әдеби тіл тарихы/ соңғы 31р он шақты жыл ішінде жиі қолға алынып, түбегейлі тексеріле бастады<sup>1</sup>. Жалпы түркі тілдерінің ескі заманғы ескерткіштерін, оның ішінде орта ғасыр жазбаларын, танып-білу басты мақсат еді. "Қазақ ССР тарихының" әр кездегі басылымдарында көне дәуірлердің жәдігерліктері, кейінірек қазақ халқы қураған әр алуан тайпалар мен рулардың рухани өмір тарихымен тізгіндесе қаралып, қазіргі Қазақстан территориясын жайлаған халық, тайпалар одақтарының әлеуметтік-мәдени табыстарының қорына жатқызылып жүр. "Қазақ ССР тарихының" ең соңғы басылымында да осы мәселе өз дәрежесінде лайықты орын алған<sup>2</sup>. Аталмыш еңбектегі тиісті тарауға қосымша ретінде біз орта ғасыр ескерткіштері жайындағы азын-аулақ пікірімізді ортаға салуды жөн көрдік.

Түркі тілдеріндегі бұрынды-соңды жазба ескерткіштері жайлы еңбектердің көбінде-ақ тіл иесі - халықтың ертедегі ру, тайпалардың/ жай-жапсары бірсыпыра сөз болып, бағзы уақыт қайшы пікірлер де кездесіп жүр. Орхон-Енисей жазуларының заманы туралы ертедегі ориенталист түркологтардың бір шоғыр елеулі еңбектері баршаға танымал<sup>3</sup>. Қай елдің болса да, қай кезде болса да тарихи дамуы тұтас бірлікте қаралғаны лажым. Айтарлық дәлел болмаса да, бұл жөнінде кей уақыт сырдаң пікір де бай-

1. Наджип Ә.Н. Изучение истории тюркских языков в Казахстане. - Кітапта: Қазақ тілі мен әдебиеті. Алматы, 1978, 9-шығ., 88-101-б.; Абиіхасимов Б. Исследование истории формирования общенародного и литературного казахского языка. - В кн.: Развитие казахского советского языковедения. Алма-Ата, 1980, с. 99-107; Қурышжанов А. Изучение старотюркских памятников в Казахстане. - Там же, с. 91-98.

2. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней: В 5-ти т. Алма-Ата, 1979, т. 2; раздел 1, гл. 4. Развитие экономики и культуры Казахстана, с. 101-109; там же, раздел 2, гл. 2. Экономика и культура Казахстана в XIV-XI вв., с. 230-233.

3. Бұл жөнінде мына кітаптарды қара: а/ Бернштам А.Н. Социально-экономический строй орхон-енисейских тюрков VI-VIII вв. М.; Л. 1946; б/ Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. М.; 1964. Соңғы еңбекте өте қажетті әдебиет тізімі бар.

қалып қалады. Белгілі бір ертедегі ескерткішті бағзы бір зерттеуші осы күнгі нақтылы тілдердің біріне ғана телуден аулақ емес. Бір кезде кейбіреулер көне заман белгілерінен ат-тонын алып қашудан сау болған жоқ. Сабырлы ой өрісі мен екіленген егестің парқы зор. Творчестволық айтыстың жөні басқа, оның ғылым үшін пайдасын әркім де біледі. Демек, тындырымды ғылыми топшылаудың тетігі фактіге келіп тірелетіні хақ. Логикалық, уәжді болжам болмасын деген қорытынды тумайды.

ҮІ-ҮШ ғасырдағы ескерткіштердің тарихи, теориялық мәні түркологияда /90 жылға таяу/ жан-жақты айтылып келеді; зерттеудің арғы ушар қырқасы мен күні бүгінгі қонар биігі аралығында құнды пікірлер айтылады. Түркі тілдес руникалық жазба мұраның табыла бастаған, ғылым дүниесінің есігін аша бастаған мерзімін еске алсақ, оның үш жүз жылға барары белгілі. Ұзақ уақыт зерттеу майданында өркен жайған ғылымымыздың жемісті нәтижесіне кейбір шетел ғалымдары да ортақ. Олардың есімдері түркологтарға әбден аян. Алайда бұл салада ең биік шыңға шықтық деп ешкім де айта алмайды.

Бұрынды-соңды жазбаларды сөз еткенде жалпы халықтық тіл мен әдеби тілдің ара салмағы көп әңгіме болып жүр. Тіл иесі мәселен "қазақ" деген этноним сөзі де ауық-ауық тілге тиек болып жүр<sup>4</sup>. "Қазақ сөзінің мән-жайы жөнінен хабардар ғалымдармен /Ғабит Мүсірепов, Заки Ахметов, Манаш Қозыбаев/ жеке әңгіме кезінде мына бағдар аңғарылды. Бұл сөздің де, қазақ

4. Елем тарихы, ел-елдің жеке ежелгі тарихын зерттеушілердің еңбектеріне жүгінсек, белгілі бір этностың есімі сол халықтың тарихына тығыз байланысты екенін аңғарамыз. Сонымен барабар бұл екеуінің арасы кей уақыт алшақ, түрлі ұғымға саясы да түсінікті. Қалай десек те, этноним төркініне назар аударудың мәні зор; этногенез мәселесі үшін қонымды пікірдің пайдасы зор. Осы ретте "қазақ" сөзі сөз болғанда қағи берісте елеусіз жүрген бір мәселе бар. Ол мынау: "қазақ" деген ұғым Әбілқасым Фирдоуси шығармасында кездесетінін, хазарлармен шайқасқан Святослав Игоревич жорығындағы "касог" /касог/, кей шығыс тілдеріндегі "қазақ" атты этнонимдер белгілі бір тарихи кезеңді қамтып жатыр. "Шахнамеде" және Святославтың 934-971 жылдардағы жорығында кездесетін "касог" сөзін Түркияның кей тарихшылары арнайы атап жүр. Бұл сөз "қазақ", "қызақ" деуден келіп шықты деушілер де, есте жоқ ескілікте екі элементті /яғни екі этнос/ атауынан құралады деушілер де баршылық; осы сияқты арзан "этимологиядан" гөрі ежелгі жазбанамелердегі /исым. источники/ пікірге аса көңіл бөлгеніміз мақұл. Мәселенің осы қағын, әрине өзге документтерді іздестіре үңіле зерттеу жөн. "Қазақ", "елаш",

этносты туралы жайттарды филолог, тарихшыларымыз арнайы зерттеп, бірінші концепцияға келуі керектігі қажет.

Ө.Фирдоуси шығармасындағы "қазақ" сөзін алғаш рет қозғаған: О.И.Сенковский /1800-1859/, А.Ир.Левшин /1799-1879/, И.Н.Березин /1818-1896/, Ш.Ш.Уәлихановтың /1835-1865/ пікірлерінен мына цитатты көрсете кетуімізді З.Ахметов мақұл болар елі дейді.

"Большая часть русских писателей полагает, что первые казаки произошли или составились у Татар, что у них же родилось название Казак, и от них перешло ко всем отраслям прежде бывших и ныне существующих казаков. Мысль сию, к которой мы уже привыкли, опровергают восточные источники, утверждая, что казаки составляли самостоятельный и независимый народ в отдаленнейших веках нашего летоисчисления. Некоторые даже относят их существование далее Р.Х. Достоверно то, что Фирдеуси, или Фирдуси, живший около 1020 г., т.е. за два столетия до появления монголо-татар на западе, в истории Рустема упоминает о народе казаках и ханах казахских. Из сочинений его и древнейших летописей персидских, которыми он пользовался, известно, что казаки древние, подобно позднейшим, прославили имя свое грабежами и набегами" <sup>5</sup>.

Ш.Ш.Уәлихановтың И.Н.Березинге жазған хаты мына сөзбен аяқталады: "Левшин на основании утверждения нашего знаменитого ориенталиста Сенковского говорит, что Фирдоуси в истории Рустема упоминает о народе казак и о ханах казахских; на стр. 42 Левшин, как видно, приводит слова Сенковского: "Народ сей весьма" и прочее; но странно, где это удалось видеть им народ казак до Чингис-хана и в числе чингисовских племен; по крайней мере, Абулгази, Шайбани-намэ جايغ التارخ для тех периодов

"жуа" ұғымдарының мәзігіл, мекені, этнолингвистикалық мәні айқындалар еді. Сонда, бәлкім, "Алаш, Алаш мыңы деген: ежелгі қазақ тайпаларының ең алғаш қауым болып біріккен одағы, "қазақ" деуден бұрынғы елдің жалпы аты" АСЭ, I т., 247 б./ деген концепцияның беті ашылар еді. "Қазақ" сөзінің төркіні мен тарихы жайында В.В.Бартольд, В.В.Радлов, Г.Вамбери, Б.Асфендияров тәрізді аса көрнекті ыңғыстанушылар және Х.М.Әділгереев, В.Ф.Шахматов, М.Б.Ақынжанов, С.К.Ибрашев т.б. көптеген зерттеушілер пікір айтқан-ды. Өзге тарихи, мәдени деректерді де, нарратив мәліметтерді де ұқыпты іздестіре берген едік.

5. Левшин А. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казацких орд и степей. СПб., 1832, ч. 2, с. 39-40.



не упоминает о казаках, даже не употребляет слова **كازاكي** /казақлықта/, которое употребляется от... и было /в употреблении во время/ Шейбани-хана<sup>6</sup>. Бабар<sup>7</sup> в своих "записках" говорит о хане казак - Арслане, имевшем 400 000 воинов. Любопытен текст этого места из записок этого государя писателя. И нет ли что-нибудь о них в записках Тимура или в его историках?"<sup>8</sup>.

М.Сеидовтің "Азербайжан" атты журналда /1981, № 2, /"Қазақ" сөзінің зерттелуі" деген "Улдуз" атты журналда /1981, №8/ "Алтын жауынгердің ру-этностық тағдыры туралы" деген мақаласы шықты. Осы екі мақаланы есімізге салған - Ә.Т.Қайдаров. Алғашқы мақалала "қазақ" сөзінің этимологиясы сөз болады, әр түрлі пайымдауларға шолу жасалады; кейінгіде Алматы өңірінен табылған "Алтын адам" мәселесі жөнінде Жәбіне К.Әкішевтің 1978 ж. шыққан "Курган Иссык" атты еңбегін құптай бағалап /автор өз пікірін ортаға салады. Осы "Алтын жауынгердегі" руна жазуының кілті табылса, беймәлім қазба қазына жазба қазынаға айналар еді.

М.Сеидов "қазақ" сөзі өзге зерттеушілерге сүйене отырып /Фирдоуси шығармасында этнос мәнде кездесетінін қолдайды. М.Сеидов бірқыдыру басқа тұжырымдарға тоқталады. Қалайда бұл екі проблеманы шешу мерзімі жеткен сияқты.

Халықтық тіл және жазба әдеби тіл мәжесіне арналған мақалалар саны аз емес. Жазба нұсқалардың бұл проблемаға қатысты ерекшеліктері әлі даулы. Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілдік қасиеті жағынан түркологияда үлкен күдік тудырмайды. Ендеше, бұл жөніндегі "икемділік" көрінген жерде "тек біздің еншіміз" деушілік ағаттық болады. Әрине, түркі тілдес халықтарға ортақ асыл мұра екендігі, бірден-бір қасиетті реликвия екендігі, сан рет айтылған-ды. Руниканы жеке "меншік" етуден гөрі оны түбегейлі ғылыми зерттей беруді мақсат ету тиімді. Әлі де болса, қалтарыста қалып қойған мәселелер жоқ емес. Түркологиялық әдебиетте, түркологиялық форумдарда әрқалай мәселелер творчестволық сайысқа түсіп жүр.<sup>9</sup> Руника саласынан негізгі

6. Шейбани-хан-основатель узбекского ханства, сын Шахбадана, внук Абулхазан, ждл в 1451-1510 гг.

7. Бабар /Бабур/ 1483-1530 - потомок Тимура.

8. Залиханов Ч.Ч. Собр. соч. Алма-Ата, 1961, т.1, с. 129.

9. Бұл жерде ескерте кетейін дегенім: тас, т.о. бетіндегі

басты мәселелерге мыналар жатады<sup>10</sup>; көне руникалық жазудың екі жүзге тарта ірілі-уақты түрлерін жүйелі түрде жинақтай келіп, корпусы баспа арқылы шығарылсын: руниканың халықтық, әдеби қасиеті, оның қойнелік функциясы, тарихи өзге жазу жүйелеріне қатысты т.б. жақтары да зерттеле түссін.

Ескі түркі ескерткіштерінің Одақ калемінде зерттелу мәселесі қазір дүние жүзілік түркологияның алдыңғы сапына шығып, табысы мол, үлкен бір салаға айналып отыр. Осы бағытта қол жеткен жетістіктерге жан-жақты шолу жасау бұл мақаланың мақсатына жатпайды. Біз олардың тарихын зерттеуге байланысты бір-екі мәселені ғана әңгімеге арқау етпекшіміз.

Түркі халықтарының тілдерінде жазылған ескі жазба ескерткіштерінің тарихына байланысты орта ғасырды уақыт-мераімі жағынан үш дәуірге бөліп қарауды қолдаймыз.: а/ ертедегі орта ғасыр /раннее средневековье/ – бұл кезде тасқа таңбаланған Орхон-Енисей және Талас ескерткіштері жазылып қалған /У-УІІғ./; б/ нақ орта ғасыр /среднее средневековье/ – бұл дәуірде жазылып қалған мұралар аса көп /ХІ-ХІУ ғ./; в/ бергі орта ғасыр /позднее средневековье/ – бұл кезеңде қазіргі түркі тілдері өзара сараланып, қалыптаса бастаған да, өз бетінше даму арнасына түскен /ХУ-ХУІІ ғ./. Европа үрдісі бойынша "орта ғасыр" ұғымы У-ХУІІ ықшымды қамтиды. Сөйтсе де түркологияда шартты түрде басқа атаулар да қолданылып жүр. Ықшамдап осы үш дәуірді "көне ғасыр", "орта ғасыр", "бергі ғасыр" /"жаңа ғасыр"/ деген дәстүрді қолдану да орынсыз емес.

Зерттеушілер түркі халықтарының әдеби тілін өте ертеде қалыптасқан деп жүр. Орхон-Енисей ескерткіштері барынша жетілген әдеби тілде жазылған деген топшылау бар. Ертедегі түркі тайпаларының дәстүрлі әдеби тілі қазіргі түркі тілдерінің құрылуы мен дамуына тарихи негіз болды, игілікті әсер етті, бірақ ол заман ағымына байланысты әр жерде әр түрлі болмыс, ортаға орай өзгеріп отырды деген пікір әрдайым айтылып жүр.

руникалық әріптердің қайсыбір кез ақиқаттығы шүбә туғызып жүр. Қарқара өңірінен "табылған" дейтін тас жазуының фотокопиясы мен эстампажы шын оригиналға үйлесімді екендігіне үлкен күдік тудырушылар бар. Ондағы дешифровканың оқылуы дұрыс па әлде басқаша ма? Осы мәселенің бетін ашу керек.

Ю. Бернштам А.Н., Кононов А.Н., Баскаков Н.А., Севортян Э.В., Текин Т., Кляшторный С.Г. т.б. тиісті еңбектерін қараңыз.

Руника жазбасы жайында басқаша пайымдау да жоқ емес. Диалектілерден пәк деген пікір де, о баста жалғыз диалект негізінде өрістеді деген де, кене ғасыр кездегі тайпалардың диалектілік қалдығы ғана бар деген де концепция бар. Әдеби тұрғыдан зерттеушілердің қайсыбір түркі руникалық ескерткіштерді ауыз әдебиетінің /соның ішінде батырлық эпос/ үлгісіне жатқызады. Тарихи деректен гөрі ауыз басым жатыр деген байлам да бой көрсетіп жүр. Кене, орта ғасыр жазбалары тұсындағы топоним, этноним саласы, т.б. бірсыпыра проблемалар өз зерттеушілерін күтуде. Қиын да қиық мәселелердің бір ұшы ономастикалық лақапқа, ру, тайпалар есімдеріне ұласып жатыр.

Кене этностардың /мәселен, "үйсін", "қыпшақ", "найман", "алшын" т.б./ жай-күйі, сөз тәркіні енді ғана ірі зерттеудің объектісі бола бастады. Араб және басқа тілдердегі жазбалардың негізінде "қыпшақ /қимақ/" туралы сәтті ғылыми бастаманы<sup>II</sup> барынша қолдау керек. Кей шет ғалымдардың "найман" этнонимі жайында /біреп ежелгі лауазым эпитеттерге сүйене отырып/ айтқан пікірі де, сол сияқты "үйсінге" тән тұжырым да есте болғай еді.

Кене жазбалардың сырын, түр-тұлғасын зерттейтін эпиграфика, палеография пәндерінің түйінді қағидалары ерте ғасыр мураларымен де астасып жатыр. Басқаша айтқанда, ертелі-кеш туындаған әрқилы мураларды тексеру пәні жазба-наме /источниковедение/ мығым қолға алынбай еді. Осы тарапта бізде дәнеңе жоқ демейміз. Дегенмен Қазақ ССР ҒА Тіл білімі институтында түркология және қазақ тіл тарихы бөлімінің басты міндеттеріне осы сала да жатады. Қазақ филологиясының келелі осы саласында Академиямыздың басшылығы ерекше көмек көрсетер деген сенім зор.

Жазба муралардың ауызекі тілге функционал қатысы жоқ деп ешкім айта алмайды. Тәркіні бөлек өзге тілдің аужайына назар аударайықшы. Бұл екеуінің /жазбаша мен ауызшанын/ арасы керемет, мәселен, роман тілдерінде де ішінара бірлестігін өркім-А.Н.Кононовтың "Грамматика языка тюркских рунических памятников" /М., 1980/ атты монографиясы көптеген лингвистикалық мәселелерді шешіп берген.

II. Кумеков Б.Е. Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам. Алма-Ата, 1972, 176 с.

ақ мойындайды. Өр елдің /әсіресе ескі жазба дәстүрі тамырын тереңге жіберген жұрттың/ жазба әдеби тілі мен халықтық тілі дами келе өзара айырым алшемі күшейе түсері хақ. Кейбір романист, германистердің бұл жайлы тұжырым топшылауларына құлақ аспасқа болмайды. Түркі тілдерінің осыған сыбайлас тірлігі бөлекше өрістеді: сол роман тілдері дағдысынан гөрі тіл жуықтығы бір тоға өзгеріп отырды. Түркі тілдес жазба мұралардың қайсыбірін алсақ та, осы екі құбылыс бірі-бірінен /Европа тілдеріне қарағанда/ тым жырақ емес. Түптей келгенде мұның тарихи себебі түркі тілдерінің генеологиялық, морфологиялық ерекше жуықтығында жатыр. Ескерткіштерді еске алғанда тарихи - лингвистикалық процестің осы өзекті жерін ұмытпауымыз لازم. Түркологияға мәлім бұл құбылысты диалектика заңына сай абсолют түрде емес, релятив /относительно/ түрде түсінуіміз керек. Демек, "бір тоға /немесе бірнелкі/" деген ұғым "тепе-теңдікке" апармайды. Олай болса, ауызша /ауызбен/ халықтық тіл мен жазбаша халықтық тілдің ішінара парқы бар. Халықтық тілді /оның ішінде ауызша тілді/ - өке, жазба әдеби тілді - бала делік; екінші біріншінің айны қатесіз эквиваленті емес. Солай бола тұрып, өзара функциональдық қатынасты жоққа шығаруға болмайды.

Жазба ескерткіштердің тіл жатықтығы, түсінік қабілеті сөз болғанда мына нәрсе де ескерілсе: тіл-тілдің өрбу заңына лайық оның социолингвистикалық "таразысы" болады. Қайсыбір тілдерде /мәселен, қытай тілінде/ сөйлеушілердің өзара коммуникативтік түсінік қасиеті бір басқа, түркі тілдерінде /мәселен, қыпшақ тобындағы тілдерде/ екінші басқа. Соңғы топтағы тіл иелері бірі-бірін еркін түсінеді. Осыған қарамастан қазақ, татар, қарықалпақ тілдері қазіргі заманда жеке-дара, ежелден танымал, дербес, даңғайыр ұлт тілдері екені бағыдан белгілі. Ендеше халықтық тіл мен әдеби тілдің ерасалмағын "есте жоқ" ескіден де, айдай айқын бергі заман, осы заман тірлігімен де іздеу ұтымды. Яғни зерттеу процесіміз ретроспекция, перспектива бағыттарымен тығыз ұштасуы қажет. Жазба мұраны тарихи тұрғыдан тануда осы айтылған жай-жапсар есте болғаны мақұл.

Ертедегі әдеби мұраның басы ашық екі арнасы бар: бірі-ауыз әдебиеті, екіншісі - жазба әдебиет. Ауыз әдебиетіміз -



дің тілі таза, оралымшы. Абай, Ыбырайға дейінгі жазба әдебиетіміздің тіл, стиль жағы әр текті. Бұл жөніндегі едәуір түйінді мәселелер қазақ тілі білімінде сәтті зерттеліп келе жатыр. Кейбір айтыс мәселелерге бұл жолы тоқталмаймыз. Кейбір терминологиялық алалықты атаған жән. Жазба әдебиет дегенді екіге бөліп, "ескі жазба әдебиет", "жана жазба әдебиет" /осыған сәйкес "ескі жазба әдеби тіл", "жана жазба әдеби тіл"/ ұғымдары жарыса айтылып жүр. "Кітаби тіл" ұғымын надұрыс деген пікір де бел алып жүр. Ескерткішті талдауға "мағына", "лексикалық мағына" немесе "мән-мағына", "жанр", "стиль", "композиция" тәрізді атаулар бағзы уақыт ала-құла сипатталып жүр. Осыларды унификациялауымыз керек.

Қазіргі әдеби тіліміздің баяғыдан айтылатын үш қайнар көзі /ауызша тіл, ауыз әдебиеті, бұрынғы жазба дәстүр/ проблемасы қазақ тіл білімі аясынан мықтап орын тепті. Осы туралы мына нәрсеге назар аударғмыз келелі. Ең алдымен совет тұсындағы бай да құнарлы әдеби тілдің белгілі үш кәусар көзі тарихи тұрғыдан абсолют бірдей емес. Жазба мұра тілінен гөрі халықтық тілдің, сонымен барабар фольклордың әсері анық аңғарылады /бұл жерде айтпақ болып отырғанымыз тіл ярустарының бірлігі/. Фольклор тілі екі аралықтағы өткел емес. Ауызша тіл және фольклор тілі заманымызға /қазіргі жазба әдебиетке/ қаз-қатар төрт аяғынан тік басып келді. Ауыз әдебиеті ауызша тілді жетегіне ертіп, омыраулап әкелген жоқ. Екеуі де "мен мұңдалап" тізе қоса келді, ауызша тіл "тартыншақ" жасаған жоқ, ауыз әдебиеті "итіншек" мінез көрсеткен жоқ. Әдеби тіл - шындалған, қалыптасқан, өңделген, көркем сөз шеберлерінің талқысынан шығып мүсінденген тіл. /Фольклор туындысының авторы беймәлім болса - дәстүрлі фольклор деп, аты айқын болса, пәлен ақын-жырау шығармасы дейміз: шындап келгенде авторсыз шығарма болмақ емес қой/. Әрине, осы екі арыс қайнар көздің қазіргі әдеби тілге ықпал - әсері әр қилы.

Ал, ертедегі жазба мұраның да /қисса, пастандардың/ әрқалай әсері болғаны мәлім: тілімізге араб, иран сөздері ауысып жатты; "шағатай", т.б. түркі тілдерінің/қайсыбір сөйлем орамы, сөз тұлғасы, аздап болса да семантикалық жаңалық өз шама-шарқына еніп жатты; біркелкі ықпал болған жоқ; "кітаби" атты мұ-

раның қазақ әдеби /жазба/ тіліне ешбір себі тиген жоқ деген қандай қате болса, түгелімен оған негіз болды деген сондай қате.

Қазақ тілі тарихы, қазақ әдеби тіл тарихы, тарихи грамматика, т.б. проблемаларды зерттеуде ескерткіштердің ролі белгілі. Осыларды ойдағыдай шешу үшін ең алдымен сол көне дүниенің типологиясын танып топтастыру басты міндетке жатады. Бұл ретте бірсыпыра қонымды бағдар түркологиялық еңбектерде арнай айтылып жүр. Түркологтардың советтік комитетінде, "Советская түркология" журналында, Алматы /1976/, Ташкентте /1980/ өткен конференцияларда да осыған зор мән берілген-ді.

Ескерткіштерді пайдалануда екі түрлі кемшілік байқалады. Біріншінен, ол мұралардың оғыз, қыпшақ, қарлұқ, т.б. тілдері белгілерін /қандай солғын көрінгенімен/ сарапқа сала таптастыруда олқылық бар. Бұл жөнінде аса бір құнды да ұқыпты талдау жасап, қажетті орта ғасыр мұралары жайлы тың концепция ұсынған ғалымдардан Ә.Н.Нежіп есімін атағанымыз орынды. Бұл кісі "Мұхаббат - наме", "Гулистан", "Хусрау уа Ширин", "Нахдж ал - Фарадж" т.б. ескерткіштердің бетін ашып берді.

Осы күнгі нақтылы тілдің тарихы кез келген ескерткіштен алынған кездейсоқ мысалмен шектелмейді. Жалпы халықтық тілдің оның ярустары тарихын жасау аса күрделі жұмыс: ескерткіштің формальдық көрсеткіштері өзара жүйелі, жиі, өн бойы ұшырауына қарай бірде ана топқа, бірде мына топқа /мысалы, ол - бол, адал -азақ-аяқ; етістіктің дүр түрі, к.ж. - лар кейпі; септік жалғаудың дауыстыдан-дауыссыздан басталуына, т.б./ қарап классификация жасаймыз ғой. Айырма белгілер бір шығармада аралас келген күйде саралап талдау қажет екендігі айтылып жүр. Ескерткіште некен-саяқ ұшырайтын құбылыс пен өн бойы байқалар жүйенің парқы бар. Осы айтылған сырт көрініс /мысалы, қосымшалар категориясы жүйелі, дағдылы болса, стиль, жанр ретімен айқын болса/ туындылар тиісті классификациядан өз орнын таппақ.

Түркологияда медиевистика заманына жататын жазба мирастардың әрдайым зерттеліп жүргені мәлім. Солардың бірқатарын санап өтелік<sup>12</sup>.

12. Тиісті деректі байлам-бағдарды және библиографиялық шолуды мына еңбектерден аңғаруға болады: Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России /дооктябрьский период/. Л.,

XI-XII ғасырларда қарлұқ-ұйғыр тілдерінің негізінде жасалған әдеби тіл кең қолданылған да, ол Қашқар өлкесін жайлаған халықтардың арасына, Қарақан әулетінің билеген аймағына мол тараған. Ол тілде Юсуф Баласағунидің "Қытадғу білік", Махмуд Қашқаридің "Диван лұғат-ит түрік", Әдиб Ахмедтің "Һибат-ул һақа лқ" сияқты шығармаларымен бірге әр алуан төфеирлер /мысалы, "Асхабу-л Каһр"/ жазылған<sup>13</sup>. Орта Азия халықтарының тілінде жазылған мынадай ескерткіштер сақталып қалған: "Му' ину-л мурид", "Нахдж-ал ферадис", "Кисса-ул-анбил" /Рабғузи/, "Ша-жара-и теракима" /Абул-ғазы Баһадур/, "Жавахиру-л асрар", "Миф-таху-л'адл", "Миражнаме", т.б.<sup>14</sup>. Бұлар жер жағдайы мен әлеуметтік-мәдени орталықтарына қарай кейде "Хорезм ескерткіштері" деп те аталады. Қыпшақ тайпалары мен руларының тілінде, олардың одақтары үстемдік еткен әлкелерде жазылып қалған жөдігерліктер де көп. Олар әкімгершілік және мәдени орталықтарына орай "Алтын орда" ескерткіштері, "Мәмлүк ескерткіштері" делініп те жүр. Бұл топқа "Хусрау уа Шириң" /Қунып/, "Мухаббатнаме" /Хорезми/, "Гулистан бит-турки" /С.Сарайи/ тәрізді көркем әдебиет туындылары жатады. Өйгілі "Кодекс Куманикус" жазбасын, белгілі хан жарлықтарын да осылардың санатына қосуға болады. Мәмлүк қыпшақтарының тілінде жазылған деп мынадай ескерткіштер аталып жүр: "Терджуман түркі ве араби", "Ал-анвар ал-Мудия /Аледдин Билік ал - Қыпшақи/ "Аттухфат аздакия", "Булғат ал-муштақ" /Жамаладдин Абу-Мухаммед Абдаллаһ ат-Түрки/,

- 1972, 271 с.; Бескаков Н.А. Түркские языки. М., 1960, 243 с.; Щербак А.М. Грамматический очерк языка туркских текстов X-XIII вв. из восточного Туркестана. М.; Л., 201 с.; Наджиб Ә.Н. Түрко-язычный памятник XIV в. "Гулистан" Сейф Сарайи и его язык. Алма-Ата, 1975, ч.1.209, с;ч.2.300 с. Әдебиетші ғалымдарымыз ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті /XIII-XIX ғ./ совет әдебиеті туралы мейлінше құнды теориялық еңбектер берді. Сол үздік табыстардың бірі үш томдық алты кітап /"Қазақ әдебиетінің тарихы". Алматы, 1960-1967. Жалпы редакциясын басқарғандар: Әуезов М., Қаратаев М., Жұмалиев Қ., Дүйсенбаев М./.. Ал, Қазақстан лингвистерінің сұрының жөдігерліктер жайындағы еңбектерін Ш.Ш.Сарыбаевтың "Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіштерін" табуға болады. Қайдаров А. Ұйғырский язык и литература. Аннотированный библиографический указатель. Алма-Ата, 1962, т.1, 302 с.; Сәбитов Н. Қазақ совет әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші /1917-1946/. Алматы, 1950, 132б.
13. Das karakanidische. Von M.Mansur oğlu. - In: "Philologine Turcicae Fundamenta". T.1. Wiesbaden, 1963, S.87-89.
- 14: Das schwarzamtürkische von I.Schmann. Сонда, II3-II7-6.

"Аш-Шахих мин дуррат ал-мудия", "Китаб алидрак Ли-лисар ал-атрак" /Абу-Хайян/, "Китаб ал-аф' ал", "Заһр-мулк фи нахв ат-турік", "Ад-дурра ал-мудия фил-луғат ат-туркия", "Ал-Каванин ал-куллия ли-дабт ал-уға ат-туркия", "Аш-Шудур ад-дахабия ва-л-кита ал-ахмадия фи-л-луғат ат-туркия"<sup>15</sup>.

Мынадай бір іліктес жағдайды еске ұстаған жөн: зерттеушілердің пікіріне қарағанда, мәмлүк ескерткіштерінің негізгі зерттеу объектісі сол кездегі қыпшақ тайпаларының тілі болған. Қыпшақ тілін оқып үйрену барысында қосымша материал есебінде оғыз тайпаларының, соның ішінде түрікмен руларының тілінен де тиісті материалдар келтіріп отырған. Осыған қарап, бір есептен оларды "қыпшақ-оғыз тілдерінің ескерткіші" деуден гөрі "қыпшақ тілінің ескерткіштері" деп таныған жөн сияқты. Армян қыпшақтарының тілінде жазылған түрлі жазбаларды да зерттеушілер осы топқа жатқызып жүр<sup>16</sup>. "Шағатай" тілінде жазылған шығармалардың қатарында "Шейбанинаме", "Калила мен Димна", "Бабуринаме" іспеттес туындыларды атауға болады<sup>17</sup>. Науаи дәуірінде жазылып қалған /XV ғ./ муралар да едәуір. Олардың тізіміне Саккаки, Хайдар, Хорезми, Лутфи, Юсуф амири, Сейид Ахмет Мерва, Гадаи, Йақини, Атайи, А.Науаи, Х.Байқара, Хамида, Мухаммед Салық, Увайди, Мираа Махди, т.б. ақын-жазушылар мен бір алуан филологтардың /сөздік жасаушылардың т.б./ еңбектерін енгізу орынды болар деп ойлаймыз.

XIII-XIV ғасырдағы тарихи мәліметтерге байланысты әдеби нұсқалар, көбіне, иран және араб тілдерінде жазылған. Бірқыдыру авторлардың пікірі бойынша солардың ішінде Орта Азия, Қазақстан өңірінде жазылған тарихи шығармалардың бірі - Абу-л-Фазл ибн Мухаммед Джамал Қаршидің "Мулхакат ас-Сурах" /"ас Сурах" сөздігіне қосымша/ атты еңбегі. Джамал Қарши-алмалықта туған адам. Ол XIV ғасырдың басында ал - Джаухаридің арабша сөздігін парсы тілінен аударған. Сөйтіп сөздіктің соңына сол кездегі белгілі ғалымдар мен алмалық, Қашқар, Хотан, Ходжент, Ферғана, Шаш /Ташкент/, Баркент /Берчынылғанканд/, Дженд сияқты қалалар жөнінде қосымша мәлімет берген.

15. Das kiptshakische von O.Pritsak. - Бұл да сонда, 74-76-б.

16. Сонда, 81-82-б.

17. Das kiptshakische von I.Eckmann. - Бұл да сонда, 138-143-б.

Ссы айтылған пікірлер жайында қазақ ғалымдарының /әдебиетші, тілші, тарихшыларының/ еңбектерін еске ала кеткен жөн<sup>18</sup>.

Бір кезде Орхон, Енисей өзендерінің алқабын, Батыс Гүн мемлекетінің ұланғайыр территориясын, Орталық Азияның батыс алабын, Шығыс Түркістан өлкесін жайлаған түркі халықтарының өзіне лайық жетіле түскен, мол тараған әдеби тілі болды. Қауымға таралу шегіне, қолданылу аясы мен айтылу ерекшелігіне қарай бірсыпыра өзгерістерге түсті. Бағзы уақыт әр түрлі бағытта дамыды. Халықтар мен ру-тайпалар үстемдігі және әр түрлі қатқабат тіршілік тауқыметі, мәдени орталықтар, экономикалық қатынастарға шарпуын тигізді. Өндіргіш күш сиқы да, басқа да экстралингвистикалық факторлар сол дәстүрлі жазба әдеби тіліне ерқалай ықпал етті.

Тіліміздің қалыптасу дәуірі тіл иесі - халықтың тарихи жолы қоғамның күрделі әлеуметтік ситуациясына да байланысты. Құын-қастау ағымға төтеп беріп өрістеген тілдің де өзіне хас заң-қағидалары айқын болды. Қыпшақ тілдерімен /кей уақыт басқатармен де/ ауыс-түйіс қатынаста бола тұрып өз алдына отау тіккен қазақ тілінің өзіндік бағыт-бағдары, өзіндік өркендеу жолдары болды.

XIII-XIV ғасырда монғолдардың жаулап алған шөлқар аймағында монғол тілі қарым-қатынас құралы дәрежесіне жете алмады. Саяси әлеумет үстемдігі монғол тілі үстемдігіне апара алмады. "Ат төбеліндей" ел билеуші шапқыншылардың тілі /биология тілімен айтқанда "автохтандардың" ықпелы /жергілікті қыпшақ, оғыз, қарлұқ тілдеріне /автохтандардың қасиетіне/ тай-талас келе алмады. Түркі тілдері берік-бекем сақталды да, жарлық, шартнаме

18. Айдаров Г., Құрышжанов Ә., Томанов М. Ескі жазба түркі ескерткіштерінің тілі. Алматы, 1971, 5-76, 191-272-б.; Балақаев М., Құрышжанов Ә. Қазақ әдеби тілі. - Қазақ Совет Энциклопедиясы. Алматы, 1975, 233-234-б.; Құрышжанов А. Язык старокыпчакских письменных памятников XIII-XIV вв. Автореф. дис... докт. филол. наук. М., 1973, с. 13-15; Наджип Ә. И. Изучение истории тюркских языков в Казахстане. - Қазақ тілі мен әдебиеті. Алматы, 1978, 9-шығуы, 88-101-б.; Құрышжанов А. Изучение старотюркских памятников в Казахстане. - В кн.: Развитие казахского советского языкознания. Алма-ата, 1980, с. 91-98; Ысқақов А. Ы. Алтынсарин және қазақтың ұлттық әдеби тілі. - Кітапта: Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. Алматы, 1981, 28-39 а.; Құрышжанов Ә., Ибатов А. Ескі түркі жазба ескерткіштері жайында. - Кітапта: Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. Алматы, 1981, 97-125-б.



сияқты әкімшілік, т.б. іс қағаздары сол ертеден бар тұрғылықты тайпалардың тілінде жазылып қалыптасты.

С.Е.Маловтың айтуынша, Орталық Азия, Орта Азия және Қазақстан жерінде нақтылы тілдердің даму процесі өз шама-шарқынша бел алды. Бұл кезде /XIII-XIV ғ./ түркі әдеби тілінің өткінші дәуірі бой көрсетіп еді. Тілдердің диалектілік негіздері саралана бастап еді: шығыс түркі диалектісі орнына батыс түркі диалектісі бел ала бастады. Бұл - аталмыш кезеңде анық аңғарылып еді<sup>19</sup>.

Сөйтіп, монғол тілінің өріс алуына кедергі болудың бір сыры тұрғын /абориген/ тайпалар тілінің күш-құдіретінде жатыр; қарым-қатыс қабілеті басым, етене ана тіл басқанын үстемдігіне көнген жоқ-ты. Керісінше, өзгені өз ырқына көндіру процесі еріксіз келді. Бұл дәуірде қарлұқ-ұйғыр, ұйғыр-оғыз, қыпшақ-оғыз диалектілері дараланып, біршама қалыптасқан да еді. Монғол тілінің "биігіне" көнбеудің бас себебі осында жатыр<sup>20</sup>.

XV ғасырда татар, азербайжан, ескі өзбек, қазақ, түріктерімен, түркі әдеби тілдерінің қанқасы қалана бастады, бертін келе тайпа тілдері белгілі бір халық тіліне ұйтқы болып, негізін құрды.

Монғолдар ежелгі тұрғын қыпшақтарға "ижемделді". Содан кейін Алтын Орда атырабында қыпшақ тілі жалпыға бірдей ортақ тіл болды. Ғасырлар бойы қыпшақтардың бөлек тайпалармен де байланысы болды. Сондықтан қоспасыз "таза" тіл жоқ. Алтын Орданың ыдырау кезеңінде, XIV-XV ғасырларда, қыпшақ-ноғай деп аталатын тіллік топтама да /подгруппа/ белгі берді. Ол кейіннен қазақ, ноғай, қарақалпақ, т.б. халықтық тілдерге бөлініп, қазіргі ұлттық тілдердің шыңдалуына негізгі тірек болды.

XIII-XIV ғасырда Алтын Орда мен мәмлүктік Мысырда /Египетте/ қыпшақ тілінде жазылған көптеген әдеби шығармалар пайда болды. Солардың бірі - Дешт-и қыпшақ тіліндегі /1245 жыл/ авторы белгісіз "Түркі-араб сөздігі". Бұл ескерткіш куман тілінде жазылған "Кодекс куманикуске" /XIII-XIV ғ./ көп жуық. Сол мез-

19. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М.; Л., 1951. 121 с.

20. Щербак А.М. Грамматика староузбекского языка. М.; Л., 1962. 223 с.; Боровков А.К. Лексика среднеазиатского тюркского языка XI-XIII вв. М., 1963. 8 с.

гілде Алтын Орда аймағында қыпшақ тілін үйреніп білу салтқа айнала бастап еді. Осы мұқтажшы өтеуден келіп, жоғарыда аталған Абу Хайяның, Жамаладдин ет-Туркидің еңбектері және т.б. сөздіктер пайда болды. Ал мәмлүктік Египетте түркі тілдерін тану да іштей дағдыға айналып еді. Қыпшақ пен оғыз тілдерінен білім-білік аясын кеңейту үшін араб филологтарының грамматикалық зерттеулері мен өзге де шығармалары аса құнды еді. Египет пен Алтын Орда аймағындағы қыпшақ-оғыз тіліндегі ескерткіштерді /ірілі-уақты айырым белгілерлі/ салыстыра зерттеу қажеті өзінен-өзі түсінікті. Қазіргі нақтылы әдеби тілдеріміздің бірсыпыра сырын ашарлық ескерткіштер күдік келтірмейді. Жоғарыда көрсетілгендей бұларды типтеп, талғам таразысынан өткізу мақұл.

XIII-XIV ғасырда қазіргі Қазақстанды жайлаған түркі халықтарының әдеби, мәдени басты мекенін жете білу абзал. Осы ретте Сырдарияның төменгі жағалауындағы қалалардың мәні зор. Бұл кезеңде қыпшақ даласындағы түркі әдебиеті саяқ дамыған жоқ. Еділ бойының да, Алтын Орда, Қырым, Астрахань, Ноғай хандықтарының да мәдени орталықтары ерекше әсер етті. Мәселен, "Мухаббат-намені" алайық. Жошы ұлысының шығыс атырабында өмір сүрген Раванди Хорезмидің осы туындысы XIV ғасырда дүниеге келді. Бұл ескерткіштің араб және ұйғыр жазуымен жазылған нұсқалары<sup>21</sup> ұқыпты зерттелді. Түркология әлеміне әбден танымыл тіллік сипаты осыған сыбайлас мыналарды атауға болады: Сейф Сарайидың "Гулистаны"<sup>22</sup>, Құтыптың "Хусрау уа Ширин" дастаны<sup>23</sup>. Бұл екеуі де көлемді кенеулі шығарма.

Бұл сияқты ескерткіштер өзінен бұрынғы жазба мұраларға сарындас: стиль ретінен еліктеушілік, архаизм сөздерді жиі қолдану сияқты дағды аңғарылады; диалектілік ала-құлалық та ұшырайды. Негізгі арқауы, әрине, жергілікті халықтар тілінің материалдары еді. Сөйтсе де, олар бұрыннан келе жатқан дәстүрлі жазба әдеби тілдің арнасына түсті. Бұл көркем туындылар

21. Шербак А.М. Огуз-наме, Мухаббат-наме, -3 кн.: Памятники древнетюркской и старобухарской письменности. М., 1959, с. 11-170; Хорезмий Мухаббат-наме/Мәд. текста, транскр.перевод и иссл. Ә.Н.Наджиба/. М., 1961. 320 с.

22. Наджип Ә.Н. Түркоязычный памятник XIV века "Гулистан" Сейфа Сарая и его язык. Алма-Ата, 1975, ч. I. 209 с.

23. Моватов А. Құтыптың "Хусрау уа Ширин" поэмасының сөздігі. Алматы, 1974. 278 б.

Алтын Орда тұрғындарының өзіндік ерекшелігі бар әдеби тілінде жазылған деп бағдарлауға болатын сияқты. Бір ескертер жағдайы: Алтын Орда территориясының кейбір өңірі /оңтүстік-шығыс жиектері/ біраз Хорезм хандығымен ресми байланыста болды. Бірақ бұл байланыс сол аймақта тұратын халықтардың этнолингвистикалық, мәдени өміріне пәлендей өзгеріс ендіре алған жоқ деген де пікір бар; Хорезм ықпалы бұл жөнде үлкен белең алып еді деген де топшылау жоқ емес. Аталмыш мұралардың осы іспеттес факторларына тән кейбір зерттеу әлі де керек-ақ. Алтын Орда жерінде үстемшік еткен қыпшақ тайпаларының тілі осы еңбектерден өзіне лайықты орын тауып отырды.

Осы жерде лингвистикада үнемі айтылып жүрген келелі бір пікірді пысықтағамыз келеді. Үнділе зерттеудің барынша маңызды бір тірегі - зерттеу методикасы. Тіл-қоғамдық қубылыс. Демек, ол - тарихи дүние. Тіл шетсіз-шексіз емес. Солай бола тұра, халықтық /тайпалық/ жазбасыз тіл тұрмақ, жазба әдеби тіліміздің ұшар ұясы әлі де даулы. Жазба мұраларды үзілді-кесілді тану жолында қиын да қызық міндеттер бар. Көзіміз жетпеген, танып-білмеген нәрседен келіп, зерттеу ісінен бас тартпақ, қате болар еді. Ғылымдағы әдіс-тәсілдер маркстік-лениндік методологияға ойысты. Тіл туралы ғылымның әр салалы методтары өз алпына бір шоғыр мәселе. Тестабаны берік методтар айқын фактілерден туындайды. Сол күдіксіз қолға ұстар, тарихи кепіл болар материал болмағандықтан арғы "ата-баба" тілінің /праязық немесе язык-основа/ аужайын білдік дей алмаймыз ғой. Факт болмаған жерде, әрине, методтың халі де мүшкіл. Күні бүгінгі филология аясы түркі тілдерінің арғы төркінін табу дәрежесіне жеткен жоқ. Ол түгіл "тайпа тілдері" атты ұғымның түркологияда өрмек жүзі аулы деуге болмайды. Қазақ халқы құрамында қыпшақ, дулат, қоңырат т.б. ірі ру немесе тайпалар болғаны ақиқат. Олардың тіл ерекшелігін білмей тұрып, "Ер Сайын" алшын тілінде, "Ер Көкше" - керей, "Алпамыс" - қоңырат, "Орхон-Талас" жәдігерлігі - дулат... тілдерінде таралған дей аламыз ба? Олай деуге әзірше дәлел жоқ. Айғақ болар жол іздеп, дерек, дәлелді тірнектеп жинау қажеттігі өзінен-өзі түсінікті. Осыған сай дәстүрлі /тарихи салыстырма, компаративистика/ методтарымен барабар жана туындаған тәсілдерді /өзге ел ғалымдарының да лайықты-ау деген туспал-болжамынан қашпай/ жетік білу



абзал. Көне, жаңа мураларды тексеруде лингвист пен әдебиетшінің, тарихшы мен этнографтың бірлесе ізденер шаруасы аз емес. Сонымен бара-бар бөле-жара зерттеуде жеңе бар. Осы сияқты проблема, өзге де координация мәселелері арнай талданса, орынды болар еді. Орыс және басқа ел ғалымдары мұны мықтап қолға алды. "Білмегенінді үлкен кісіден сұра, ол болмаса кісіден сұра" деп, өзгенің табысынан да хабарлар болу әбден оңды. Жазбанамелерді тексерудің де бір ұшы әдіс-тәсілге тірелері шек келтірмейді. Пайдалы соны жол оп-оңай туа қоймайды. Әрдайым талқырлыққа талпыну әмбөнің борышы екені белгілі. Қазіргі дүние жүзілік лингвистикада әр қырынан ойыса, әр саққа жүгірте қолданылып жүрген тәсілдер аз емес / бұлардың даулысы да, даусызы да бар/. Тұтас бір тіл ғана емес, белгілі бір ескерткіш қана емес, жеке-дара сөйлем жүйесі, сөз тіркесі, т.б. әр қилы ғылыми тезге түсе талқыланып жүр. Осының қонымдыларын сарқа пайдаланып, мүмкін қатарына жаңа жол ашу деген де мақсат болу керек.

Бір қайнауы жетпей жатқан тағы бір шикілігімізді атап кету керек: өзгені былай қойып, текстология техникасын алсақ, әлі де біркелкілік байқалмайды; көнерген жазудың /арабша, көне ұйғырша, т.б./ транслитерациясына селқос қарап жүрміз; ал дыбыс, фонеманың дәл баламасын берер бірыңғай фонетикалық транскрипция түркологияда атаусыз қалып жүр.

Тарихи тұрғы жөнінде де жол-жөнекей бір ауыз сөз бар. Шын мәндегі историзмді бұрмалаудан түгелдей арылдық деуге болмайды. Тарихи деректі мұра мен ауыз әдебиетіндегі аңыз /легенда/ дегенді бір қалыпқа құюға болмайтынын әркім-ақ біледі. Соған қарамастан ертедегі ауыз әдебиеті үлгілерінен тарихи деректі оп-оңай олжа етуге ұмтылу жоқ емес. Ауыз әдебиеті тарихи оқиғаларды жанамалап, долбарлап көрсетуін кей уақыт ұмытып кетеміз. Тіл фактілері өздігінен тарихи хронологияға бағына бермейтінін естен шығарамыз. Белгілі бір туындыны /мысалы, эпосты/ нақтылы тарихи белеске жатқызудың лингвистикалық дәлелі әлі де болса өз зерттеушісін күтуде. Ол түгіл мейлінше құнды деген /жазылу дәуірі тайға таңба басқандай айқын/ Орхон-Енисей жазбалары түркі қағанаттарының сыр-сипатын, жаугершілік шайқасын түгел көрсете алмайы.

Көне түркі қағанатының екі ұдай /Шығыс, Батыс қағанаттары

болып ыдырауы/ саяси және өзара шапқыншылық саясаттан туғаны күдік келтірмейді. Ішкі, сыртқы бүліншілікті, хан жаугерлігін "халық бостандығы" етіп, қой аузынан шөп алмас елдің "қозғалысы" етіп көрсету-байыбына бармай айтылған топшылау, Біздің қайсы бір зерттеушілеріміз /оларды конъюнктура немесе пессимизмге жорта бой ұрды деу қиын/ тез, пышақ кесті тұжырым жасаудан аулақ емес. Хан мен қарашыны, заң мен заманды толық, жете айтып, барын бар, жоғын жоқ деп, түйіп сөйле дейміз. Сонымен барабар ескерткіштің тілін байсалды таны дейміз. Құрғақ социологизмге ұрыну - ғылымға кедік.

Ғалымдарымыздың ауыз әдебиеті хақындағы тағы бір ой-өрісін қайталайық. XIII-XV ғасырларда ауыз әдебиеті молыға дамығаны белгілі. Жыраулар /жалпылап айтқанда/ әр қыры мен көзге түседі. Олар /әдебиетшілеріміздің пайымдауынша/ негізінде, екі түрлі жайтты жырлаған: бірі - дидактикалық шығармалар да, екіншісі - жеке адам-кейіпкерлердің істері мен қиық-мінезіне арналған туындылар<sup>24</sup>. Ауыз әдебиетінің бұл дәстүрі сол кезден біздің заманымызға дейін әйгілі жырау әрі музыкант, талай әуендер мен өлеңдердің иелерін тудырды. Олар Қорқыт, Сыпыра жырау тәрізді ұлы адамдарды ылып келді. Әлем түркологиясында Қорқыт, Оғызға байланысты еңбектер - бірқадір. Жошы ханның тұсында Тоқтамыс пен Темірдің ұрыс-таластары жайында да түрлі хикаялар жырланды. Осы жерде "Едіге" туралы айта кетер бір ауыз сөз бар. Тоқтамыс, Темір, Едігенің өзара қақтығыстары, Россияға және басқа атраптарға қарсы олардың шабуылдары, шапқыншылық, жаугерлігі едәуір тарихшы, әдебиетшілердің еңбектерінде орынды айтылған-ды<sup>25</sup>.

Шоқан /одан бұрын әкесі Шыңғыс/ жазып алған нұсқаны орыс түркологиясының негізін салушылардың бірі П.М.Мелиоранский жариялағаны әмбеге аян. Соның тіл материалы хақында П.М.Мелиоранскийдің түсіндірмесі бар: Шоқанның орысша тәржімесі басқа вариантқа негізделсе керек деген және жырда ноғай ерекшелігі

24. История казахской литературы. Дореволюционная казахская литература. Алма-Ата, 1979, т.2. 382 с.

25. Кейбір текстуралдық деректі мына еңбектен алуға болады: Ш.Ш.Уәлиханов, Г.Н.Потанин, П.М.Мелиоранский, тағы басқа көптеген Отан зерттеушілерінің әр қилы тұжырымдары бар. Шетел кісілерінің де пікірлері жоқ емес. Әр алуан әдебиеттің ішінен мына 2-3 еңбекті атасақ та болады: Мелиоранский П.М. Сказание об Едигее и Тоқтамыше. СПб., 1905. 30 с. Орлов А.С. Казахский

басым деген де ой айтылған. Соңғы мәселе жөнінде Ә.Х.Марғұлан-ның ескертуі бар<sup>Х</sup>. Осылардың аужайын лингвистикалық тұрғыдан тәптіштей түссе дейміз.

Осы кезеңде Дешт-и - қыпшақтарда Асан Қайғы /XV ғ./, Қазтуған /XVI ғ./ - көпке белгілі ақын, жыраулар өмір сүргені белгілі. Зерттеушілеріміз бұл екеуінің де, жоғарыда аталған мұралардың да әдеби ролін айқындап берді.

Асан Қайғы Жәнібек ханның тұсында, Жырғалан өзені өңірінде өмір сүрген деседі. Оның толғаулары ел билеушілердің парасатына, тұрлаусыздығы, халық тағдыры сарынында айтылған. Шоқан Уәлиханов оны: "халықтың есінде оақталған атақты көшпелі философ"<sup>26</sup>, - деп атауы - әділ баға.

Асан Қайғының елең сазы, лексикалық шалымына қарағанда, бертінгі заманда да халық қоспасы жамалып отырған. Демек, өз көркемдігі шыңдала түсіп, Асан Қайғы ел мұңын, "жер ұйық" мекен қамын бас нысана еткен. Асан қайғы бағам уақыт келешектен үміт үзе, сарнай жортады деген байлам болмауға тиісті. "Біәдің заманның адамы болып жырламадың" демейміз. Шешен, тілмардың тіліне ден қоя тексеру, әрине, қажет. Әдебиетші зерттеушілер мұны дұрыс пайымдаған.

Қазтуғанның жырларынан ата мекенге деген сүйіспеншілік анық аңғарылады. Әдебиетшілер жырау айтпақ ойын батырлық бейнеде сипаттайтынын көрсетеді.

Басқа да жырау, ақындардың да, әмбеге аян "Қобыланды" мәселесі - үлкен арна. Бұл - дербес проблема. Мұның сыр-сипатын ашу үшін мейлінше жүйелі көп деректің басын құрау керек. Ең алдымен өзге тілдерге жапсарлас этнолингвистикалық бағыттардың беті белгіленуі шарт. Қазақ халқы құрамына енген /қаңлы, үйсін, қыпшақ, найман, аргын, алшын т.б./ ежелгі тайпалардың тарихы, мәдениеті жайлы қосымша мәлімет жинау керек.

героический эпос. М.; Л., 1945; Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. Алма-Ата, 1968, т.4. 777 с. Под.ред. А.Х.Марғұлана; Жирмунский В.М. П.М.Мелиоранский и изучение эпоса. Едигей. Тюркологический сборник. М., 1973, с.141-185; Самойлович А.Н. Вариант сказания о Идигее и Токтамыше, записанный Н.Хакимовым. - Тюркологический сборник: М., 1973, с.186-211.

<sup>Х</sup>Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. Алма-Ата, 1968, т.4, с. 732-733.  
26. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. Алма-Ата, 1961, т.1, 358 с.

"Тарихи грамматика", "тарихи фонетика", "тарихи лексикология", "этимологиялық сөздіктің" бұл ретте маңызы зор. "Қазақ тілі тарихы", "қазақ әдеби тіл тарихы" ұғымының экстралингвистикалық шеңберінде өзіндік ерекшелігі, дербестігі бар. Жазба ескерткіштердің қыр-сырын жан-жақты білмейінше, олар өздігінен бүгінгі дәрежеде халық тілі тарихын ашуға әддісі келмейді. Әдеби тіліміздің тарихы - бір сөрі, Түркологияда "көне қыпшақ /әдеби/ тілі", қазақ тіл білімінде "көне қазақ әдеби тілі" деген беталысты әбден орынды деп табамыз. Жазба әдебиетіміздің, жазба әдеби тіліміздің өткен замандағы беталыс бағдарын біліп тану - Қазақстан филологтарының абыройлы борышы. Дәл осы жерде ескерер бір жайт: мәдениеті мәшһүр бірқыдыру Шығыс, Батыс шаһарларындағы мол архив, бай кітапханаларды аударып қарап, ақтара тексергей едік/.

Фольклор мен жазба дағды туралы тағы бір ауыз сөз бар. Мәдени мұрамыздан стиль жағынан ауыз әдебиетіне де, жазба нормаға да селбесер ортақ туынды да кеадесіп отырады. Қаймағы шайқалмай жазба арқылы жарияланған ауыз әдебиет нұсқасын, әрине, басқа үйірге ешкім де қоспайды. Осы күнгі ауыз әдебиетінің өрбу, өркендеу заңдылығына назар аударсақ, молыққан жазба әдебиетінің оған тигізген ықпалы шан білдіріп қалады. Дәл осы жағдай байырғы фольклорда елес бере ме, жоқ па, - бұл арнайы зерттеуді керек етеді. Шығыс тілдерінен ауыз-түйіс келген кей мәдени ескерткішті алайық. Мысалы, "Ләйлі-Мәжнүн", "Мың бір түн" арқауы көне Шығыстың ауыз әдебиеті екені даусыз. Солай бола тұра, бұл саладан жазба әдебиет белгілері қылаң беріп отырады. Әуел баста ауызша айтылған "Ләйлі-Мәжнүн" атты ғажайып мұраны Низами /ХІІ/ өңделген, жетілген жазба әдеби асыл өрнекке айналдырды. Осы тектес мирас түркі тілдес халықтарынан да табылады. Есімі белгілі жырау, ақындардың бір парасы түгелімен бір өңкей фольклор үлгісімен жырлаған жоқ: аласы да, құласы да болып, олардың өзіндік сөз ұстарту тәсілдері болды. "Шағын" жанр деп аталатын мақал, мәтелді, фразеологизмді көркем сөз иесі - жырау өз талғамынша қолланады. Кейбір ақын, жыраудың поэтикалық тіл, стиль талғамынан жазба дәстүрдің /"кітаби тілдің"/ әсері елес беріп отырады. Солардың лингвистикалық себеп-салдары /парадигматика, синтагматикалық құбылысы, семантикалық заңдары/ зерттеу ауқымынан тыс қалмағай елі.

Жоғарыда түркі тілдерінің өзара коммуникатив жұқтығы өзелпен өзгеше педік. Ал, нақтылы бір тілдің /мәселен, қазақ тілінің/ шыңдалған жазба әдебиеті мен ауыз әдебиетіндегі көрінісі неде? Тіл ярустарының қызметі әрдайым осы екеуінде бірдей ме? Әлде әдебиет тану тұрғысынан беті ашылған критерийлердің түп етегінен ұстаймыз ба? Әдебиетшілердің бұл екеуі - екі жанр, екеуі екі метод, екеуі - екі дүниетаным дегенін қанағат етеміз бе?<sup>27</sup> Тіл орамы ретінен лингвистер қауымының тың еңбегі қажеттігі өзінен-өзі түсінікті.

Ауызша мұраның /мысалы, батырлық эпостың/ түрлі вариант, версиялары ұшырап отыруы - белгілі құбылыс. Соның бір сыры вербальдық қасиетте жатыр. Ауызекі халық тілінің соған селбесер диалекталь өзгерістерінің саядары, біздің ойымызша, осы ерекшелікке де саяды. Жазба нұсқада бұл сияқты жарыспалы дүние сирек кездеседі<sup>28</sup>.

Қазақ фольклористикасында да қонымды теориялық бағдар баршылық. Соңғы кезде тәуір еңбектер кітапхана сөресіне түсе бастады<sup>29</sup>.

Тек діни немесе тарихи аңыз-әңгімелер түрінде жазылған жазбаларды да ретінше пайдалана білуіміз ұтымды. Мәселен, "Хикмет", "Соғы Алдияр", "Нахлж ал-Ферадис", "Бадуале", "Қиссас ул-анбия" сияқтылардың діни мистикалық рухын мінеп-сынай отырып, бірсыпыра тіл фактілеріне назар аударғаймыз.

Ұлан байтақ Дешт-и-қыпшақ өлкесіндегі ақын-жыраулар тілін сөз еткенде мына нәрсе есте болса пейміз. Ілкі бастан ақынға төн сөз тігісі, сөйлеу әлпеті бір қалыпта өзгерусіз қалды деу-

27. Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы. М., 1979. 378 с. Аты мәшһүр осы ғалымның бұдан өзге де жылпы мұра атаулыға қатысты біраз пікірі бар. Фольклор және жазба дәстүрінің бірі-біріне ойысар жағы мен айырым белгілері соңғы 20-30 жыл бойы нақты зерттелуде. С.Е.Никитинаның "Устная народная культура как лингвистический объект". - Известия АН СССР. Серия литературы и языка. М., 1982, №5, с.420-429/ деген мақаласына көңіл бөліңіз.

28. Жоғарыда аталған С.Е.Никитина мақаласында осы жайында тәуір пікір бар. Ең соңғы жылдары шыққан дәстүрлі ауызекі мұраның жаңа заманға ұласар жақтары мына екі кітапта арнай талданды: Р.Бердібаев. Қазақ эпосы. Алматы, 1982, 238 б.; М.Дүйсенов, К.Сейдаханов, С.Негимов. Халық ақындарының творчествосының керкемдік сипаты. Алматы, 1982, 248 б.

29. Бердібаев Р. Қазақ тарихи жырларының мәселелері. Алматы, 1979, 240 б.; Қазақ фольклорының типологиясы. Ред.Р.Бердібаев. Алматы, 1981, 308 б.; Ақжанов Е. Эпос тілінің өрнектері. Алматы, 1979, 184 б.



ге болмайды. Халық тілі заңдылығы жағынан ертедегі ақын, жырау шығармасының кейінгі сол тектес мұралардан пәлендей айырма жоқ. Бірен-саран ұшырар поэтикалық стиль, өлең өлшемі т.б. ерекшелік - лингвистикалық шешімін табуы тиіс. Томаға-тұйық дүние жоқ. Іргелес елден, мәдениеті бір саты жоғары тұрған өзге ат-раптан ауысқан рухани қазына жоқ емес. Ендеше, алыс, жуық тілдердің де көрініс бағдарын танып білуіміз қажет.

Әпос жанрын мәрдымды зерттеушілер бірде типологиялық параллель, бірде ықпал-әсер, бірде генетикалық туыстық, бірде басқа жұрттан ауысу сияқты таным-тәсілдерін негіз етіп жүр. Бұл проблема, түптеп келгенде, бір қырынан тіл дүниесіне де қатысты. Әдебиетші мен лингвистің қоян-қолтық, ынтымақтаса істер осы тәріяді басқа да келелі міндеттері бар.

Керекті проблемалардың бірі - шежіре тілі. Жалпы шежіре мәні жайында орыс ориенталистерінің ертеде айтқандары көптен белгілі. Шежіре туралы бірсыпыра мәлімет "Қазақ Совет Энциклопедиясында" /12 т., 231-232б./ айтылған. Осында "Шежіре" авторлары да, мәні де сөз болған. Бұған қосарымыз жоқ. Қадырғали Жалайыридің /1530-1605/ "Жамиғат тауарих" атты еңбегі орынды аталып жүр<sup>30</sup>. Иран, түркі т.б. тілдердегі алуан түрлі генеалогиялық фактілердің өзі ғана емес, ол туралы пікірлер сұрып-тала талданса дейміз. Иран тілінде жазылған Рашид ад-диннің /1247-1318/ түркі-монғол шежіресі, Мұхаммед Хайдар Дулатидің /1499-1551/ "Тарихи Рашиди "Жаһиннамасы", Әбілғазының "Шежіре-и-түрік", "Шежіре-и тарихима" деген кітаптарынан быстап<sup>31</sup> қазақ тілінде генеалогиялық үлкен шолу жасалса дейміз. Бертіндегі жазбанамелер арнайы топтастырылса, қыпшақ тілдеріндегі қыруар нұсқалардың беті ашылса дейміз. Қазақ халқы құрамы, хандықтары өз алдына талдануы жөн. Бұл ретте жазылған материалдар /оган кітапхана, архивтердегі қолжазбаларды қоссақ/ аңғары кең. Этноним, антропоним, топоним т.б. өзге мәселелерді анықтауға бұлардың көп себі тимек.

30. Қордабаев Т. Тарихи синтаксис мәселелері /XV-XVIII ғасырлар материалдары бойынша/. Алматы, 1964, 244-б. Сыздықова Р.Т. Қадырғали Жалайыридің "Жамиғат тауарих" атты шежіресі тілінің зерттелу жайы. - Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Тіл - әдебиет сериясы, 1979, № 1, 1-9-б.

31. Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и население казахов. Алма-Ата, 1968, с. 238.



Шежірені түбегейлі зерттеу ісінен кенже қалдық. Сонғы уақыт орысша бір-екі еңбек шықты<sup>32</sup>. Тиісті институттарымыз шежіре мәселесінен күдер үзді ме, әзірге жылы жауып қойды. Бұған қынжылмасқа болмайды. Үлкен монографияға, текстUAL материалға интеллигенция ділгір-ақ. Шежірелердің ең болмағанда шағын-өрнек-кескінін /корпусын/ жасаудың толғағы жеткен сияқты. Тарихшыларымыз бұған мұрындық болмайынша береке шықпайды. Ескі сенім - наным, діни ұғымын, әсері бар шежірелерге сын көзімен қарау екі бастың белгілі: "адамата, Хауанадан бастай келіп, Саһабаның аты едік, ата-бабамыз араб еді" деген жалған уағыздан іргеміз аулақ болары түсінікті.

Жалпы жазба ескерткіштер қақында пысықтай айтар ой мынау: ғылым игілігі үшін ең алдымен қажетті деген түп нұсқаларды жиі-жиі баспа жүзінде жариялап отыру көкейтесті мәселе. Кең тынысты қазақ филологиясының "бісімдасы" осыдан басталуы керектігін ілімі қауым жақсы біледі. Филология ғылымы күреп алар шаш етек фактілер болған жерде ғана дамымақ. Бұл жоғарыда айтылған текстология проблемасына келіп тіреледі. Марқайған мәдениеті бар елдердің осы жөніндегі іс тәжірибесі екінің біріне танық. Қазақ әдебиетшілерінің ертедегі рухани мұра үлгілерін /мүмкін болған жерде толайым барлығын/ ауық-ауық баспа жүзінде шығаруын барынша қуаттаймыз. Осы іс баянды болғай еді. Игілікті бастаманы<sup>33</sup> әрі қарай жалғастыра келіп, академиялық басылымдарды ұқыпты қолға алу керек. Бұл мәселе арнайы бөлек талқылануға тиісті. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар индексі<sup>34</sup> атты еңбегі - мейлінше пайдалы жұмыс.

<sup>32</sup> Кононов А.Н. Родословная туркмен. Соч. Абу-л-Гази-хана Хивинского. М.; Л., 1953. 192 с.; Иванов С.Н. Родословное древо турк Абу-л-Гази-хана. Грамматический язык. Ташкент, 1969, с. 200.

<sup>33</sup> Үш ғасыр жырлайды. Алматы, 1956, 429 б. /Құрастырушы Б.Дүйсенбаев/. Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы. Алматы, 1967, 310 б. /Құрастырушылар: Кенжебаев Б., Сүйіншәлиев Х., Жолдасбеков М., Мағауин М., Сыдықов Қ./; Керуғлы. Алматы, 1973, 220 б. /Редколлегия мүшелері: Рабдуллин М., Гүмарова М., Нұрмағанбетова О., Сейітов С., жауапты редактор Шәріпов Ә./; Ғауық-наме. Алматы, 1976, 470 б. Шығарушылар алқасы: Марғұлан Ә., Рабдуллин М., Дүйсенбаев М., Сүбханбердина Ү., Жиенбаев С.

<sup>34</sup> Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. Т.1, 352 б.; Т.2, 253 б.; Т.3, 220 б. Алматы, 1975. /Ред. М.Ғ.Рабдуллин, З.Ахметов; Редколлегия мүшелері: Б.Әсқақов, Т.Ахметов, М.Гүмарова.

Жұртшылығымызға аян белгілі ақиқатты тағы бір қайталайық. Жазба дәстүріміздің құзаар биігі – бүгінгі заман. Сол шыңға шығар жол әр тарапты еді. Данғыл сүре жол емес, сүрен соқпақ жол еді. Жазба болғанымен жазу қағидасы шын мәнінде солғын еді. Арабшаның бұрылыс-бұлтаны көп еді: бір әріпті оқырман он екі саққа жүгіртіп, нобайлап, ежіктеп оқыр еді. Қадім оқуы дәуірлеген ертерек уақта шынайы таза тілімізде кітап шығару тым қиын еді. Қазық тілінде жазылған еңбек баспадан шықпастан бұрын көбіне-көп сол дүйім елге "ортақ" ереже аясында болуы шарт еді /Н.И.Ильминский осыған тоқайлас бір фактіні келтіреді/. Сөйтіп, бығзы уақыт төтеннен келер "субъектив" себеп те орын тепкен-ді.

Профессиялық жазба әдебиеттің солғын дамуының басы екі түрлі себебі баршаға мәлім: Біріншіден, халық тіліне сай жазу төрт аяғынан ақсады. Ертелі-кеш жазба дүниесінен бұқара халық еріксіз қалыс болды. Сауатшылық ат төбеліндей азын-аулақ қана қауымның еншісіне тиді. Екіншіден, жоқтан бар игі деп, дүйім жұртқа "ортақ" деп ескі жазуға көніктік.

Қалайда, мұра атаулыдан кенже едік деуге әсте болмайды. Әзелден белгілі жазунамеден ауызға ілінер көбіне-көп өлең арнасы /бұл жерде таза ана тілдегі жазба "жиһаздарын" айтып отырмыз/. Бұрынғы кез өлең сөздің төрден орын тебуінің екі себебі бар: біріншіден, сүтпен еніп, сүйекке сіңген қырасөзге деген жазба дағды осыл еді; екіншіден, өлең түрдегі жанрдың эмоционалдық әшекейі, айшықтары айқын, көпшілік қауымның тансық етер дүниесі еді.

Ауызша, жазбаша туындылардың филологиялық қасиеттерін зерттеуде мәшһүр ғалым М.О.Әуезовтің мына сөзін келтіргіміз келеді.

"Дау-дүдәмелі көп ақындар, ескерткіштер-қазақ әдебиеті тарихы көлемінде ХҮШ ғасырдың, ХІХ ғасырдың және ХХ ғасыр басының мұралары. Бұл дәуірлер ескерткіштері жөнінде мықты ұсталатын жүйелік, ғылымдық, тарихтық негізді бір ғана жол бар. Ол, ең алдымен, бірыңғай ағымды жоюға арналған және әдебиеттану ғылымында маркстік-лениндік ғылымға толық тура келетін тарихтық-диалектикалық негізді қолдану. Бұл үшін тексерілетін ақындарды бір-бірімен салғастыра, біріне-бірін қарсы қоя талдау мақұл. Сол арқылы кертартпа ақындардың көп сыр-сипатын аша тексеру қажет болады. Мысалы, Шоқан мұраларын тексергенде Шортан-

байды сол Шоқан айтқан пікірлердің қарсы, ерсі жағы ретінде кертартпа қараңғы фон есебінде алу керек. Шоқанның: Бұхардан, Қазаннан оқыған молдасымақтар қазақ халқының сыншыл сау сана-сын шырғамауға, бұзуға айналды дегені түгелімен сол Шортанбай жырында тұрған жоқ па? Сол сияқты Дулат мұрасын тексергенде, оны анағұдай алтынсарин шығармаларына қарсы, кертартпа сырларын аша тексеруге болады.

Абайды зерттегенде Мұрат шығармасын қарсы қойып, салғастыра отырып, бар қос-қыртысын, қайшылығын, ерсілігін түгел ашуға болады"<sup>35</sup>.

Мақаламызда ескерткіштерді зерттеу тарихын да, оларға толық сипаттама беруді де мақсат етпедік. Біздің нысанамыз бөлек: мұраларды тану процесінде ойға оралған онтайлы-ау деген кей пікірлерді ортаға салу еді.

Біз ертедегі ескерткіштердің кейбірін ғана атадық. Бұлар идея жағынан да, мерзім жағынан да, тіл ұстарту жағынан да қилы-қилы. Кеменгер В.И.Ленин тарихи өткен өмірдің ақиқат шындығына сүйене отырып, бір мәдениет ауқымында екі түрлі мәдениет болатынын арнай айтқан-ды.

Бір мәдениет ішінде екі мәдениет болды деген тұтас ұлттық мәдениет дегенге қайшы келмейді. Өйткені таптық айырма жалпы ұлтқа тән тіл т.б. қайсыбір ерекшелікті жоққа шығармайды. Басқаша айтқанда екі мәдениет дегенді ленинше дұрыс түсінетін болсақ, ол "ұлт" ұғымына да, "ұлт мәдениет" ұғымына да нұқсан келтірмейді. Демек, мәдениет пен идеология өзара мығым байланыста бола тұра, бұл екеуін абсолют синоним десек, қите болар еді. Сондықтан, "қазақ мәдениеті", "Қазақ ұлты", "қазақ тілі ескерткіші" деген бырлыққа паш мүлтіксіз терминдерді, әлбетте, ешкім мансуқ етпейді.

Жоғарыда аталмыш үш қайнар көз /ауызша тіл, ауыз әдебиеті, жазба жәдігерлік/ қазіргі жазба әдебиет тіліміздің бейне бір ұшар қанаты еді.

Орта ғасырда қазақ халқының жазба дәстүрі болғанын бәріміз де құптаймыз. Өткен өмірдің қиын тауқыметінен жазба дәстүріміз туыстас түркі тілдерімен астасып жатты. Бұл - көне жазба әдеби

35. Әуезов М.О. Қорытынды сөз. - Кітапта: Әдеби мұра және оны зерттеу. Алматы, 1961, 355-б.

тіліміздің нышаны ғана емес, айқын көрінісі еді. Шынайы таза жазба тіліміз Абайға тетелес заманда туды. Абай, Мырғай осы өрлеудің бас деңгейінде тұрды. Бұл – жана жазба әдеби тіліміздің көрінісі ғана емес, айдан анық болмағы еді.

Совет заманы осы әдеби тіліміздің қанатын қайырылтып, асылын алып, асқар шыңға шығарды. Баршаға белгілі ұлы прогреске қол жетті. Жазба тіл ұйтқысы – көркем сөз бағынша дамыды. Лексика байлығы кеңінен өрістеді. Грамматика, фонетика қағидалары жетіле түсті. Ең өзекті сала – әрқалай стильдік тәсіл тамырын тереңге жіберді: нақыш-айшыққа безенді, тіліміздің елеуметтік аясы кеңейіп, жан-жақты екшеле түсті.

Өз өмір кілтін бұраған халқымыз жазба құдіретін де, жазушы дарынын да еркін ұлғайтты. Ана тіл – халқымыздың қалт етпес, қатынас құралы ғана емес, ой-сананың, сезім талғамының, ілім-білім ағысының ұлттық зор белесіне айналды. Д.А.Қонаев: "Советтік Қазақстан мәдениетінің ілгері қарай құлшына ұмтылған аттанысы алымды, шарықтай биікке самғауы шалымды болды"<sup>36</sup>, – дей келіп, республикамыздың тарихи алуан түрлі табыстарын ерекше алып, терең талдады. Сол таңғажайып сан салалы жетістіктердің баспасөз тарауынан жалғыз ғана бір фактіні келтірелікші: "1913 жылы Қазақстанда жалпы тиражы 4 мың дана болып не бары 13-ақ түрлі кітап шығарылған болса, қазірде олардың тиражы 1913 жылғы дәрежеден 126 еседен астам артық"<sup>37</sup>.

Орта ғасырлар түгіл, XIX ғасырда ескі Қазақстанның бірде-бір кітап баспасы жоқ, бірде-бір журналы жоқ еді. "Түркстан уәлаяты газеті" /1870-1882/ мен "Дала уәлаяты газеті" /1888-1902/ атты бірер мерзімді басылымды есептемегенде, бұл іспеттес дүниеден құр алақан едік қой. Октябрьден бұрын қазақша туындылар аздап басқа шаһарларда /Қазан, Уфа, Ташкент, Петербург, Орынбор, Тройцк, т.б./ шыққаны мәлім. Сондықтан да белгілі бір қазақ жазушысының "Қазақ даласына мәдениет ұшығы Қазан қаласынан да келді" деген нақыл сөзінің жаны бар.

Өзат техниканы сарқа игерген сандаған баспахана, баспа орындары /олардың қатарында ірі арсенал-радио, телевизия/ қазіргі күн республикамызда мыңдаған кітап, жүздеген газет, ондаған журнал шығарады. Осы заманымыздың ғаламат цивилизациясын мақ-

36. Қонаев Д.А. Советтік Қазақстан. Алматы, 1980, 185-б.

37. Бұл да сонда, 239-б.

таныш ете отырып, өткенді де білу - халық талабы екендігін естен шығармауымыз керек. Демек, ертедегіні жыға танымай тұрып, бүгінгінің қадір-қасиетін толық біле алмаймыз. Кенелген филологиямыздың кейбір кенеусіз, шешілмеген жақтарын үңіле зерттеу - бәріміздің абыройлы борышымыз.

Жалпы мұра атаулы өздігінен бөлек жатқан, іргесін аулақ салған дүние емес қой. Оны танып-білуде еріккеннің ермегі емес. Ауызша, жазба қазынаны толық игеру жалаң, құрғақ мақсаттан туындамайды. Әлеуметтік талап-тілек, мұқтажбен аста-сып жатады. Демек, халқымыздың өзіндік елдік санасын, рухани қасиетін айқындай түсер ерекшеліктен келіп шығады. Халықтық тіл тарихының да, әдеби тіл тарихының да қоғамның даму жолдарын білуде мәні орасан зор. Тіліміздің өзге тілдермен ортақ заңдылығын, оның өзіне ғана тән ішкі айырым белгілерін білсек, халық тарихын тануға да жол ашамыз. Мәдени, әдеби, тілдік мәні зор бұл ескерткіштер проблематикасын тарих таразысына салып, көзден түгелдеп өткізудің тетігі комплексті түрде зерттеуде жатыр. Әдеби тіл тарихы филологияның дербес саласы болсын десек, үздіксіз іздену машығына ден қоюымыз керек. Бұл іс көптің көмегіне ділгер. Бүгінгі асқақ рухани өмірдің тілек-талабы өткенді толассыз зерттеу ісімен де ұштасып жатыр.

Ауызша, жазба мұраның тілдік сыр-сипатын толық танудың тетігі сабырлы, түбегейлі зерттеуде жатыр. Бұл жөнінде бұрын-соңды әрнешік қажетті мирасты, жоғарыда айтқанымыздай, халқадарша баспа жүзінде жариялап, ғылым игілігіне айналдыру керек. Текстология жұмысы қаз-қатар істелуі керек. Тіл білімі институтының түркология және тіл тарихы бөлімінің осы орайдағы бағыт-бағдарын дұрыс деп есептейміз. Өткенді білуге бүгінгіні зерттеу кесел бола алмайды. Керісінше, пайдалы көненің көзін ашу қазіргіге бөгет бола алмайды. Соны факт, тың топшылау болған жерде лингвистикалық ізденудің ірі мен уағы болмайды. Бұл майдандағы сайын ғалымдарымыз дайым жемісті еңбектер санын көбейтіп, сапасын шыңдай беруіне көміл сеземіз.



Р.Сыздықова

ҚАДЫРҒАЛИ ЖАЛАЙИРИДЫҢ "ЖАМИ' АТ-ТАУАРИХ"  
АТТЫ ШЫҒАРМАСЫНЫҢ ТІЛІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ  
ТІРКЕСТЕР

XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың ең алғашқы жылдарында жазылған /1602 ж. тамамдалған/ түркі ескерткіштерінің бірі - жалайыр Қадырғали Қосымұлы /бір қолжазбада: Қадр' али бек бин Хошум бек, екіншісінде: Қадр' али би бин Хосум би/ қолынан шыққан тарихи шығарма "Жами' ат-тауарих"<sup>1</sup> /"Шежірелер жинағы"/ екені мәлім. Өткен ғасыр мен үстіміздегі ғасырдың 20-шы жылдарын былай қойғанда, соңғы 15-20 жылдың ішінде бұл ескерткішке қатты көңіл бөлініп, оның авторы, жазылу тарихы, мазмұны, тілі жөнінде елеулі зерттеулер жүргізілді<sup>1</sup>. Мұның тарих үшін өте құнды материал болуымен қатар, түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі тарихын танып-білуде де баға жетпес ескерткіш екеніне жұртшылықтың көзі жетті. Біз бұл шағын мақалада осы "Шежіренің" тілінде кездесетін тұрақты тіркестерді ғана сөз етпейміз.

Қадырғали шежіреші өз шығармасында тұрақты сөз тіркестерін, оның ішінде фразеологизмдерді - идиом мен фразаларды - едәуір мол қолданған. Фразеология категориясын арнайы зерттеушілер бұл элементтердің ғылыми және қоғамдық-публицистикалық әдебиеттен гөрі, көркем әдебиет, поэзия тілінде көбірек жумсалатынын айтады<sup>2</sup>. Ал біз сөз етіп отырған "Шежіре" - тарихты

<sup>1</sup> Бұл шығармада бұдан ары қарай "Шежіре" деген атпен аталады.

1. Маргулан А. Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова. - Валиханов Ч.Ч. Собр. соч.: в 5-ти томах. Алма-Ата, 1961, т. I, с. 92. Комментарий к сочинениям Ч. Валиханова. - Там же, с. 645-652; Мамсанов С.А. Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. Алма-Ата, 1966. 322 с.; Жунисбеков Қ. Қадырғали Жалайри. - В кн.: Великие ученые Средней Азии и Казахстана. Алма-Ата, 1966. 238 с.; Жиреншин Ә. Қазақ кітаптарының тарихынан. Алматы, 1971, 180 б.; Усманов М.А. Татарские исторические источники XVII-XVIII вв. Казань, 1972. 223 с.; Қордабаев Т.Р. Тарихи синтаксис мәселелері. Алматы, 1964; Қордабаев Т.Р., Томапов М. Тарихи грамматика мәселелері. Алматы, 1975, 175 б.; Сыздықова Р. Қадырғали Жалайридің "Жами' ат-тауарих" атты шежіреші тілінің зерттелу жайы. - Қазақ ССР ҒА-ның Хбәрлары. Тіл-әдебиет сериясы, 1979, №1, 1-9 б.; Хисамиева З.А. Язык дастанов Қадыр-Ғалибека. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Уфа, 1980, с. 20.

2. Кенесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977, 602 б.



баяндайтын шығарма, яғни өз заманындағы ғылыми әдебиеттің үлгісі. Демек, автор стильдік жағынан осы әдебиетке тән сөз қолданыс тенденциясын ұстанған. Дегенмен көркем жанрдан өзгелерінде фразеологизмдер орын алмайды деп ешкім де айта алмайды. Оның үстіне біздің авторымыз "Шежіресінің" кіріспе жағындағы Борис Годуновқа арнаған сөзінде қызыл тілді шешендерше толғап кетеді, шығыс әдебиетіне тән мадақтау дәстүрін сақтап, бейнелей, теней, әсірелей жазады. "Шежіренің" Борис Годуновқа арнаған мадақ сөзі бөлігін /3-7 беттер/<sup>3</sup> осы ескерткішті зерттеуші ғалымдар "көркемдігі мен түрі жағынан тамаша жазылған шығарма" деп табады /М.Усманов/.

Бұл "Мазақ сөзде" шежіре авторы өз "қолтаңбасын" танытады, әдеби-көркемдеу дәстүрінің қай үлгісін ұстанғандығын көрсетеді. Бұл жерде Қадырғали қазақ шешендерінше сөйлеп береді. Қазақтың шешендік сөздеріне тән белгілердің бірі эвфония /аллитерация мен ассонанс тәсілдері/ мен параллелизм сияқтылар болса, олар шежіренің Борис Годуновқа арналған бөлімінде молынан орын алған. Мысалы, айналасы алты хан, төгүрәгі төрт хан /3,8<sup>4</sup>/ деген тіркес аллитерация /т-т/ мен ассонансқа /а-а/ құрылған. Бұл жердегі алты мен төрт сан есімдері номинативтік мағыналарынан айырылып, дыбыстық үйлесім үшін /төгүрәгі төрт, айналасы алты/ алынғандығы көрініп тұр. Бұларды қазақша айрандай аптап, күбідей күптөп, ай дер ажа, қой дер қожа дегендермен салыстырыңыз. Текстегі осы тәсілмен құрылған ойда орыс, қырда татар немесе тағда туман, қырда черкес, ойда ештек /3,13/, кечә кетіп, күндүз болғусы /6-10/, ала барғаһ ақ ордан /7,9/, дүйһанын төрт бурчы /3,9/ деген тіркестер де қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерінде кездесетін ойда орыс, қырда қазақ, алты қанат ақ орда сияқты фразеологизмдерге өте ұқсас келеді. Шежіре тіліндегі осы тәрізді үйлесімді-ұйқасымшы конструкциялар бірден көзге түседі. Кейбір зерттеушілер Жалайыри тілінде қазақтың мақал-мәтелдері көптеп кездеседі дегенде<sup>5</sup>, сірә, осылар

3. Осы жерде және әрі қарай келтірілген мысалдар мен көрсетілген беттер "Жами' ат-тауарихтың" 1854 жылғы басылымы: "Библиотека восточных историков, издаваемая И.Березиным, проф. Казанского университета. Т.2, часть 1. Сборник летописей. Татарский текст с русским предисловием. Казань - бойынша алынды.

4. Бұл жердегі екінші шифр кітап бетінің жолын көрсетеді.

5. Масанов С.А. Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. Алма-Ата, 1980, с. 26.

тәрізді фразеологизмдерді айтқан болар, әйтпесе 171 беттік шығарма текстінде бір-ақ жерде кездесетін "Еділ тоңса, кім кеч-мес, Едіге өлсе, кім бармас" деген бір ғана мақалдан басқа мақал жоқ. Оның есесіне мұнда жоғарыда көрсеткеніміздей, қазақ тілінде күні бүгінге дейін қолданылатын фразеологиялық тіркестер аз емес.

Сонымен қатар біздің шежірешіміз қазақтың шешендік сөз саптау өнеріне тән келесі бір тәсіл - жұптасып келген параллель элементтерді еркін қолданған. Мысалы, ойан хан, бойан хан /4, 1/, қыш уа йаз, ай уа йыл /3, 11/, йыл ашасун, йүз йашасун /3, 18/, достуна дост болуп, душманына душман болуп /4, 9/ дегендер демеулікті, демеуліксіз құрылған сөз немесе тіркес параллельдері.

"Барис ханға" арнаған мадақ сөзі композициялық құрылымы жағынан-үйқасты ырақты ақ өлеңге немесе толғауларға ұқсайды: белгілі бір сөздер немесе тіркестер рефрен ретінде қайталап келіп отырады да, тексті бірыңғай бөліктерге айырып тұрады. Мысалы, мына бір үзікке назар аударталық: "Жүмләт аль-крис-ти-ан падшаһ хазратлары Барис Федурауц улуг бек ақ хан дүр...: айналасы алты хан, төгүрәгі төрт хан: дүнианың төрт бурчын биләген хан; халайқын'адллік білен сурған хан; йәтім ләр гә рахим қылып, чығай лар ны тойдурған хан; қыш уа йаз, ай уа йыл хазина да бар малын хақ йолында ихсан қылған хан; йеті иқлим көшур ны алған хан; тахт Қазан, тахт Хажы тар хан, тахт Тура, тахт Сарайчық мүслүм хан; тағда туман, қырда черкес, ойда ештек - барча тасрағында хан, мажар, бачқыр, рум уелайаты /на/ барыш-келіш қылған хан; йахшы атың чабылса білен чабылқага дегөч чыққан хан..." /3, 6-15/. Қысқасы, әрі қарай осылайша құрылған және екі-үш жол текст кетеді. Бұл кіріспенің бірыңғай болып келген әрбір бөлігі хан сөзін рефрен етіп әсем құрылған. Бұл жерде қазақ жырауларының қайталама сөздермен келген толғауларын салыстырыңыз:

Балпаң-балпаң басқан күн,  
Бай ұлынан өскан күн,  
Ормамбет би өлген күн,  
Жез қарғылы құба арлан  
Жетіп түлкі ала алмай,  
Қорашыл төбет болған күн.

Оң қанатын теріс соғып,  
Лашын құс қу ала алмай қалған күн...<sup>6</sup>

Екінші бір мысал. Осы бөлімнің біраз жері "пәленнен / мұрад ол турур" / "пәлен болатын себебі сол" / деп басталатын периодтардың немесе синтаксистік тұтастықтардан құрылған: Ниһайатсыз ханлар, султанлар куллуқ қылдырғандың мұрад ол турур, кім төрт йақта төрт ханның йуртын алып, өзіне масхур қылдурды..., тағ дын мұрад ол турур, кім сәнің тахтыңны тағға мисәл қылдылар... халқ дын мұрад ол турур, кім... / әрі қарай осылайша кете береді/. Мұнда да санамаланып келген біркелкі конструкциялар шығарма тіліне белгілі бір стильдік ең беріп тұр.

Шежіредегі тұрақты тіркестерлі грамматикалық құрылысына қарай етістік және есім тіркестер деп екіге бөліп қарауға болады. Есім фразеологизмдердің ішінен ең алдымен тұрақты элементтермен келгендерін атаймыз. Мысалы, ақ хан. Қадырғали тарихшы осы тіркеспен орыс патшасы Борис Годуновты атайды; ақ орда, бұл тіркес "хан ордасы, бас әміршінің тұрақты мекені" дегенді білдіреді. Осы тіркестердегі ақ сын есінде түсті білдіретін негізгі мағынасы жоқ. Түркі тілдерінде / сондай-ақ өзге тілдерде де / ақ сөзі қара сөзіне қарама-қарсы қойылып, "ең жағымды, ең тәуір" деген ауыспалы мәнде жұмсалады. Бұған қазіргі қазақ тіліндегі ақ көңіл / ең адал көңіл /, ақ бата, ақ жол / әділ жол /, ақ жауын / ұзақ жауын /, ақ неке, ақ тілеу, т.т. дегендер дәлел бола алады. Біздіңше, Қадырғали тарихшының ақ орда, ақ патша дегендеріндегі ақ эпитеті қазақ тілінен келтірілген мысалдардағы ақ сөзімен қызметтес, мәндес түседі.

"Жами'ат-тау'рих"та" кездесетін йеті иқлим кашур / "жан жақ" /, аш арслан тек / "аш арыстандай", яғни "айбатты" /, төрт тарап, темір қадақ, йахшы ат / "данқ" /, раст көңүлі, йаман көңүл, ахта ат, татлы ет / "адам денесі" мағынасында /, төрт хан, алты хан, іші ару / "адал көңілді" / деген тіркестер де тура мағынасынан айырылған тұрақты эпитетпен келгендер. Бұл көрсетілген фразеологизмдердің бірқатары қазақ тілінде барлар: жақсы ат / "данқ" /, аш арыстандай, ақ орда, төрт тарап, темір қазық, таңы ет / таңы етіме ашы таяқ тиді /.

6. Ертедегі әдебиет нұсқалары. Алматы, 1967, 115-б.

Есім тіркестердің бір парасы күрделі атаулар болып келеді: туар қара /"ірі мал"/, күн туғыш /"күншығыс"/, күн көзі, ер оғул /"ер бала"/, оғлының оғлы /"немере"/, қыз қарындаш /"қарындас"/, йер йүзі, көңүл йүзі /"ойы, ниеті"/, ата йурты /"ұлысы"/. Термин-атау болып келетін күрделі сөздерді де осындай тіркестердің қатарында қарау керек, олар: он бегі /"он кісінің басшысы"/, йүз бегі /"йүз кісінің билеушісі"/, мың бегі, мың ағасы /"мыңның әміршісі"/, түмен бегі /"он мың кісінің әміршісі"/, чора ағасы /"хан күзетшілерінің басшысы"/, алач мыны, алтын ханым /"ханша"/, хан оғлы /"оғлан, орысша "царевич"/. Бұлардың қатарында шаһар олтуруш лық, сахарарада олтуруш лық, китабсыз қаум деген тіркестер өзіне назар аудартады. Үшеуі де термин ретінде қолданылған: алғашқысы "отырықшылық", екіншісі "көшпелілік", үшіншісі "жабайы мәдениетті", яғни құран, енжіл, тәурат сияқты кітаптары жоқ түркі тайпалары /ақуам атрак/ дегенді білдіреді. Сол сияқты меркіт сүңәклік, керейт сүңгәклі дегендер де терминдік сипаты бар тіркестер. Бұлар қазақ тіліндегі сүйегі найман, сүйегі алшын деген сияқты сөз қолданыстарға сай түседі. Бұл тіркестерді фраза немесе идиом деп қарамай, бір мағына беретін күрделі сөз, яғни лексикаланған тіркестер деп таныған жөн.

Белгілі бір ұғымды екі /кейде үш-төрт/ сөздің тіркесімен білдіру орта ғасырлардағы түркі әдеби тілдерінің де грамматикасындағы өнімді тәсілдердің бірі болған. Бұған жоғарғы мысалдар дәлел бола алады. Орта ғасыр жазбаларында сөз мағынасын айқындай, дәлелдей түсу керек болған сәттерде де осы тәсілге иек артқан. Мысалы, бұларда оғул сөзінің "біреудің баласы" деген мәнде емес, "ұл бала" мағынасында қолданылып тұрғанын дәлелдегісі келгенде, автор ер оғул тіркесіне жүгінеді, сондай-ақ қарындаш сөзі мұнла "туыс, рулас, ағайын" ұғымында да келетіндіктен, оның "ер адамның жасы кішіәйел жынысты туысы" мағынасындағы қолданысын қыз қарындаш деп айқындайды. Қадырғали үшін парсының набира сөзімен қатар, "немере" мағынасын беру үшін оғлының оғлы тіркесі де қолайлы, айқын көрінеді.

Фонетикалық немесе морфологиялық жағынан деформацияға ұшыраған тіркестер /яғни біріккен сөздер/ - біз зерттеп отырған дәуірде өте сирек, тіпті жоққа тән құбылыс. Біздің шежіремізде өте ерте замандарда бірігіп, кіріккен бүгін /бұл+күн/, әкет

/алып+кет/, әкел /алып+кел/ сияқты сөздер де ұшыраспайды. Текстегі лексикаланған тіркес компоненттерінің барлығы да бір-бірінен бөлек жабылған.

Орта ғасырлық кейбір түркі ескерткіштерінің тілінде мағыналас сөздерді қатар қолдану тәсілі едәуір орын алған. Мысалы, қара у көзсіз /"соқыр"/, ортақ еш /"дос"/, еш дуст /"дос"/, қамуғ йумғ /"барлық"/ т.б. Бұлар әсіресе XI–XIV ғасырлардағы аударма әдебиетте /мысалы, ортаазиялық тәфсир сияқтыларда/ жиі қолданылған<sup>7</sup>. Ал Жалайыри тілінде бұл тәсіл кемпе-кем ұшырасады: хукімі йарлығы білен /120,15/, атқычыл мерген /39,17/, бисйар үкүш /16,9/. Мұның себебі, біздіңше, мынада тәрізді. Орта ғасыр жазбаларында мағыналары бір-біріне тепе-тең немесе жуық келетін сөздерді қатарынан тіркестіре қолданушылық бір сөздің мән-мағынасын екінші сөзбен түсіндіре түсу қажеттігінен туған. Әсіресе бұл қажеттік жазба әдеби дәстүрлері тоғысып келген үлгілер мен әр түрлі диалектілердің элементтері араласқан шығармалар тілінде өте-өте байқалады. Оның үстіне шет тілдік сөздерді түркі сөздерімен түсіндіре түсу немесе көне түркі элементтерін орта ғасырларда кәнігі болып қалған араб-парсы сөздерімен айқындау амалын да жазба дүние авторлары жатсынбай пайдаланған. Ал бертін келе XVI–XVII ғасырлардағы жазбалар тілі бұл тәсілге көп бармаған болса, оның себебі жоғарыдағыдай параллельдердің келе-келе біреуі тұрақталғандығының, яғни лексикалық нормалану процесінің нәтижесі болуы мүмкін немесе грамматикалық тәсілдің өзі пассивтенген тұсы болуы ықтимал.

Қадырғали шежіресінде етістің тіркестер үлкен топ құрайды. Бұлар есім мен етістіктен тұрады да, қимылды, іс-әрекетті атайлы. Бұл жерде біз ондай тіркестердің фразеологизм болып келетіндерін сөз етеміз. Атап айтқанда: компоненттерінің біреуі, кейде екеуі де номинативтік мағыналарынан айырылғандарын, яғни метафораланғандарын /бейнелеу мәніне ие болғандарын/ және сол түрінде тұрақты сипат алғандарын талдаймыз. Олар: дуртын ал - /4,18/ "жаулау, бағындыру", айақ асты бол - /5,6/ "бағыну", көңлүде тұт - /7,6/ "есіндесақтау", уотан қыл /12,5/ "мекендеу", сөзінден чықмайын /22, 4/ "айтқанына

<sup>7</sup> Боровков А.К. Лексика среднеазиатского тәфсира. М., 1963, с. 15-16.



көнейін", ләшкәр тарт- /24,1/ "жорыққа аттану", қыз ал- /32,13/ "үйлену", қан қой- /34,9/ "өжет қимыл көрсету", ел бол- /48,10/ "еркімен бағыну", қыз айттур-, қыз тіле- /53,6/, қыз ата- /51,1/ "құда түсу", йамаң көңүл бағла- /143,12/ "жаман ниет ойлау", башына бағнақ салынды /146,11/ "тәуелді болды", бір йашады /20,10/ "бір жасқа толды", хатун йібәр - /21,10/ "қатын жіберу", йол тос- /34,1/, йүз ұр- /69,16/, "бетке алу", қуш чүй- /109,16/, ит йүгүрт- /109,16/, тәңрі ішімні оңарса /156,5/, падшаһ лық тайды /163,7/, йолдың чық- /21,10/, әшкәрін түшірді /56,1/ "әскерді қуып жетті", мәртәбадан түштi /16,14/ "биліктен айырылды" т.т. Болған уақиғалар мен ұрыс-соғыстарды суреттеу үстінде біздің тарихшымыз өз ойын биліріу үшін осы көрсетілгендей фразеологизмдерді қолданады және бұларды бір образдылық үшін, бейнелеп айту құралы ретінде әдейі жұмсамайды, белгілі бір іс-әрекет, қимыл атауын білдіретін актив сөздер ретінде келтіреді. Шығарма авторының ана тілі қандай тіл болғандығын білуле оны осы тұстан "ұстап алуға" болады. Түркі тілдерінің бір-біріне орасан жақындығына қарамастан, фразеологизмдер мен сөз орамдарына, мақалдар мен мәтелдерге келгенде, әр тілдің өзіне хас ерекшеліктері мол екенін мойындауға тура келеді. Бұл ретте Қадырғали Жалайыридің тілі қазақ тіліне жақындайды: мұндағы есімді ле, етістікті де тұрақты тіркестердің дені сөз құрамы, морфологиялық тұлғалануы және беретін мағынасы жағынан қазіргі қазақ тілінде бар тіркес үлгілерімен бірдей түседі. Олар /алфавит тәртібімен/:

"Шежіреде"

Қазіргі қазақ тілінде

аяқ асты болды /5,6/	аяқ асты болды
әшкәрін түшірді /56,1/	әскерін түсірді, қуып жетті
балдызлай берді /145,7/	балдыздай берді
бар малы /3,12/	бар малы
бір йашады /20,10/	бір жасады, бірге шықты
бір йашар /20,14/	бір жасар
бір йолы /79,14/	бір жолы, бірде
дүнианың төрт бурчы /3,9/	дүниенің төрт бұрышы
дүние мүлкі /30,8/	дүние мүлкі
душманларға көп дүр /5,18/	дұшпандарға көп-ті



екі бөлінді /39,9/  
 ел болды /48,10/ "бағынды", "достасты"  
 ит жүгірткенлер /109,16/  
 Иапрақ дек тітіреткен /3,16/  
 йах"ы атың /5,15/ "данқ"  
 /хатунны/ йенгелета алды /36,14/  
 йер йүзүндә /30,6/  
 йолун тосуп /34,1/  
 йыл ашасун, йүз йашасун /4,4/

көңүл қалышты /47,17/  
 күнлерде бір күн /21,13/  
 қуш чүйгенлер /109,10/  
 қыз айт /т/ урды /77,4/  
 қыз алып ерді /32,13/  
 ләшкер тартты /124,1/  
 падышаһ лық тайды /165,7/  
 сансыз түмен халқ /5,16/  
 сөзінден чықмайын /22,4/  
 тәңрі ішімні онарса /155,5/  
 тілегің тіледі /163,5/  
 /екі хатунны йібәрмәс ерді /20,10/  
 хатунны айырды /148,16/  
 үстүнә атланды /56,11/

екі бөлінді  
 ел болды /елмісің, жаумы-  
 сың?/  
 ит жүгірткендер  
 жапырақтай тітіреткен  
 жақсы ат  
 жеңгелей алды  
 жер жүзінде  
 жолын тосып  
 "жасарын жасап, асарын  
 асасын"  
 көңілі қалды  
 күндерде бір күн  
 құс шүйгендер  
 қыз айттырды  
 қыз алып еді  
 ләшкер тартты  
 /басынан/ патшалық тайды  
 сансыз /мың саң/ халық  
 сөзіңнен шықпайын  
 тәңрі ісімді онарса  
 тілегін тіледі  
 қатын жіберу  
 қатын айырды  
 үстіне аттанды

Әрине, бұлардың бірқатары өзге түркі тілдерінде де бар. Зерттеуші М.Усманов Қадырғали шежіресінің тіліне Алтын Орда дәуірі поэзиясының ізі мықтап сақталған, әсіресе оған Рабғузидің "Қысас-л-анбиясы" қатты әсер еткен, мұндағы Йыл ашасун, йүз йашасун деген фразеологизм содан алынған дейді<sup>8</sup>... Бұл тіркестің түп-төркінін іздей қалсақ, ол өте әріге кетеді. Мұны біз қазақ тілінен де табамыз. Ол қазақша асарын асап, жасарын жасап /"ұзақ өмір сүріп"/ деген мәтел түрінде сақталған. Жалғыз қазақ емес, өзге түркі тайпалары тілдерінде де бұл тіркестің бар екенін білеміз. Әбілғазыда: ашын ашап, йашын йашап, ұзақ умр табып /737/ деп келеді. Қазіргі түрікмен тілінде: ашынн ашады, йашынн йашады /"ұзақ өмір сүрді"/. Ө.Усманов М. Көрсетілген кітап, 73-б.

Сондықтан оны тек Алтын Орда әдебиетінің тіліне теліп, сол арқылы Қадырғали "Шежіресінің" тілін ескі татар тіліне жақындастыру /ал зерттеуші ескі татар тілін Алтын орда тілінің жалғасы деп санайды/, біздіңше, қисынсыз сияқты.

Сонымен қатар мұнда /шежіреде/ қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтын фразеологизмдер ондап кездеседі. Олар: қан қойды /34, 9/ "өжет қимыл көрсетті", күч қыл- /52,9/ "бағындыру", күч бер- /79,7/ "қызмет ету", хан алында ерді /85,1/ "ханға қызмет етті", жұда болды /56,1/ "айырылды, ажырады", бір кечә /79,9/ "бір күні түнде", көңүлдері ағырылды /57,16/ "ашуланды", талаудың ет- /55,8/ "тұтқынға алу", қыз тіле - /58,14/ "қыз айттыру", туар қара /38,16/ "мал, қара мал, ірі қара", т.т. Бұл тіркестердің дені шағатай әдеби тілінің элементтері екені байқалады. Ал Жалайыри болса, оның шағатай тілінде жазуға тырысқаны мәлім.

Ескерткіш тіліндегі тұрақты тіркестердің келесі тобы - қосар тіркестер, яғни қосарланған элементтер. Олар: 1/антоним парлардан тұратындар: қыш уа йаз /4,11/, онда уа солда /5,4/, башайаққа дегәч /19,10/, кечә-күндүз /20,2/ "күні-түні"; 2/мағыналары бір тектес сөздердің қатар келгендері: ай уа йыл /3,11/, баярыш-келіш /3,14/, от чәчәклер /11,1/, йүрүр-көчәр /12,4/ аты-чауы /17,1/ "аты-шуы", аға-інісі /18,10/, хал-қууат /52,18/, арып-ачып /54,10/, ач уа йалаңач /54,10/, тағлы-ташлы /65,3/ атын-улағын /65,4/, ат-ылауын, ат-көлігін, ата-анасы /60,6/, үй-елі /68,5/, отлуқ-сулық йер /108,1/; 3/ бір тұлғаның қайталап қосарланған түрлері: баса-баса йүрүр /110,8/, пара-пара болды /137,11/, ала-ала келді /65,1/, йыл-йылдың /16,14/, күндін-күнгә /5,90/, мынар-мынар /7,8/ мың-мындаған т.б. Ақад. К.Г.Залеман Сүлейман ата Бақырғанидың "Хикейат Хаким Ата" деген трактатының тілін зерттегенде, мұндағы "қосар сөздерді" /двойные слова/ осы шығарманың лексикалық ерекшеліктерінің бірі деп табады және бұл ескерткіш авторының ауызекі халық тілінен алып, өзі сүйіп қолданған элементтері деп есептейді. Ал біздің байқауымызша, қосарланған тұлғалар тек "қарапайым", яғни ауызекі сөйлеу тіліне ғана емес, әдеби тілге тән құбылыс, ол тіпті көркемдеуіш тәсілдерінің негізі болып кететін сияқты. Мысалы, Жалайыри тіліндегі ойла орус, қырда татар /5,18/ деген тіркес ойда-қырда деген қос

9. Залеман К.Г. Легенда про Хаким-Ата. - Известия Имп.АН, 1898, т. IX, №2, с. 123.

сөздің "кеңейтілген" /"обложенная"/ түрі, сол сияқты кечә келіп, күндүз болуғусы /Б, 10/ деген тіркес кечә-күндүз деген қос сөзге негізделіп жасалған. Ешiткөнiм йоқ, бiлгөнiм йоқ /22, 4/ деген фразаның негiзi - ешiткөн-бiлгөн деген қос сөз т.т.

Сонымен қатар сөздердi қосарлау арқылы жинақтау мағынасын бiлiру - түркi тiлдерiнiң күнi бүгiнге дейiнгi актив тәсiлдерiнiң бiрi. Демек, бұл амал орта ғасыр әдеби тiлдерiне де жат болмауға тиiс. Мысалы, бiздiң ескерткiшiмiздегi ат-улағ қос сөзi жалпы "ат-көлiк" /улағ ылау ~ жүк артатын көлiк малы/ деген жинақтау ұғымы бередi, сол сияқты үй-елдi жалпы "отан"/, ата-ана, аға-iнi, таулы-ташлы, от-чөчөклер дегендердiң әрқайсысы жинақтау ұғымы бар тiркестер. Осылардың қатарында шежiре тiлiнде қолданылған Едiл-Жайық /161, 2/ қосар сөзiн талдауға болады. Бұл қос сөз жайында Ш.Уәлиханов қызғылықты пiкiр айтқан-ды. Ол осы "Шежiреде" Едiл-Жайық деген атау орыстардың Алтын Орда /Золотая Орда/ дегенiне сай келедi, ал Тоқтамыс жарлықтарында Алтын Орда "улуғ улус" деп аталған, қазақтың өлең-жырларында "ноғайлының ауыр жұрт" деп келедi дейдi<sup>10</sup>. Бiздiң байқауымызша, Едiл-Жайық тiркесi Алтын Орданың хандығын емес /саяси-этникалық едiнушаны емес/, жерiн, территориясын бiлдiрген сияқты, өйткенi бұл тiркеспен бес рет келген бiр сөйлем /мәленше Едiл-Жайықта хасия болды - "көрiндi, жасап өттi"/ сөз болып отырған адамдардың қай жерде жасап өткенiн баяндайды. Бұл тiркес шығарманың бас жағында және бiр рет кездеседi. Онда Борис Годуновты "Едiл-Жайық" иесi хан" деп мадақтайды. Бұл жерде, әрине, әнгiме Алтын Орда туралы емес, территория туралы ғой. Шоқан тағы бiр жерде "Шежiренiң" кейбiр тұстарын аударып отырып, ондағы сөздерге комментарий бергенде, Едiл-Жайық сөзi Жайық пен Едiл бойындағы елдiң атауы, яғни Қыпшақ дегеннiң баламасы ретiнде қолданылған дейдi<sup>11</sup>. Осы мағынада, бiздiң байқауымызша, Едiл бойы деген тiркес те кездеседi: Бамуз' /Едiге/ Едiл бойына өттi /162, 1/. [Бату] Едiл бойында уофат тапты /154, 16/. Қысқасы, бұл жерде айтпағымыз - шежiре тiлiнде сөз тiркестiру амалының әр алуан қажеттiктi өтегендiгi.

10. Уәлиханов Ч.Ч. Собр. соч.: В 5-ти томах. Алма-Ата, 1961, т.1, с. 124-125.

11. Сонда, 152-б.

Бұл тарихи шығармада титулдарды білдіретін сөздермен келген жалқы есімдер де тиянақты тіркестердің бір тобына жатады. Ерте дәуірлер мен орта ғасырлардағы түркі-монғол, қытай қауымдарының билеуші-әкімшілік, әскери-қолбасшылық, тұқым-династиялық т.б. дәрежелерін танытатын титулатура элементтерінің шежіре тілінде жиі кездесуі - заңды құбылыс.

Түркі-монғол тайпаларының ең жоғарғы билеушісі көбінесе хан титулымен аталады: Әбулжа хан, Боданчар хан, Қайду хан, Чыңғиз хан, Жочы хан, Мөңкү хан т.б. Бұл титулды Қадырғали тіпті Борис Годуновқа да теліді: Берис Федурауч хан. Сол сияқты бас билеушінің жұбайлары мен қыздары хатун титулын иемденіп келеді: Мунулун хатун /Дутум Мәнәннің әйелі/, Томалун хатун /Шыңғыс ханның қызы/. Бұл лауазымның өзге тілдік варианттары да қолданылған. Олар: фужин - қытай сөзі, мағынасы "әміршінің жұбайы" /орысша "госпожа, жена правителя"/, беки, ол да осы мағынада, еке - монғол сөзі, осы мағынада: Әбиқа беки, бұл әйелді текстің екінші бір жерінде Әбиқа хатун деп атайды, Бертә фужин /Шыңғысханның ең бас бәйбішесі, қонырат қызы/, Бег Тутмыш фужин /Жошының әйелі/, Шыңғыс ханның шешесінің титулы еке болып келеді /Ауалун еке/, сол сияқты Сурқоқы беки /Голуйдың әйелі/, Алақай беки /Шыңғыстың қызы/. Бір көңіл аударатын нәрсе - монғол билеушілерінің қонырат, үйсін, татар, сулдус т.б. алған әйелдерінің титулы көбінесе хатун болып келеді. Мысалы, Мөңкә Темүр дегеннің үш әйелі болған: бірі - қонырат қауымынан Олжай хатун, екіншісі - уйшуннен /үйсіннен/ Султан хатун, сол сияқты Тоқтай ханның қоныраттан алған әйелдерінің аттары Болуған хатун, Түгүлчә хатун, Туда Мөңгүнің қонырат әйелі Артқач хатун, алчы татардан алған әйелі Туара қатың хатун. Ал қазақ хандарының жұбайлары мен қыздарының титулы - бегім және ханым сөздері: Жаған бегім /Қасым ханның анасы/, Хань Султан ханым /Хақназар ханның анасы/, Абайқан бегім /Жәдік ханның әйелі/, Байм бегім /Ондан сұлтанның анасы/, Иахшым бегім /Шығай ханның әйелі/, Дәдем ханым /ол да/, Тәтлі ханым /Оразмұхамедтің анасы/, Чүйім ханым /Күчүк сұлтанның анасы/.

Жалқы есімдермен тіркесе келетін титулдардың көпшілігі монғол сөздері болып келеді. Олар: гүрген, Буту гүрген/60,13/, Туралчы гүрген /48,2/, Тажу гүрген /48,6/, Турчы гүрген/74,9/. Бұл сөз қазіргі монғол тілінде хургэн тұлғасында қолданылады

Монгольско-русский словарь, М., 1957, 576 с/. Ал біз мұны гүрген түрінде транскрипциялаганда, оның орта ғасырлардағы монгол жазба ескерткіштері "Сокровенное сказание" мен "Алтан тобыч новалардағы" ұйғырша-монголша жазылған тұлғасына сүйендік. Бұл - монгол сөзі, "күйеу, қызының ері" дегенді білдіреді. Оның титул ретінде келетін себебі монгол қоғамында күйеулердің белгілі бір әлеуметтік-саяси орны болған, сондықтан гүрген сөзі баһадур, бек, тегин дегендер сияқты титулды білдірген. Кез келген күйеулердің есіміне бұл сөз тіркелмеген. Демек, гүрген сөзімен қосақталған жалқы есім қазақша Қобланды батыр, Біржан сал, Ақан сері деген сияқты күрделі есімге айналған.

Осы тәрізді сөздердің бірі - тайшы: Қадан тайшы /36,8/, Нәкүн тайшы /39,14/, Иесу Буқа тайшы /78,15/, Қоң тайшы /139,1/. Бұл қытай тілінде "ұлы ұстаз" деген мағынадағы сөз, ол түркіше бахшы дегеннің эквиваленті. Оны Қадырғалидың өзі осылайша түсіндіреді: Уа тайшы бу лугат қытай улуг бахшы темек болур /79,1/ - Тайшы /сөзі/ қытай тілінде ұлы бахшы /ұстаз/ деген сөз.

Бұлардан басқа да титулатура қатарында кездесетін мынадай сөздер бар:

Беки/Биқи; Туқба беки /55,2/. Акад. В.В.Бартольд бұл титул Шыңғыс ханнан бұрын да болған дейді, ол ең жоғарғы дін басшысы /первосвященник/ дегенді білдірген. Бұл терминді түркінің бек /би/ "әмір, канцлер, басшы" және беки /бегі, беки, бике/ деген сөздерімен шатастырмау керек. Бұл екеуі де күрделі жалқы есім құрайтын лауазым сөздер. Алдыңғысы /бек,би/ белгілі, ал соңғысы хан сияқты билеушінің қыздары мен жұбайларының есіміне тіркелетін титул: фужин беки /46,15/, - Шыңғыс ханның қызы, Сияр Қоқты беки /90,14/, Алақай беки /48,2/. Біздің бұл сөзді беки түрінде транскрипциялауымызға оның ұйғырша-монголша жазылған ескерткіштерде веки деп берілгендігі негіз болды. Осы сөздің бегім түрінде келген варианты да "Шежіреде" кездеседі: Байм бегім /164,15/ - Шығай ханның жұбайы, Иахшым бегім /164,16/. Біздің байқауымызша, қазақ тіліндегі бике, бикеш сөздері осы титулмен тәркіндес, өйткені қазақта бике, бикеш дегендер тек әйел есімдерінен келеді: бұлар бірде Ұлбике, Жанбике сияқты жалқы есім құрамында кездессе, ертеректегі өлең-жырларда бикеш түрінде жеке де қолданылған. Мысалы, Бұхар жырауда /XVIII ғ./. Байлар қызы бикештер. Бірақ бұл сөз қазақ тілінде



титулдық мәнінен айырылған.

Яргучы: Буқай яргучы /147,1/. Бұл - "қазы, судья" дегенді білдіретін титул, тегі, түркі-монғол сөзі: яргу /жарғы/ + чылы/. Жарғы сөзі қазақ тілінде де болғаны мәлім, қазақтың Тәуке хан құрастыртқан ескі әдет-ғұрып заңдарының жиынтығы "Жеті жарғы" деп аталғанын білеміз.

Тегин термині де жалқы есімдермен тіркес құрайды: Алақұл тегин /77,18/. Бұл - түркі қағанаты кезінен таньс шен атауы. Л.Н.Гумилевтің айтуына қарағанда, Түркі қағанатында ханнан кейінгі адамды ябгу деген, бірақ тақ оның еншісіне қалмайтын болған, тақтың орнын басушыны тегин деп атаған<sup>12</sup>. Дегенмен Рашид ад-диннің, оның аудармашысы Қадирғалидың текстеріне қарағанда, тегин сөзі Монғол империясының тағын басушылардың ресми титулы ретінде де қолданылмаған тәрізді, мысалы, Шыңғыс ханның тағын иемденуші Үкетай хан болды /Үкетай тегин емес/.

Черби /"адал көңілді"/; Сүхәтү черби /75,2/, Өкеле черби /82,17/, Толун черби /64,15/, Луклықу черби /61,17/.

Гөйән /қытайша "жасы үлкен, құрметті"/: Муқалы гөйән /77,10/.

Аншы /уаншы /орыс әдебиетінде ваншай/ - қытайша "түмендердің басшысы, түмен бегі": Ойар аншы /83,13/, Туған уаншы /83,18/.

Сәчен /монғолша "дана"/: Қойулдур сәчен /83,12/, Жауур сәчен /48,7/, Самуқа сәчен /88,11/. Қазақша Жиренше шешен дегендерде де о баста шешен сөзі "дана адам, дана" дегенді білдірген болу керек. Бұл сөздің қазіргі "оратор" мәні осы мағынадан ауысқан деуге болады /яғни өткендегі даналардың сөздері мен әдет-ғұрып заңдарын жақсы білетін адам, демек, ақылды, дана адам/.

Ақа /аға сөзі "Шежіреде" туыстық дәрежесін білдіретін жай сөз болумен қатар, титулды білдіріп, күрделі сөз компоненті ретінде де қолданылады: Булад аға /72,15/, Сүйінчәк аға /104,9/, Кәлмiш ақа /122,11/. Бұларда аға - титул. Аға/ақа - хан сарайындағылардың дәреже атауы болғанға ұқсайды. Біздің байқауымызша, бұл сөз бір кезде қазақ қауымында да рудың немесе белгілі бір әскер бөлімінің басы, басшысы дегенді біл-

12. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. М., 1967, с. 53.



діретін әпитет-титул болған. Мұны ХҮ-ХІХ ғасырлардағы ақын-жырауларымыздың тілдері көрсетеді. Бұларда аға - әскери басшы немесе ру, тайпа, ел басшысы. Мысалы, Шалкиізде /ХҮІ ғ./ Батыр жігіт жау бастар, Аға жігіт қол бастар. Доспамбетте: Ауылыда аға болған ерлер көп еді, Шобанда: Бұ жиынның ішінде Ер Доспамбет аға бар. Бертін келе аға "ру, тайпа, жүз, ауыл басшысы" деген мәнде тұрақтыланған. Мысалы, Сүгірде: /ХІХ ғ./. Кешегі өткен ер Сырым Кіші жүздің ағасы дегендерді оқимыз.

Нойан - монғолша ақсүйектікті, князьдікті білдіретін титул, мағынасы жағынан түркіше бек, арысша әмір сөздеріне тең. Бірақ біздің ескерткіштеріміздің тілінде нойан сөзі соңғы сөздердің синонимі ретінде қолданылмай, негізінен жалқы есім құрамындағы титул қызметінде қалған: Дай нойан /46,7/, Қутуқұш нойан /79, 16/. Бұл титул Шыңғыс хан дәуіріне дейін де болған.

Қорчы: Бутачин қорчы /91,7/, Қойлай қорчы /91,8/, Мәнәсар қорчы /91,6/. Бұл сөз жеке алғанда "садақшы" /"лучник" /мағынасын білдіреді, ал шежіреде ол термин-титул: - Шыңғыс хан белгілеген 10 қызмет бабы дәрежесінің біреуінің атауы, яғни ханды қорғап, күзетушілердің атауы. Рашид ад-диннің орысша аудармашылары бұл сөзді "телехранитель" деп береді.

Жалқы есіммен тіркесіп келетін сөздердің қатарынан бұлардан басқа да мырза, баһадур, улан титулдарын тебамыз: Орақ мырза /164,9/, Шығым мырза /163,11/, Нураддин мырза /155,8/, Бартан баһадур /8,6/, Сүбұтай баһадур /65,1/, Тоқучар баһадур /65,4/, Қийас улан /159,18/, Көбежек улан /160,1/. Алғашқысын біздің тарихшымыз негізінен "билеуші топтың уәкілі" және жалпы "князь" /"ақ сүйек" / мәнінде қолданады, ал жалқы есімдерге тіркестіргенде, қазақ, татар, қырым ақсүйектерінің уәкілдеріне ғана айтылғаны байқалады. Бұл сөз Қадырғали шежіресінде ресми қызмет бабындағы адамның титулын емес, жалпы касталық ажыратуды көрсететін элемент болып келеді. Екінші сөз /баһадур/ түркі-монғол тайпалары халықтарының өте ертеден өздерінің батырларына, ер жүрек қолбасшыларына беретін құрметті титулы ретінде қолданылып келсе, Монғол империясы үстемдігінің тұсынан бастап көшпелі халықтардың әлеуметтік қоғамындағы феодалдық иерархия титулдарының бірі болып жұмсалып келген. Біздің шежіремізде баһадур титулы негізінен монғолдарға жанастырыла қолданылған, яғни Шыңғыс ханның ата-бабалары, туыстары,

ұрпақтарының есімдерімен келеді. Соңғы сөзді /улан/ Қадырғали титул ретінде тек осы вариантта береді. Ал жалпы түркі мен монғолдар оғлан /улан/ деп Шыңғыс ханның хан титулына ие болмаған ұрпақтарын атағаны және Алтын Ордада, Қырым, Астрахан хандықтарында, Чағатай ұлысы мен Ақ Ордада феодал-ақсүйектердің: хан мен сұлтандардың немесе жоғары әскери, әкімшілік қызметіндегілердің балаларын атағаны мәлім. Біздің тарихшымыз улан /оғлан/ сөзінің мұндай мағынасын /қызметін/ дәл сақтауды мақсат тұтпаған тәрізді, ол бұл сөзді көбінесе "ханзада, хан ұрпағы" деген жалпы ұғымда және тіпті "жас бала, нәресте" мағынасында жұмсайды /мысалы, Оғуз ханның нәресте кезі туралы: Ол йаш оғлан анасыға айтур /20,4/ деген сөйлемін немесе: жалайырның оғлан лары жауқашын қазар ерді /33,14/ деген сөйлемдерін қараныз/. Демек, оғул, оғлан деген көне тұлғалардың "нәресте, бала, ұл" деген жалпы мағыналары ХҮІ-ХҮІІ ғасырларда әлі де қолданыста болғаны байқалады.

Міне, ХҮІ ғасырдың тарихшысы жалайыр руынан шыққан Қадырғали Қосымұлының "Шежіресінің" тілінде кездесетін тұрақты сөз тіркестерінің негізгі түрлері осындай. Бұлардың дені қазақ тіліне тән элементтер болып келеді. Әсіресе қазақ ру-тайпалары тіршілігіне, тұрмыс-салтына /этнографиясына/, дүние танымы мен салт-санасына /этика-психологиясына/ байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестер мұнда едәуір орын алған. Мысалы, әйелді жеңгелей алу, балдыздай беру /немесе алу/, ит жүгірту, құс шюу, қыз айттыру, қыз алу, қатын жіберу, қатын айыру деген этнографизмдер "Шежіреде" осы түрінде, осы күнгі қазақ тіліндегі мағыналарында қолданылған. Сондай-ақ жол тосу, ел болу /еркімен бағыну, достасу мағынасында/, айақ асты болу, қолға түсіру /әшкерін түшүрді/, біреудің тілегін тілеу, бастан бақтаю /падишаһлық тайды/, үстіне аттану, дүшпанға көп болу, көңіл қалысу, сөзден шықпау, ләшкер тарту деген етістік тіркестер, дүние мүлкі, бар малы, дүниенің төрт бұрышы, сансыз түмен халық, атқыншыл мерген деген есім тіркестер қазақтың қазіргі тілінде де, ертеректегі өлең-жырларында да, ауыз әдебиеті үлгілерінде де еркін және молынан кездесетін элементтер. Бұлар да "Шежіре" тексінде азын-аулақ фонетикалық өзгешеліктермен, кейде тіпті ешбір өзгеріссіз қолданылған.

Жалқы есімдердің титулдармен келіп, тұрақты тіркес жасап,

күрделі атауға айналу тәсілін де қазақ тілі күні бүгінге дейін пайдаланып келеді. Фольклор тіліндегі Қобланды батыр, Алпамыс батыр, Ер Тарғын, Ер Сайын сияқты тіркестерді былай қойғанда, сал, сері, жырау, ақын, бақсы деген сөздерді титул іспетті мәнде келтіріп жалқы есімдердің аллы-артында айтылатын апитептерге айналдыру түркі тілдерінің ішінде қазақ тілінде кең өріс алған. Мысалы, қазақ қауымы Біржан Қожағұлының сал сөзінсіз /Біржан сал/, Ақын Қорамсауының сері сөзінсіз /Ақын сері/, Бұқар Қалқаманұлының жырау титулынасыз /Бұқар жырау/ айтпайды. Бұл сөздер өнер, өлең иелерінің титулдарын танытады.

Сөйтіп, орта ғасырларда сол заманның ортақ әдеби тілінде /айталық, "шағатай", яғни ортаазиялық түркі әдеби тілінде/ жазған авторлардың ана тілін анықтауда немесе белгілі бір шығарма тілінің қазіргі түркі тілдерінің қайсысына жақындау келетінін танып-білуде сигнификация фактілеріне иек артуға болады деген түйінге келеміз. Сигнификация терминін біз бұл жерде фразеологизмдер, мақал-мәтелдер және өзге де бейнелеуіш элементтердің көрінісіне байланысты қолданып отырмыз. Осы аспектіден қарағанда, Қадырғали Жалайыридың ана тілі қазақ тілі болды, оның "Шежіресінде" тұрақты тіркестерді пайдалану саласында қазақ тілінің элементтері едәуір орын алды дегенді айта аламыз.

Г.Айдаров, Б.Әбілқасымов

#### ӘБІЛҒАЗЫНЫҢ "ШЕЖІРЕ-И-ТҮРКІ" АТТЫ КІТАБЫ- НЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

XIII ғасырдағы түркі жазба ескерткіштерінің ішінен Әбілғазы Баһадурханның "Шежіре-и түркі" атты кітабы елеулі орын алады. Шыңғыс ұрпақтарынан болған хандардың өздері ұстанған саясаттарына сай келетін тарихтарын жаадырып қалдыруы ертеден дәстүрге айналған болатын /"Шыңғыс наме", "Бабур наме", "Жамиғ-ат тауарих", т.б./. Бұлардан "Шежіре-и түркінің" екі ерекшелігі бар: біріншіден, автор Шыңғыс ұрпағынан шыққан хан бола тұрып, өз тарихын өзі жазған, екіншіден, кітап тарихи, әдеби және тілдік жағынан өсе құнды. Бұл туралы Әбілғазы өз кітабының кіріспесінде былай дейді:

"چىنكز خان نىنك ابا واجدادلىرىنى واولادلىرىنى كىم هر ولايتلاردا يادشاهلىق  
 قىلىپ تورور لار مورخ لار تركى و فارسى تىلى بولان انلا زىنىك بار چىلارى نىنك توققان واولان  
 تارىخ لارىنى يىخشى و يىمانلىق قىلغان ايشلا رىنى بىت تورور لار يادشاهنىنك اتىنه بر دانشمند كشى  
 بر كىتاب بىت تورور ۰۰۰ بىز نىنك انا وانا اتلار يىمىز نىنك بى بردازلىقى و حوارزم خلقى نىنك بىخوقولقى  
 بىوايكى سببىن بىز نىنك جماعتىمىزنى عبدالمه خان اتلارى بولان بىزله زىنىك اتلار يىمىز نىنك آيرىلغان  
 بىرىندىن بىزكا كىلكو نچىه تارىخ لارى (بىوق) ايردىلار بوتارىخ نى بر كىشيك تكليف قىلالى تىب هر چىند  
 فكر قىلدوق هىچ منا سىب كشى تابما دوق ضرورت بولدى اول سببىن  
 اوزىمىز ايتدوق ۱۰۰۰

Чыңгыз ханның аба уа аждадларыны уа әуледлеріні кім һәр уалайатларда падишаһлық қылып тұрурлар мурихлар түркі уа фарсы тілі бірлән анларының барчаларының туқған уа өлген тарихларыны йахшы уа йаманлық қылған ішлеріні бітіб тұрурлар бір падишаһның атына бір данышманд кіші бір кітаб бітіб тұрур... /Бізнің ата уа аға ақаларымызның би бірдазлықы уа Хорезм халқының бихуқуқлықы бұ екі себеден бізнің жамағатымызны/ Габдолла хан аталары бірлән бізлерінің аталарымызның айрылған періндін бізге келкүнче тарихлары /йок/ ерділер бұ тарихны бір кішіге төклиф қылалы теб пәрчінше фікір қылдуқ һеч мінәсіб кіші табмадуқ Зарурт болды ол себеден өзіміз айтдуқ..."

"Шежіре-и түркінің" тағы бір жерінде автор бұл кітапты жазуда өзінен бұрын жазылған Рашид-әд-диннің "Жамиғ-ат тауарих" атты шежіресіне, сондай-ақ Шыңғыс хан ұрпақтары тарихы түзілген өзге де 20-30 шежіре нұсқасына сүйенгенін айтады. Өзінің олардан артықшылығы ретінде монғол, түркі, парсы, қалмақ тілдерін жақсы меңгергенін және көп тарихты жатқа білетінін ескертеді<sup>2</sup>. Сөйтіп, хижраның 1074 жылы, яғни қазіргі жыл санауымыз бойынша 1663 жылы автор осы кітапты жазуға кіріседі. Кітапты көйін парсы тіліне аудару да ойында бар екенін айтады, бірақ Әбілғазы кітабын аяқтай алмай, 1664 жылы дүние салды. Кітапты әкесінің тапсыруы бойынша ұлы Ануш Мұхамед аяқтайды.

Енді кітап авторы туралы бірер сөз айта кетейік.

1. Шежіре-и түркі. Казань, 1825, 2-б.

2. Сонда, 25-б.

Әбілғазы 1603 жылы Хиуа хандығының орталығы Үргеніш қаласында туған<sup>3</sup>. Әкесі-Араб-Мұхамед хан, оның әкесі -Хажымұхамед хан, оның әкесі-Ақатай хан, оның әкесі-Әминок хан, оның әкесі-Ядқар хан Жошы әулетінен тарайды, Шыңғыс ханға дейін 14 ата екен. Шешесі Мейірбану ханым да Шыңғыс хан әулетінен, Әбілғазыға 4-5 атадан қосылады. Ядқардың Әминок және Береке деген екі ұлы болады. Берекеден Жолбарысхан, одан Газит сұлтан, одан Шерғазы, Жанғазы сұлтандар туады. Мейірбану ханым - Жанғазының қызы. Әбілғазының өз аталары Хиуада хан болса, нағашы аталары /Шерғазы, Жанғазы/ Арал теңізі маңындағы қазақ руларының хандары болған.

Араб-Мұхамед ханның 7 баласы болған /Хабаш, Жолбарыс, Аспандияр, Әбілғазы, Шәріф-Мұхамед, Хорезмшах, Ауған/. Әбілғазының алты жасында шешесі қайтыс болып, он жыл бойы өгей шешесінің қолында тәрбиеленеді. Әкесі салдырған "Арасхан" медресесінде оқып, ғұлама ғалымдардан дәріс алады. Осы жылдарда ол ауыз әдебиетін үйренеді, тарихты оқып зерттейді, әскери өнер, мемлекет басқару ісін де игереді. 16 жасында әкесі оны үйлендіріп, Үргеніштің жартысын еншіге беріп, билетіп қояды. Араб-Мұхамедтің қартайған шағында балалары билікке таласады. 17 жасынан бастап Әбілғазы да билікке таласып, сан рет ұрысқа түседі. 1921 жылы ауыр жараланып, Амударияны жалғыз өзі жүзіп өтіп, қашады. Бұл жылдары ол Маңғышлақта түрікмендерді, Есім және Тұрсын хандарды паналайды. 1628 жылы ұсталып, Иранға жер аударылады. 10 жыл бойы Исфahan қаласында тұтқында, бақылауда болады. Бұл жылдары ол көптеген тарихи медициналық, әдеби кітаптарды оқиды, араб, парсы тілдерін еркін меңгеріп алады. 1638 жылы Исфahanнан қашып шығып, Маңғышлақтағы Ерсары, Теке, Жауміт деген түрікмен руларының арасында жасырынып жүреді. 1640-41 жылдары Жем/Ембі/ өзенінің бойын жайлаған қалмақ ханы Хо-орлектің ордасында тұрады. Арал өзбектері көп сыйлық беріп, Әбілғазыны алып қайтады. Илияс би бастаған Арал қазақтары Хиуа ханы Аспандиярға қарсы көтеріліс жасағанда, Әбілғазы соған қосылады, бірақ одан жеңіліс тәбады. 1643 жылы Әбілғазы Аралға хан болып жарияланады. Екі жыл бойы Хиуаға шабуыл жасап жүріп,

3. Бұл деректер А.Н.Кононовтың "Родословная туркмен" /М.; Л., 1956/ атты кітабының кіріспесінен алынды.



ақыры, қазақ, өзбек, қарақалпақтардың күшімен 1645 жылы Хиуаны алып, хан болып жарияланады.

Хан болғаннан кейін де көршілес хандықтармен көптеген ұрыстар жүргізеді, тек 1663 жылы ғана хандықтың билігін ұшына беріп, өзі "бейбіт" істермен айналысуға кіріседі. Осы 1663 жылы ол "Шежіре-и түркі" кітабын жазуға отырады, бірақ оны аяқтай алмай, 1664 жылы қайтыс болады.

Әбілғазы Баһадүрдың "Шежіре-и түркі" атты кітабы ғылым дүниесіне ХІІІ ғасырдың бас кезінде мәлім болған. Бұл кітаптың қолжазбасын Россияда тұтқында жүрген швед офицерлері Тоболь қаласынан кездестіріп, оны Бұхар ахунына орысша аудартады. Бұл жұмысты басқарған - Филипп Иоган Табберт Страленберг деген швед офицері. Одан швед Шенстрем неміс тіліне аудартады, бірақ бұл аударма көп жылдардан кейін, 1780 жылы ғана кітап болып басылып шығады. Ал одан бұрынырақ қолжазба немісшеден француз тіліне аударылып, ол 1726 жылы Лейденде басылып шығады. Осы басылым кейін "Шежіренің"<sup>4</sup> ағылшын, орыс тіліне аударылуына негіз болған. Француз тілінен "Шежірені" орыс тіліне Тредьяковский аударып, 1770 жылы "Родословная история о татарах, перевеленная на французский язык с рукописных книг сочинения Абулгазы-Баядур-хана..., а с французского на российский в Академии наук" деген шұбалыңқы атпен бастырып шығарады. Алайда бұл аударма ғылым үшін аса құнды бола алмады. Оның себебі, біріншіден, түп нұсқаның бірнеше тілдер арқылы келіп жеткендігінен болса, екіншіден, негізгі түп нұсқа /оригинал/ жарияланбағандықтан. Осы кемістіктердің орнын толтыру мақсатымен граф Н.П.Румянцев 1825 жылы Қазанда Әбілғазы "Шежіресінің" негізгі нұсқасын бастырып шығарады. Бұл жұмысты ұйымдастырып, бастырып шығаруды о баста граф Н.П.Румянцев академик Х.Д.Френге тапсырады. Х.Д.Френ бұл еңбекті басуды Қазандағы университет типографиясына ұсынады. Мұнда ол, өзі түрколог болмағандықтан, И.Хальфиннің көмегіне үміт артады.

Университет типографиясы сол кезге дейін араб шрифтісімен мақалаларды еш нәрсе шығармағандықтан, бұл еңбекті басып шығаруды қуана-қуана қарсы алады. Ал И.Хальфин қолжазбаны бас-  
---4. Бұдан бұлай қарай сөз болып отырған шығарма атауы қазақ тілі грамматикасының заңдылығына орай "Түркі шежіресі" немесе жай ғана "шежіре" деп берілді.



паға даярлауды, оған текстологиялық жұмыс жүргізіп, ғылыми түсініктемелер жазуды өз мойнына алады. Бұл жұмысты басу араб шрифтісінің жеткіліксіздігінен және сол кездегі Қазан оқу округінің қамқоршысы /попечитель/ Магницкийдің бұл басылымға қарсы болу себебінен 5 жылға созылады<sup>5</sup>. Ақырында, 1825 жылы Әбілғазының "Шежіресі" араб шрифтісімен, Х.Френнің латынша кіріспесімен, И.Хальфиннің соңғы ғылыми түсініктемелерімен жарық көреді. Қолжазба /аталған еңбек/ Петербург ғалымдарынан жиналған ақшаға /пожертвованияға/ басылады, академик Х.Френ бұл басылымды Россия Шығыстану ғылымының даңқын шығаратын іс деп танып, оның жарық көруіне бар күш-жігерін жұмсайды<sup>6</sup>.

Бұл еңбекті бастырудағы Н.П.Румянцевтің мақсаты да қызғылықты. Оның ойынша, бұл еңбектің басылып шығуы Россия мұсылмандарына өз ата-бабаларының тарихын білуіне көмектесіп қана қоймайды, олардың жалпы тарих ғылымына деген көзқарастарын оятуға тиіс.

Бұл басылым, шынында да, ғылым дүниесіндегі өз кезеңіндегі ірі жаңалық болып табылады. Осы кітаптың шығуымен байланысты 1826 жылы "Московский телеграф" журналында жарияланған бір мақалада былай деп көрсетілген:

"...Чтобы судить о достоинстве и достоверности повествований Азиатских [летописей] и потом основываться на них, должно, чтобы ориенталисты сличили, исправили их тексты и передали оные в верных и строгих переводах... порадуемся, что Европа одолжена России изданием подлинника книги важной и единственной в своем роде: вместе с тем, нельзя не пожелать, чтобы, для пользы русской истории, книга сия переведена была на какой-нибудь европейский язык. Этого можем мы надеяться теперь от трудолюбия немецких ориенталистов, если, при усилевающейся в России охоте заниматься восточною литературою, русские не предупредят их"<sup>7</sup>.

Осыдан кейін "Шежіренің" баспа нұсқасын орыс тіліне аудару мәселесі бірнеше дүркін қолға алынады. Алайда олардың көпшілігі сәтсіз шығады. Белгілі ориенталист И.Березин бұл шығарманы өзі-

5. Каримуллин А.Г. У истоков татарской книги. Казань, 1971, 148 с.

6. Сонда.

7. Библиотека восточных историков. Казань, 1854, т.3, ч.1, с.5.

нін "Шығыс тарихшыларының кітапханасына" кіргізу мақсатымен аударма бастайды. Бірақ бұл шығарманы Қазан діни академиясының экстраординар профессоры Г.С.Саблуковтың әлдеқашан аударып бітіріп қойғанын естиді де, өз "Кітапханасына" сол аударманы пайдалануды дұрыс деп табады. Сөйтіп, И.Н.Березин "Шежіренің" Г.С.Саблуков жасаған аудармасын жеке кітап етіп, "Книги родословия туркского" деген атпен өзінің "Шығыс тарихшыларының кітапханасы" циклінің 3 томында 1854 жылы бастырып шығарады. Аударма негізінен 1825 жылғы Қазанда басылған нұсқа негізінде жасалады, бірақ аудармашы оны Петербургтағы ғылым академиясының музейінде сақталған қолжазбамен /ширі - 574/ тынғылықты салыстыру арқылы жасағанын айтады. Аудармашы Г.С.Саблуковтың айтуына қарағанда, Қазанда басылып шыққан басылымының кемшілігі көп. Ол нұсқа Москвадағы Сыртқы істер министрлігінің архивінде сақталған, кезінде Академия кітапханасындағы белгісіз қолжазбадан Георг Кер үшін көшірілген списоктен терілген. Бірақ кітап әбден теріліп болғаннан кейін Уфадан табылған бір қолжазбамен салыстырылып шыққан, ол екеуінің арасындағы айырмашылық кітаптың аяғында ескертпе ретінде бастан-аяқ толық көрсетілген.

Сөйтіп, аудармашы Г.С.Саблуков баспа нұсқаны Петербургтағы Академия музейінде сақталған қолжазбамен салыстыра отырып, едәуір текстологиялық жұмыстар жүргізген. Бастырушының кіріспе сөзінде бұл текстологиялық жұмыстың қорытындысы яғни Г.С.Саблуковтың ескертпелері Березин "Кітапханасының" ІҮ томында шығады деп жазылған. Бірақ әлдебір себептермен бұл том шықпай қалады.

Г.С.Саблуков "Шежіренің" бұлардан өзге Геттингендік, Берлиндік, Париждік списоктері бар екенін ескерте келіп, олардың сапасы жағынан Петербург нұсқасынан кем түсетінін зерттеушілер Демезон, Жоберлердің айтқанына сүйене отырып көрсетеді. Алайда "Шежіренің" келесі толық баспасын даярлағанда оларды да пайдалану қажеттігін еске салады. Г.С.Саблуковтың аудармасы бөлек кітап болып, 1906 жылы Қазанда Н.Катановтың соңғы сөзі және ескертпелерімен екінші рет басылып шығуға тиіс болса да, кітаптың өзі шығады да, Н.Катановтың соңғы сөзі белгісіз себептермен тағы да шықпай қалады.

Әбілғазы "Шежіресінің" сын тексін және оның французша аудар-

масын Петр Иванович Демезон 1871-74 жылдары екі том қылып Петербургта бастырып шығарады. Сыни текстiң негiзiне "Шежiренiң" Даль коллекциясынан Азия музейiне түскен қолжазбасы /шифрi Ә 721, ескiсi - 534 а/ алынады, ол 1825 жылғы Қазан басылыммен және Геттингин, Берлин нұсқаларымен салыстырылады. С.Н.Ивановтың айтуынша: "Выполненный П.И.Демезоном с большой тщательностью критический текст является надежным источником для изучения языка "Родословного древа тюрков"<sup>8</sup>.

Осы Демезонның текстiнен аудармашы Аодолла Аллам Файзаханоглы қазан-татар тiлiне, доктор Риза Нур Стамбулда түрiк тiлiне аударады.

Осы Демезон текстiнен алып, 1898 жылы Қазанда П.М.Мелиоранский "Отрывки из сочинения Абу-л-гази" деген атпен хрестоматиялық нұсқа құрастырып шығарады.

Бұлардан басқа да кезiнде аударылып, әр түрлi себептермен баспа жүзiн көрмеген қолжазба материалдар баршылық<sup>9</sup>. Зерттеушiлердiң көрсетулерiне қарағанда, "Шежiренiң" жоғарыдағы көрсетiлгендердiң басқа да көшiрмелерi бар тәрiздi. Мәселен, А.Н. Кононов Ташкенттегi Шығыстану институтының кiтапханасында 361-инвентар номерлi "Шежiренiң" бiр көшiрмесi бар екенiн атаса /мұны тарихшы Ә.Жиреншин де құптайды/, зерттеушi Б.Ысқақов осы аталған институттың қолжазба қорында 7668 және 1223 инвентар номерiнде Әбiлғазының екi шығармасының қолжазбалары сақтаулы деп көрсетедi.

"Шежiренiң" ғылым үшiн, оның iшiнде тарих, этнография және тiл ғылымдары үшiн маңызы, оның кейбiр тiл ерекшелiгi бұл еңбектiң алғашқы аудармашысы Г.С.Саблуковтың кiрiспесiнде сөз болады. Оның айтуынша, "язык, на котором Абулгази рассказал родословную тюрков, есть народный язык Хивы, составляющий наречие тюркского языка, которое ориенталисты отличают от других наречий именем джагатайского. Хивинское наречие тюркского языка, более сохранившее свою чистоту, нежели другие наречия, принявшие в себя много арабских или персидских слов и оборотов, почти одинаково с наречиями киргизов, башкиров и татар

8. Иванов С.Н. Родословное древо тюрков Абулгази хана. Ташкент, 1969, с. 5.

9. Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России. Л., 1972, с. 53-69.

Оренбургских" 10.

Осы кіріспеде Г.С.Саблуков Әбілғазының өзінің монғол және түркі тілдерін жақсы білетіндігін әдейі көрсету үшін кісі аттарына жасаған этимологиясының көп жағдайда дұрыс келе бермейтіндігін айтады. "Погрешность, в которой упрекают Абулгази, — деп жазады автор, — и которая унижающим достоинство его сочинения служит оружием против его исторической правдивости, заключается в этимологических толкованиях собственных имен... знающие монгольский язык не ведае неходят верными его толкования" 11.

Бұдан кейін де әдейі зерттеу болмағанымен, Әбілғазы "Шежіресі" және оның авторы туралы бірнеше мақалалар жарық көреді. Олардың бәрі дерлік әр түрлі энциклопедиялар үшін жазылған. Мәселен, Плишара шығарған энциклопедиялық сөздікте О.И.Сенковскийдің, И.Н.Березин шығарған орыс энциклопедиялық сөздігінде белгісіз автордың мақалалары бар. Сондай-ақ Брокгауз және Эфронның, Гранаттың сөзліктері мен Үлкен Совет энциклопедиясының 1-2 басылымдарында, сондай-ақ Қазақ Совет энциклопедиясында да Әбілғазы туралы мәлімет кездеседі. Бұдан өзге де шет тілдерде жарияланған мақалалар көп. Осы жоғарыдағыларға қоса А.Абражаевтың "Звезда Востока" журналында /1946, №12/ жарияланған "Родословное древо турков" и его автор" деген мақаласы мен К.Осуповтың "Абулгазы и хивинское ханство в первой половине XVII века" деген кандидаттық диссертациясын /1959/ айрықша айту қажет.

Бұлардан кейінгі бір Әбілғазы және оның шығармалары туралы толық мәлімет беретін зерттеу — А.Н.Кононовтың 1933 жылы жарық көрген "Родословная туркмен" атты монографиясы.

Әрине, бұл еңбек, атына сай, "Түрікмен шежіресіне", оның тілдік ерекшеліктеріне арналған. Автор мұнда шығарманың 7 көшірмесінің негізінде оның сынып текстің құрастырып, оның орысша аудармасын /бұрынғы аудармаларға сүйене отырып жасаған/ және грамматикалық очеркін береді. Сонымен бірге монографияның 3 беттік кіріспесінен және адам, ру аттары мен географиялық атауларға берген көрсеткішінен, көлемді библиографиясынан Әбілғазы және оның шығармасы "Шежіре-и түркі" жөнінен де көп мағлұматтар алуға болады.

10. Березин И.Н. Библиотека восточных историков. Казань, 1854, т.3, ч.1, с.1X.

11. Сонда.

Әбілғазы шығармаларының тілін А.Н.Кононов: "Автордың өте шеберлікпен әдебилеген өзбектің халықтық сөйлеу тілінің үлгісі" деп қарайды да, оны түбегейлі зерттеудің өзбек әдеби тілі тарихы мен тарихи диалектологиясы үшін өте қажетті екенін көрсетеді.

Шығарманың тілін автор классикалық шағатай тілінің морфологиялық құрылысы сақталған, бірақ араб, иран сөздерін едәуір шектеп қолдану, халықтың сөйлеу тіліне тән лексиканы молынан кіргізу арқылы өзінің сөздік құрамын бірсыпыра өзгерткен шағатай тілінің кейінгі бір тармағы деп анықтайды.

"Этот простой письменно-литературный язык сочинений Абулгази, - деп жазады одан әрі автор, - мог легко выработаться именно в Хиве, где старая хорезмская литературная традиция в начале XVI в., т.е. со времени установления власти узбеков, получила солидную государственную поддержку, так как именно здесь, в Хиве, в качестве языка официального делопроизводства и исторической литературы прочно утвердился так называемый среднеазиатский тюркский язык, в то время как в Бухарском ханстве в этих же областях применялся преимущественно персидский язык, а в Кокандском ханстве писали нередко по-тюркски, но предпочтение отдавали все-таки персидскому языку"<sup>12</sup>.

А.Н.Кононовтың "Түрікмен шежіресінің" тілі туралы мына бір айтқан ескертпесінің біздің зерттеуіміз үшін де пайдасы бар.

"Әбілғазының сөз болып отырған шығармасының /"Шежіре-и түрікменді" айтып отыр. Авторлар тілімен жітірек танысқанында, тілдік материалдарды жүйелегеніңізде оның тілінің қарапайымдылығы мен жеңілдігі сізді таң қалдырады, мұнымен салыстырғанда тіпті "Бабур жазбаларының" тілі ауыр және түсініксіз болып қалатын тәрізді. Лексикалық, морфологиялық, синтаксистік жағынан байқалатын бұл қарапайымдылық шығарманы оқу үстінде жағымды әсер қалдырғанмен, оның грамматикалық құрылысын сипаттауда тіл маманының көз алдына мүлдем басқаша жағдайды елестетеді: барлығы да тіптен қарапайым, барлығы да таныс, бірде бір "жұмбақ", бірде бір көне, бірде бір сирек тұлғалар кездеспейді"<sup>13</sup>.

12. Кононов А.Н. Родословная туркмен. М.; Л., 1958, с.116.

13. Аталған еңбек, 117-б.



Ақырында, А.Н.Кононовтың айтуына қарағанда, Әбілғазы шығармаларының тіліне арналған А.Иваннның түрік тілінде жазылған мақаласынан<sup>14</sup> өзге әдейі лингвистикалық зерттеудің бұрын болмағанын кереміз.

Тікелей "Түркі шежіресінің" грамматикалық құрылысын сипаттауға арналған лингвистикалық зерттеу - С.Н.Ивановтың "Родословное древо тюрк Абу-л-гази-хана" деп аталатын монографиясы Ташкент, 1969/. Автор өз еңбегін А.Н.Кононовтың аталған зерттеуінің, сондай-ақ А.М.Щербактың "Кене өзбек тілі грамматикасының" заңды жалғасы деп есептей тұрса да, С.Н.Ивановтың зерттеу тәсілі мүлде басқаша, яғни автордың өз сөзімен айтсақ: "В основу методологического подхода к изучаемым явлениям положены идеи диалектической логики, а также некоторые идеи русско-го классического языкознания, главным образом те, которые содержатся в грамматическом учении Потебни"<sup>15</sup>.

Еңбекте Әбілғазы және оның шығармалары туралы автор, негізінен, А.Н.Кононовтың жоғарыда айтылған монографиясындағы мәліметтерге сілтеме жасайды. Зерттеу объектісі ретінде П.И.Демезонның сыни тексін алады да, барлық мысалдарды содан келтіреді. С.Н.Иванов та Әбілғазының "Түркі шежіресін" кене өзбек тілінің ескерткіші деп қарайды. Сондықтан өз зерттеуінің өзбек тілінің тарихи грамматикасын жасауда белгілі дәрежеде пайда тигізетінін айтады.

А.Н.Кононов өзінің 1972 жылы шыққан "История изучения тюркских языков в России" деген кітабында Әбілғазы "Шежіресінің" табылуы, аудармасы, басылуы және зерттелу тарихына әдейі тоқталып өтеді. Бұл жоғарыдағы мәселелер туралы бұрынғы зерттеушілерге төмендегі толықтыруларды қосады.

1. Ф.И.Страленбергтің айтуына қарағанда, ол Әбілғазы қолжазбасын Азбакевич атты Бұхар ахуынан алады. А.Н.Кононов оны /Азбакевичті. - Авторлар/ өзбек деген сөзден алынған емес пе екен деген жорамал жасайды. О баста қолжазбаның аты "Шыңғыз кітап" болып аталады, бірінші рет өз атымен яғни "Шежіре-и түркі" деп атаған академик Г.З.Байер болады<sup>16</sup>.

14. Jnan Abdulkadir. Ebulgazi Bahadur Han ve Türkcesi. Türk Dili Araştırmaları vlligi. Belleten Ankara, 1957, с.29-39.

" 15. Иванов С.Н. Родословное древо тюрк Абул-гази-хана. Ташкент, 1969, с. 7.

16. Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России. Доктыбрьский период. Л., 1972, с. 84.



2. Ф.И.Страленберг қолжазбаны Тобольскіден 1720 жылы Петербурттағы медицина факультетінің президенті И.Д.Блюментростын атына почтамен жібереді. Ол қолжазба алғашқы кезде медицина канцеляриясында, ал кейін Академия кітапханасында сақталған.

3. "Шежіренің" Уфа көшірмесі 1722 жылы Уфа округінің имамы Махсуд ұлы Ниметулланың қолымен көшірілген.

4. Х.Д.Френнің алғашқы жоспары бойынша, Әбілғазы "Шежіресінің" алғашқы басылымы 3 томнан тұруға тиіс болған. 1-том - түркіше текст; 2-том - жана аударма; 3-том филологиялық, тарихи және географиялық ескертпелер /географиялық карталарымен/. Бірақ басылып шыққаны - тек 1-том. Қалған 2 том белгісіз себептермен жарық көре алмайды.

Әбілғазының өз шығармасының тілі туралы айтқан" ...бу тарихны йахшы уа йаман барчалары білсүн теб түркі тілі бірлән айтдүм һәм андағ айтыбмын кім беш йашар ұғлан түшүнүр уа бір кәлима чағатай түркісінден ғарабдын<sup>17</sup> қошмаймын" деген сөйлемі түрколог ғалымдар арасында әр түрлі пікір туғызып келеді.

А.Н.Кононов өзінің жоғарыдағы аталған еңбегінде былай деп жазады: "Абул-гази своим замечанием о том, что он "не прибавил ни одного слова из чагатайско-туркского, персидского и арабского языков", подчеркивает отличие языка своих сочинений от других исторических и литературных произведений, написанных на чагатайском языке. Под чагатайским языком понимается классическая литературная форма староузбекского языка, изобиловавшего лексическими и, реже, синтаксическими заимствованиями из арабского, персидского и таджикского языков... Язык, которым написаны оба сочинения Абул-гази, настолько прост, что автор имел все основания рассчитывать на то, что если не в аудитории, состоящей из пятилетних детей, то во всяком случае, в собрании хивинских горожан эти исторические сочинения, пожалуй, слушали бы как понятный и весьма занимательный рассказ"<sup>18</sup>.

Бүгін қарағанда, А.Н.Кононов Әбілғазы өз шығармаларын дәстүрлі классикалық шағатай тілінен белгілі дәрежеде жеңілдеген, сол тұстағы хива тұрғындарының ауызекі сөйлеу тіліне жақын келетін тілде жазды дегенге саяды. Классикалық шағатай тіліне

17. Петербурттағы Демезон байдаланған қолжазбада "парсыдан" деген сөз бар.

18. Кононов А.Н. Родословная туркмен. М.; Л., 1958, с.115.

төн парсы, араб тілдерінің сөз оралымдары бұл шығармаларда жоқ, лексикалық кірме сөздер де өте аз дегенді айтады.

А.М.Щербак Әбілғазының жоғарыдағы ескертпесін, әдетте, кейбір авторлардың шағатай тілінің жасандылығын дәлелдеу үшін пайдаланатындығын айта келіп, Әбілғазы оны өз шығармасының лексикалық тазалығын көрсету үшін айтқан, ал оның грамматикалық құрылысында парсы тілінің әсері айқын байқалады дегенді айтады<sup>19</sup>. Бұл туралы С.Н.Иванов та өз пікірін айтады. Ол кісінің айтуынша: "Грамматический строй "Родословного древа тюрков" характеризуется простотою слога, синтаксические его фарсизмы незначительны /конструкции с некоторыми союзами, персидский изафет/, синтаксических арабизмов почти нет... Лексика же содержит большое число арабских и персидских заимствований, но отнюдь не больше нежели в других памятниках староузбекского языка, а может быть, даже и меньше... Из сравнения "установок" Абул-гази-хана и особенностей его языка можно сделать вывод, что чистоту языка, его упрощение автор видел не в том, чтобы изгонять из того литературного языка, на котором он писал, арабскую и персидскую лексику, уже усвоенную языком, а в том, чтобы "выражения" его были вполне тюркскими и потому понятными даже для тех, кто не владел основами мусульманской образованности"<sup>20</sup>.

Бір сөзбен айтқанда, С.Н.Ивановтың пікірі Әбілғазының "таза түркі тілімен жаздым" деуі оның шығармаларының грамматикалық құрылысында өзге тілдік элементтердің жоқтығын айтқандағысы дегенге тіреледі.

Біздің ойымызша да, "Шежіренің" лексикасының араб, парсы, тіпті монғол сөздері бірсыпыра. Әбілғазының жоғарыда айтып отырғаны өзге тілдік конструкцияларды, яғни араб, парсы тілдерінің сөйлем құрылысын пайдаланбадым дегенге келеді. Шынында да шығарманың сөйлем құрылысы жатық, түсінікті, түркі тілдерінің грамматикалық құрылысы жүйелі түрде сақталған.

Қазақ ғалымдары Әбілғазының "Түркі шежіресін" өз зерттеу объектілеріне кейінгі кезде ғана алғанын көреміз.

"Шежіренің" синтаксистік құрылысы 1965 жылы жауық көрген

19. Щербак А.М. Грамматика староузбекского языка. М.; Л., 1962, с. 14.

20. Иванов С.Н. Родословное древо тюрков Абул-гази-хана. Ташкент, 1969, с. 4.

Т.Қордабаевтың "Тарихи синтаксис мәселелері" атты монографиясында сөз болады. Автор бұл шығарманы "XV-XVII ғасырлар арасындағы қазақ тіліне тікелей қатынасы бар жазу нұсқаларының бірі ретінде алып қарайды. "Шежіренің" тілі туралы автор: "... шығарма тілі өте жеңіл, қарапайым, түсінікті. Тілінің қазақтарға түсініктілігі жағынан алғанда, бұл шежіре Қадырғали жазған "Жамиғ-ат тауарихтан" да жақынырақ деуге болады. Өйткені Қадырғали шығармасында бізге түсініксіз араб, парсы, монғол сөздері едәуір жиі қолданылса, бұл шежіреде ондай сөздер аз. Олардың орнына түркі туыстас халықтарға түсінікті ортақ сөздер қолданылып отырылады"<sup>21</sup>, - дегенді айтады. Бұдан әрі Т.Қордабаев дәстүрлі синтаксистік категориялардың "Шежіредегі" көрінісін сипаттайды. Оны қазіргі қазақ тілі фактілерімен салыстырады. Зерттеудің нәтижесі ретінде автор ешқандай қорытынды жасамайды. Мүмкін, ол - зерттеудің мақсатына да кірмеген болуы керек.

Т.Қордабаев өз зерттеуін "Шежіренің" 1891 жылғы бір басылымының негізінде жүргізеді. Ол қандай қолжазба негізінде басылды? Бастырушылардың кіргізген жаңалығы жоқ па? - бұларға автор көңіл аудармайды, яғни текстологиялық талдау жүргізуді мақсат етпейді. "Шежірені" кім зерттеді яғни оның зерттелу тарихын да сөз етпейді. Солай ете отырып, бұл нұсқаның тілін, "Жамиғ-ат тауарихпен" салыстырып, біздіңше, кейбір ұшқары қорытындыға келемі. Мәселен, автор "Тауарихта" е көмекші етістігі, негізінде "ерді" түрінде келеді, ал "Шежіреде" еді түрінде кездеседі дегенді айтады. Бұл - жаңсақ пікір. Біз қараған қолжазбалардың барлығында да, сондай-ақ басқа нұсқада да бұл көмекші "ерді" тұлғасында кездеседі. Сол сияқты "Шежіреде" мен жалғаулығы бір ғана илән түрінде келеді" деу де қате, барлық нұсқада бірлән болып келеді.

Енді бір жерінде автор былай деп жазады: "Бұл екі шежіре арасындағы үлкен өзгешелік олардың лексикасында. "Тауарих" лексикасының 1/3 жуығы араб, парсы, монғол сөздері болып келсе, "Шежіре-и түрікте" жүздің тоқсан-тоқсан бес проценттейі - түркі сөздері"<sup>22</sup>. Бұл да - ұшқарырақ айтылған тұжырым ғой деп ойлаймыз.

---21. Қордабаев Т. Тарихи синтаксис мәселелері. Алматы, 1965, 102-б.

22. Атылған кітап, 105-б.

Осындай үстіртін пайымдаулар Ә.Жиреншиннің "Қазақ кітаптарының тарихы" /Алматы, 1971/ атты кітабында да кездеседі. Мәселен, Ә.Жиреншин: "Шежірені" орыс тіліне аударып, кіріспе жазып екі жеке кітап етіп 1906 ж. Қазақ университеті баспасына бастырған - академик Г.С.Саблуков..." - деп жазады. Г.Саблуков аудармасының екі рет /1825, 1906 жж./ басылғаны рас, бірақ екеуі бір жылда яғни 1906 ж. шыққан жоқ қой. Содан соң Г.Саблуковтың академик болғаны жайлы дерек еш жерде кездеспейді. Ә.Жиреншин: "Түркі шежіресі" орыс әлебиетінде және шетелде 1770 жылдан бастап мәлім болады. Полтава жеңісінен кейін қолға түскен швед офицерлері Тоболь қаласында 1770 ж. Әбілғазы қолжазбасына кездеседі", - деп жазады. Шындығында, жоғарыда айтқанымыздай, "Шежіре" бұдан әлдеқайда бұрынғырақ табылып, 1726 ж. Лейденде французша басылып шығады емес пе?!

Одан әрі автор "Шежірені" 1825 жылы орыс канцлері граф. Н.П.Румянцевтің тапсыруымен академик Френнің кіріспесімен латынша жарияланды деп көрсетеді. Шынлығында да, бұл басылымда "Шежіренің" араб әрпімен түп нұсқасы берілген ғой, тек кіріспесі ғана латынша жазылған.

Автордың "Кітаптың тілі жатық, көркем, тартымды, кейбір жерлері өлеңмен жазылған" деуі де шындыққа дәл келе бермейді. Дегенмен Ә.Жиреншиннің "Шежірені" қазақ кітаптарының ішінде сөз етуі бұған зерттеушілердің белгілі дәрежеде көңіл аударуына себепін тигізді.

"Шежірені" және оның авторын қазақ оқырмандарына таныстыру мақсатында жазылған тағы бір мақала - "Білім және еңбек" журналының 1973 жылғы 4-санында жарық көрген, әдебиетші-ғалым Бүркіт Ысқақовтың мақаласы. Бұл мақалада автор Әбілғазының өмір-баянына тоқтала отырып, оның "Шежіре-и таракима" және "Шежіре-и түрік" атты кітаптарынан басқа медицинаға арналған "Манофиг ул-инсан" /"Адамның пайдасына"/ атты кітабы бар екенін жазады. Мұнда ол өзбек тарихшысы Мұхамед Юсуф Баянидің "Шежіре-и Хорезми шахи" атты шығармасынлағы мәліметке сүйенеді/. Парсы тіліндегі бұл кітаптың түрікше бір нұсқасы Өзбекстандағы шығыстану институтында сақтаулы тұр деп мәлімдейді. Б.Ысқақов Әбілғазы еңбегін зерттеушілердің қатарында орыс ғалымдары В.В.Бартольд, И.Н.Березин, А.Н.Кононов, С.Н.Иванов, А.М.Цербакпен бірге өзбек ғалымдары Э.Абдуллаев, Я.Гулямов,

М.Юлдашев, К.Юсупов, А.Шарафитдинов, Х.Құдайназаров есімдерін атайды<sup>23</sup>.

Б.Ысқақовтың жаңсақ жазған бір жері - "Әбілғазының "Түркі шежіресі" ХІХ ғасырдың өзінде орыс тілінде төрт рет 1825 жылы Румянцев баспасында/, 1854 жылы Г.С.Саблуков аудармасында./, 1859 жылы И.Н.Березин кітабында/ және 1906 жылы Қазанда Г.С.Саблуковтың жана аудармасында/ басылып шықты" деуі. Ал, шындығында, 1825 жылғы Румянцев бастырған басылымда "Шежіренің" араб графикасымен терілген толық тексті ғана беріледі, онда орысша аудармасы жоқ. Автордың "Шежіре" аудармасының 1825 жылғы И.Н.Березин кітабында басылды" деуі де шындыққа сай келмейді. Өйткені И.Н.Березин "Шежіренің" 1825 жылғы Румянцев жариялаған нұсқасынан жасаған Г.С.Саблуковтың орысша аудармасын бір-ақ рет 1854 өзінің "Шығыс тарихшыларының кітапханасы" сериясының ІІІ томында басып шығарады. Ал 1906 жылғы басылымды қалайша ХІХ ғасырда шықты деуге болады?!

Ерине, кез келген шығарманың не лексикасын, не грамматикалық құрылысын талдай отырып, оның белгілі бір тілге алыс-жақындығын сөз ету қиын. Ол үшін сол шығармаға жан-жақты /фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, стильдік, т.о. жақтарынан/ тілдік талдау жасалу қажет. Нақтылы біз сөз етіп отырған Әбілғазының "Түркі шежіресі" туралы айтқанда мына бір жай есте болғаны дұрыс. "Шежіренің" грамматикалық құрылысы С.Н.Ивановтың еңбегінде белгілі дәрежеде зерттелді, ал синтаксистік жүйесі Т.Р.Қордабаевтың жоғарыда аталған монографиясында сөз болады. Алайда, осы зерттеулердің басын біріктіріп, Әбілғазы шығармасының тіліне арналған тұтас бір монографиялық еңбек жазу түркология үшін өте қажетті. Ол кітапта "Шежіренің" сыни текстін, транскрипциясын, толық сөздігін және оның тілі туралы зерттеуді қоса берсе, Әбілғазы шығармасы жайлы айтылып жүрген әр түрлі пікірлердің бір ізге түсері хақ. - Бұл - келешектің ісі.

---

23. Білім және еңбек, 1978, № 4, 28-29-б.



"ОГУЗ ҚАҒАН" ЕСКЕРТКІШІНІҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ

"Оғуз қаған" /ОҚ/ эпосының<sup>1</sup> бізге бір ғана нұсқасы келіп жеткен. Бірақ мұның өзі де түпнұсқа емес. Әрі ол ауызша айту-да жүрген байырғы тексін толық сақтап барып жеткен нұсқа да емес.

ОҚ бізге негізгі екі салада өзгеріп барып жеткен: біріншіден, ОҚ-ның байырғы нұсқасы жазуға түсу алдында кейінгі дәуірдің тілдік нормасында айтылып, "жанартылған"; екіншіден, ОҚ көшірушілер /жазуға түсіруші авторлар/ тарапынан редакторлық өзгертулерге ұшыраған. Сол сияқты ОҚ бізге варианттарымен немесе айырым-айырым көшірмесімен де келіп жеткен жоқ. Бір дана ғана жазба нұсқасы сақталып жеткен. Салыстыруға, біріне-біріне фон жасауға ОҚ тексіне жақындап келетін тілдік материал тағы жоқ. Ал бұлар жоқ жердегі тексттік талдаулар да, ОҚ-да бар белгілі бір тілдік құбылыстар жайлы пікірлер де таза субъективті топшылаулар боп қала береді. ОҚ тексіндегі кейбір сөздердің дыбыстық белгілеріне орай айтқан пікірлердің<sup>2</sup> негізінде де осы субъективті топшылаулар жатыр.

Бір ғана жазба документке зор ілтипат жасауға болады. Ол - 1407 жылы жасалған "Қытайша-ұйғырша сөздік". А.М.Щербак 1820 жылы Ю.Клапрот бастырған бұл сөздік жайлы П.Пелльо пікірін былай береді: Оғуз туралы аңыз тексі лексикасы жағынан бұл сөздіктің мазмұнымен толық сәйкесіп жатыр. Оғуз туралы аңыздың тексі мен сөздіктің лексикасындағы, фразеологиясындағы бұл ұқсастық аңыз тексі сөздікті жасаушының иелігінде болды деген тұжырым айтуға еріксіз әкеледі. Қытай аудармашысы оригиналды пайдаланған, болмаған күнде шеферлік қолжазбадан гөрі едәуір

1. Ескерту. Түркологияда "Оғуз-наме" аталатын ескерткішті біз "Оғуз қаған" эпосы деп атадық. "Оғуз-наме" шартты атау шетелдік әдебиетте бұл ескерткіш "Оғуз қаған туралы аңыз" деп аталады. Ал "наме" шығыстық үлгідегі жазба дастандарға тән сөз. "Оғуз қаған" болса, әуелде ауызша туған. Кейінгі варианты батырлық ертегіге көп жақын. Сол үшін де "наме" сөзін қосып атау бұл шығарманың табиғатына барынша қайшы келеді. Ал мақалада біз "Оғуз қағанды" /ОҚ/ деп қысқартып бердік.

2. А.М.Щербак бұл пікірлерді де және бұл пікірлерді құптай я терістей отырып айтқан сөз" пікірлерін де "Оғуз-наме" мұхабатта-наме" деген кітаптың "Язык сказания, время и место написания" деген бөлімінде 101-107 б./ айтқан.



ертеде жазылған өзге бір нұсқасын пайдаланған. Мұны дәлелдеу қиын емес: егер бұрынғы тексте мүйіз тұжықты шартты бейнелейтін сөз /"қат"/ бірдей және бір ғана формада беріліп отырса, шаферлік нұсқада белгісіз көшіруші бұл сөзді бірнеше вариантта ері оқылуы қиын үлгіде береді. Бір сөздің жазылуында бұл екі еске, кішінің айырмашылығы мынау:

"Оғуз туралы аңыз"	"Сөздік"
1. чубујан	чыбыјан
2. кік	кіјік
3. чубуқ	чыбық
4. өндік	үндік
5. напсікі	нівасікі
6. көгүс	көксүм
7. адуғ	адығ
8. қыат	қат
9. чоң	сол
10. чамат	чымат
11. тундук	түндік
12. нүкар	нүкүр
13. қанға	қанлы
14. қаратыр	қатыр
15. бәдан	будын
16. йаң/ғ/ақ, йән/ғ/ық	йаңақ
17. қапу	қапы <sup>3</sup>

Басқа көне ескерткіштерде кездесе бермейтін бұл сөздердің екі ескерткіште қатар келуі олардың бір негізділігін көрсетеді, ері бұл "сөздік" 1407 жылға дейінгі жерде-ақ "Оғуз туралы аңыз" тексінің бар болғанын жазба документ ретінде дәлелдейді де.

Бірақ ОҚ-ның текстологиясы үшін бұл сияқты жеке сөздердің куәлігі аздық етеді. Өйткені жалпы текстология мәселесі ескерткіштердегі белгілі бір сөздерде бар дыбыстық я әріптік айырмдарды көрсетумен ғана шектелмейді. Текстология белгілі бір жазба ескерткіштің бүкіл сюжеттік-композициялық құрылысын, сөйлем жүйесін, белгілі топтағы дағдылы сөздердің /формулардың/ келу орнын, дәстүрліліктің сақталуын я бұзылуын, дыбыстағы және грамматикалық формадағы айырмдарды, т.б. қарастырады.

3. А.М.Щербак. Аталған кітап, 106-106 б.

тырады. Осылар негізінде барып тексттік айырымдар есепке алынады, ескерткіш тексінің өзіндік сипаты танылады.

Әрине, ОҚ тексі қоса берілмеген соң оқушы кейбір жайларды түсіне де бермеуі мүмкін. Оның сыртында мақала "Оғуз қаған" ескерткіші жайлы жазылған монографиядан үзіп алынып отырғандықтан, басталуы да, аяқталуы да бөлектеу боп келген. Мақала жүйесіне тән осы "олқылықтар" үшін оқушыдан алдын-ала кешірім сұраймыз.

### ДЫБЫСТЫҚ АЙЫРЫМДАР

Сөз басы дыбыстардың жазылуындағы айырымдар:

1. Ж/й әрпін бір сөзде қатар қолдану: жол /26-3, 38-8, 39-7/ - йол /28-5/, йүру /2-3, 6-9/ - жүру /27-4/; йумша /20-5, 14-1, 4, 23-1/ - жумша - /12-5/;

2. Т/ч әрпін бір сөзде қатар қолдану: таң ерте /4-4/ - чаң ерте /16-1/; тап /1-3, 35-1, 42-1/ - чап- /38-9, 39-8/; таш- қарун /33-6/ - чаш+қарун /35-4/;

3. Б/м әрпін бір сөзде қатар қолдану: бунда /3-2, 3; 34-1/ - мунда /39-9; 30-3/; беңә /20-8; 21-6/ - меңә /21-3; 23-1/.

Екінші буындағы дыбыстардың жазылуындағы айырымдар:

1. Ы/у әрпінің қатар жазылуы: балық /14-9/ - балуқ /20-6, 7/; қымыз /11-3/ - кумыз /9-8/; жарлық /10-9... / - жарлуқ /21-9/; йарып /1-4/ - йаруды /8-3, 10-4/.

Қосымшадағы дыбыстардың жазылуындағы айырымдар:

1. Ы/у әрпінің қатар жазылуы: ағызға /14-4, 30-8/ - ағызумға /13-1, 4/; басып /13-6/ - басуп /3-7/; беріп /12-6, 7; 22-5, 7/ - беруп /21-4/; чекіп /13-5/ - чекүп /27-1/; ел күндернің /19-1/ - ел күннің /32-1/; қағанның /26-8/ - қағаннун /14-8.../ сенің /22-1, 3/ - сенілернүн /34-3, 40-2/; аның /31-5/ - ануң /31-1.../

2. А/у әрпінің қатар жазылуы: мундан /1-2, 9; 29-4/ - мундун /1-9; 1-8, 25-3/; урушгудан /33-4/ - урушгудун /30-9/.

Грамматикалық формалардағы варианттық айырымдар

ОҚ-да грамматикалық формалар барынша тұрақты: вариант-қосымшалар жоқ дерлік.

1. ІУ, -УНЧ формасы. Бұл формалар бір ғана сөзге қатар қолданып келеді: урушгу /18-7 .../ - урушунч /19-2/;

2. -НДА, ДА формасы. ОҚ-да көнекі есімдердің 3-жақ тәуел-

дік формадан соң жатыс септігін жалғауда ерекшелік бар.

а/ Бір сөзде -НДА, - ДА формасының қатар келуі: ара-сы-нда /7-1,9-8/ - ара-сы-да /20-4/; баш-ы-нда /7-3/ - бас-ы-да/20-3, 31-8; 41-2,5/;

ә/ Әр түрлі сөздерде -НДА, - ДА формасының қатар келуі:

іч-і-нде /3-4/

ара-сы-да /20-4/

түб-і-нде /5-1/

йан-ы-да /35-6/

қабучақ-ы-нда /8-9/

йағ-ы-да /41-7/

үст-ү-нде /26-5,31-7/

аралар-ы-да /19-1/

### Лексикалық айырмдар:

ОҚ-да текстін әр тұсындағы бір жағдайда және бір орында кейбір сөздер ауысып келіп отырады:

а/ "деді", "айтты" сөздерінің қатар қолданылу жағдайы:

андан соң деді кім /5-7/

тақы айтты кім /23-1/

тақы деді кім /11-6/

тақы айтты кім /24-6/

тақы деді кім /16-8/

айтты кім /28-1/

тақы деді кім /20-5/

тақы айтты кім /32-6/

тақы деді кім /21-2/

тақы айтты кім /37-8/

тақы деді кім /23-7/

тақы айтты кім /39-2: 40-1/

тақы деді кім /36-8/

тақы деді кім /42-2/

ә/ "бег", "нөкер" сөздерінің қатар қолданылу жағдайы:

Тойдан соң Оғуз қаған беглерге,

нөкерлерін, ел күнлерін

ел күнлерге жарлық берді /11-4/.

жарлап чақырды /40-6/.

атлап, ел күнлерні, беглерні

Оғуз қағанның черігіге, нө-

келдүргілі /25-4/.

керлеріге, ел күніге /31-1/.

нөкерлернүн, ел күннүн /31-9/

б/ "уруш-тоқуш", "урушғу-тоғушғу", әрі "урушунч-тутушунч" сөздерінің қатар қолданылу жағдайы:

Оқлар бірле, қылычлар-бірле уруш-тылар /30-5/.

урушғу титулды /18-7/.

андағ йаман урушғу болды /34-6/.

уруш-тоқуш башланды /30-5/.

андағ йаман урушунч-туту-лунч болды /19-2/.

көп урушгудан, көп тоғуш-гудан соң /33-5/.

в/ "ошбу", "ошул", "шул", "бу" және "ошу", "ол" сөздерінің

қатар қолданылуы жағдайлары:

<u>"ошбу"</u>	<u>"ошул"</u>	<u>"шул"</u>	<u>"бу"</u> , <u>"ошу"</u>
ошбу баруқнұң	ошул оғулнұң	шул буғуны	бу йағнұң
ошбу білдүргі- лікте	ошул орман		бу чебер
ошбу кім	ошул қыз		бу алтун йа
ошбу Алтун қаған	ошул кім	ол жаруқтун	
ошбу көк бөрі	ошул урум		
	қаған		
	ошбу бөрі		
	ошул балуққа		
	ошул бег		
			ошу йығачның
	ошул йығач		
	ошул айғыр ат		

г/ "андан", "мундан" сөздерінің қатар қолданылуы: андан соң ерте болды /4-4/, мундун соң ерте болды /4-8/.

Жеке сюжеттердің бастау формасына тән және сөйлем құру, текст құру сипатына тән ерекшеліктер

1. Бастау формаларына тән ерекшеліктер. Жеке сөйлем құруда немесе бір сөйлем желісін аяқтап, екінші сөйлем желісін бастауда әрі бастау сөз, әрі жалғастырушы сөз қызметін атқаратын формуланы жиі пайдалану ОҚ-ға тән негізгі ерекшелік.

Егер "болсунғыл деп деділер" деген айтушының "бисмилласы" /"болеунғыл" / мен хатқа түсірушінің оны хабарлау /"деп деділер"/ сөзін алып тастаса, әрі "анұң анағусу ошбу туруп" деген текске қатысы жоқ, эпосты хатқа түсірушінің "Оғуз қаған" сөзіне өздігінен жасаған анықтамасын алып тастаса, атақты ОҚ эпосы "Тақы // мундан соң" /"Тақы" және "мундан соң" / деген формулалармен басталады. Іле екінші сөйлем "кене // күнлерден бір күн" деген формулалармен басталады:

Тақы // мундан соң // сөвінч таптылар. Кене // күнлерден бір күн Ай қағанның көзу йарып бодады.

Екі сөйлемнің басында тұрған "тақы", "кене" сөздерінің екеуі де жалғастырушылық, ойды сабақтаушылық қызмет атқаратынын қарамай, әрі бірінен соң бірі қатар келіп тұр, әрі эпостың басқы екі сөйлемінде келіп тұр.

Бұл арада эпосты бастау дәстүрі бұзылған. Я бірінші сөйлем болмай екінші сөйлем "кене" сөзінсіз басталуы керек еді, я бұлардың алдында тағы бір сөйлемдер болуы керек еді.

Әңгіме басы - дүниеге "оғулдың" /болашақ геройдың/ келуі. ОҚ тексінің өзге жерінде осындай сәт екі рет бір ізбен келеді.

... Төл боғаз болды. Күнлерден соң, кечелерден соң йаруды, үч еркек оғулы тоғурды /8-1; 10-1/.

Бұл арада "кене" формуласы жоқ.

ОҚ эпосының ө дегенде басқа бір сөзбен басталмай, "тақы, кене" формулаларымен басталуы көп ой түсіреді. Осыған жалғас келетін "севінч таптылар" сөзі кімге қатысты? "Тақы мундан соң" сөзі қандай ойдың келесі сабағы, жалғасы? - деген сұрақ еріксіз туады.

Бұл сұраққа жауап бере қою өте қиын. Ойдың барысы ОҚ тексін: "Күнлерден бір күн Қара қағанның ұлуғ қатуны төл боғаз болды" - деген сөйлемнен бастауды қалайлы. Бірақ эпос Оғузды әкелен туғызғысы келмей отырсашы?! Эпос үшін мұның өзі әбден заңды да. Онда бұл сөйлемнің /"тақы мундан соң севінч таптылар"/ алдында текске тікелей қатысы бар ["Болсунғыл! - деп деділер. Ануң анығусу ошбу туруп" деген сияқты текске қатысы жоқ бастау сөз сияқты емес] бастау сөз болуы керек. Ол сөзді көшіруші я жазуға түсіруші "қалдырып" кеткен...

ОҚ тексі алдыңғы екі жанама сөйлемді қоспағанда 17 желіден тұрады:

II. Кене // күнлерден бір күн... /1-3/.

III. Күнлерден соң, кечелерден соң /2-8/.

IV. Кене // күнлерде бір күн /6-4/.

V. Андан соң Оғуз қаған бөдік той берді /10-8/.

YA. Кене // андан соң Оғуз қаған төрт сарыға жарлық жумшанды /12-3/.

YB. Кене бу мақта оң жанақта Алтун қаған деген бір қаған бар ерді /13-7/.

YB. Чоң жанақыда Урум деген бір қаған бар ерді /14-7/.

YГ. /VI/ Черіг бірле атлап, туғларны тутуы кетті /15-6/.

YД /VI<sup>a</sup>/ Кене // андан соң Оғуз қаған құрықанны түртүрді /17-2/.



- ҮІІ. Мунда ітіл мүрен деген бірталай бар ерді /18-4/.
- ҮІІІ. Урум қағаннун бір қарундашы бар ерді. Урус бег деген ерді /20-1/.
- ІХ. Кене черіг бірле Оғуз қаған Ітіл деген мүренге кетті /23-4/.
- Х. Тақы // Ілгеру кетті. Андан соң Оғуз қаған-кене көк түлүклүг көк жаллуг еркек бөрі көрді /24-8/.
- ХІ. Ілгеру кетті /// Кене жолда бедүк үй көрді /28-4/.
- ХІІ. Ілгеру кетті // Кене // Бір күн көк түлүклүг көк жаллуг еркек бөрі йүрүмейн тұрды /29-4/.
- ҮІІІ. Урушгудун соң Оғуз қағаннун черігіге... улуг өлүг баргу түштi /30-9/.
- ХІҮ. Кетті // Андан соң // кене // бу көк түлүклүг көк жаллуг еркек бөрі бірле... /32-9/.
- ХҮ. Кене /// таш қарун қалмасун /33-6/.
- ХҮІ. Кене // таш қарун қалмасун /35-4/.
- ХҮІІ. Андан соң ерте болупца ақаларны - інілерні жарлап келтүрді /37-6/.
- ХҮІІІ. Кене // андан соң Оғуз қаған улуг құрылтай чакырды /40-4/.

Әрине, бұл бөлудің қайсыбірінле шарттылық та бар. Көшірушілер не жазуға түсірушілер жеке-жеке желілердің жігіне келгенде олардың қайсыбірін бір сөйлем конструкциясына біріктіріп, жалғастырып жіберіп отырған. Бұл өзіндік әңгіме. Бірақ қалай дегенде де эпоста әрбір сюжет желінің бастау сөзінде белгілі дәрежеде бірізділік бар. Тіпті бұл бастау сөздер бір желі ішіндегі жеке-жеке ой, оқиға басында /сюжет ішілік сюжет басында/ да келіп отырады. Айталық, Ш желінің ішкі бастау сөз келісімі мынадай:

Ш. Күнлерден соң, кечелерден соң йігіт болды.

а/ бу чакта:

б/ күнлерде бір күн алға чакты.

1. андан соң ерте болды;
2. мундан соң ерте болды;
3. кене шу йыгачнын түбінде тұрды;
4. кене келіп көрді;
5. андан соң деді кім.

Әрине, бұл жердегі бірізділік принципі әр желінің басында қалайда бір формуланың бастау сөз боп келуінде ғана сақталған. Болмаса бұл формулаларда едәуір алалық, айырым бар...

2. Сөйлем құруға тән ерекшеліктер. Әрбір деректі өз алдына жеке-жеке сөйлем түрінде беру барша батырлық ертегілерге, эпостарға тән негізгі ерекшелік: сыйыстыру, ықшамдау, топтау /топтап бір-ақ айту/ эпосқа жат. Соңғы тәсіл жазбаға тән тәсіл. Өйткені ауызша шығарма сөйлем құруда жеңіл, оңай тәсілге екі тұрғыдан бейім тұрады: бірінші, сабақтассыз даралық, жалғассыз даралық бір ойдың үнемі өз алдына бітіп, аяқтап отыру талабынан келіп туады; бір ойды өз алдына бітіріп, аяқтап отыру тәсілі ауызша сөз тоқуға қолайлы тәсіл. Бұл ой желісінен, ой сабағынан адасып, шатасып қалмау үшін де қажет. Дара жай сөйлемділік әрі негізгі қалып, әрі ой тәртіптілігінің бірден бір кепілі; екінші, осы шарттылықтың бәрінің бір ұлы тыңдаушыға, олардың талабына барып тіреліп жатады: тыңдаушы әрі бір бірінен дара, әрі бір-біріне жалғас, әрі бір біріне ұқсас сөйлем қалпын қабылдауға бейім, өйткені мұндай сөйлемде болатын ікі моделіндегі, тілдік формадағы бірізділік тыңдаушы ойына өз көлеңкесін тез әрі анық түсіреді. Себебі олар тыңдаушы ретінде де мұрагерлер. Ал бұл тыңдаушы-мұрагерлердің ой сахнасында ауызша туған шығармалар бүкіл болмысымен сан рет "ойналып" өткен, осы арқылы олардың ой-жадында таныман сөйлем-өрнектердің декоративтік көріністері өз іс таңбасын түсірген. Сол үшін де олар басқа емес, дәл осы үлгі-модельде сөз тууын сөзсіз талап етіп отырады.

Міне, ауызша туған шығармаларға тән осы шарттылық тұрғысынан келіп қарасақ, ОҚ тексінде эпостың осы ауызша туу дәстүріне сәйкесе бермейтін сөйлем құрылымы кездесіп отырады.

#### "А" ТОП

1. Ошул оғулнун өнлүгі, чырағы көк ерді,  
ағызы аташ қызыл ерді,  
көзлері ал /?/  
сачлары, қашлары қара ерділер ерді.
2. Адағы уд адағы дег /?/,  
биелері бөрі беллері дег /?/,  
йағры кіш йағры дег /?/,

- көкүзү адуу көкүзү дег ерді.
3. Бу чақта бу йерде бір улуғ орман бар // ерді,  
көп мүренлер, көп өгузлер бар // ерді,  
бунда келгенлер кік көп-көп // ?/  
бунда учқанлар куш көп-көп // ерді.
  4. Ануң көзу көктүн көкрек /// ерді,  
ануң сачы мүрен усуғы дег // ?/  
ануң тіші үнжу дег // ерді.
  5. Бу үйнүн тағамы алтундан /// ерді,  
тундуқлары күмүштүн // ?/  
қалықлары темүрдүн // ерділер ерді.
  6. Йылқылары көп // ?/  
уд-бузағлары көп // ?/  
алтун күмүшлері көп // ?/  
ердәнілері көп // ерділер ерді.
  7. Қырық шіра // ?/  
қырық бәндән // чаптурды.
  8. Бізнің қутыбыз сеннің қутуң болмуш // ?/  
бізнің уруғыбыз сенің йығачуннұң.  
уруғы болмуш // болуп туруп.
  9. Көп урушғудан // ?/  
көп тоқушғудан // соң.

Міне, осы сөйлем топтарында ауыша айтуда сөзсіз талап етілетін біріаділік, бір формаластық сақтала бермеген. Егер 1-6 текстегі сұрау белгілі қойылған орындарда "ерді" сөзі түсіріліп отырса, 7 және 8 - сөйлемде баяндауыштар түсіріліп қалып, сөйлем сыйыстырылған. Ал 9-сөйлемде бірінші "соң" шылауы түсіріліп отыр.

### "Б" ТОП

ОҚ-да бағыныңқы сөйлемі көсемше формасында келетін сабақтас сөйлем өте сирек. ОҚ-да сабақтас сөйлем өте сирек, ал бағыныңқы сөйлем баяндауышы көсемше формасында келетін сабақтас сөйлем тіпті аз.

Жай сөйлемдерге тән етістік баяндауыштардың жедел өткен шақ формасында тұруы және көбіне олардың бірыңғай тұлғада келуі ОҚ тексінің сөйлемдеріне тән негізгі ерекшелік "Қырық күндүн соң бөлүккелді, йүрүді, ойнады" /2-2/.

Осы шарттылыққа, дәстүрлікке қарамай, ара-тұра ерекше сөйлем түрлері кездесіп отырады:

Кене күнлерден бір күн ай қағаннун көзү йарып, бодады" /1-4/, "Ошул огул анасының көкүзүндүн огузны ічіп, мундун артығрақ ічмеді" /1-9/. "Ол бөрінің артыларын қадағалап йүругүде туруп ерділер ерді" /17-8/. "Тәңрі сенға йер беріп, буйурмыш болуп туруп" /22-5/, "Бергү беріп, достлуқтан чықмас турупман" /22-7/, Музтағларда көп соғуқ болупдан, ол бөг қағардан сарунмыш ерді /27-8/.

Оқ тексінің өзге бір жерінде күнлерден соң, кечелерден соң йаруды" /8-2; 10-2/ - деген сөйлем бар. Бұл екі сөйлем бірін бірі толықтырады. Тегінде бірінші сөйлем: "кене күнлерден бір күн ай қағаннун көзү йаруды" [бодады] түрінде келіп, екінші сөйлем: "күнлерден соң, кечелерден соң, көзү йаруды" түрінде келуі лайық сияқты. Көсемшелі форма жазбаның әсері.

"... огузны ічіп" дегенде де жасандылық бар. Ол кез үшін кейінгі әдебиетке /тіпті тілге/ тән "тек", "ғана сияқты шақтау мәнді көмекші сөздер көп жұмсалысқа түспеген. Сондықтан да "артығрақ" сөзі /"Ошул огул анасының көкүзүндүн огузны ічіп, мундун артығрақ ічмеді"/ осы екі сөздің бірінің жүгін қоса арқалап тұр. Басқаша айтқанда, "іч" сөзі және оның көсемше формаға түсірілуі ғана кейінгі сөйлемді тапқан.

Оқ-ның күллі тексінде етістік-баяндауышты пысықтайтын сөз екі-ақ рет кездеседі: бірі - жоғарғы сөйлемдегі "артығрақ" сөзі де, екіншісі - қадағалап" деген көсемше формалы сөз.

Тегінде бұл екі сөз де, бірінің көсемшелі формада тұрып, екіншісінің - рақ формасында тұруы да жазбаның әсері. Мұның сыртында қадағала- сөзінің өзі Оқ-ның байырғы нұсқасына тән төл сөз емес. Бұл сөз Оқ жазбаға түскен XIII-XIV ғасырға тән жаңа сөз кірме сөз.

Қорытынды ретінде айтырмыз мынау. Бұл мақалада "Огуз қаған" ескерткішінің текстологиясына тән көп ерекшеліктен осы төрт бөлім ерекшелікті ғана бөліп атадық. Ал байырғы оұл эпостың а у ы з ш а айтылған үлгісі тексіне жазуға түсіру кезінде жасылған өзгерістерді - жалпы жазудың әсерін, жазба белгілерді біз өзге мақалада сөз етеміз.

## ҚЫПШАҚ БЕРКЕ ФАҚИХТЫҢ ТІЛІ

Берке фақиһ /Берке ибн Беркеез Қандуд ибн Едгу алжинси ел-қыбчақи/ - ХІҮ ғасырда Мысырда өмір сүрген адам, руы-қыпшақ. Өз нәсілі туралы Берке былай дейді: "Өзүм мүмін вә мүслим ма аслым Қыбчақ - Өзім мүсылман мүхаметтік, асылым - Қыпшақ.

Берке өз заманына сай үндік білім алған, өте сауатты, аты Мысыр қаласына әйгілі, атақты білімдар адам болған. Оның "фақиһ" деп аталуы да сол себептен. "Фақиһ" - шариат заңдарын жақсы білетін адам деген сөз. Шариат заңдарын білімді адамдар ғана жақсы білетіні белгілі.

Әдетте Беркенің аты жеке аталмайты. Оның аты ХІҮ ғасырдың алғашқы жартысында /1341 ж./ жазылған "Хусрау уа Ширин" атты әйгілі поэманың авторы Құтыптың есімімен қоса айтылады. Әйткені Берке фақиһ. - Құтыптың осы "Хусрау уа Ширин" поэмасын ІЗВЗ жылы түп нұсқадан қайта көшіріп жазған адам. Поэманың қазіргі күнге дейін сақталған жазбасы - осы Берке фақиһ көшіріп жазған нұсқа.

Берке фақиһ та ақын болған. Ол Құтыптың "Хусрау уа Ширин" поэмасын жай ғана көшіріп қоя салмай, поэма біткеннен кейін өз атынан 102 жолдық 51 бәйіт жазып қалдырған. Бұл бәйіттердің жазу дәстүрі де сол кездегі Орта ғасыр ескерткіштерінен және Құтыптың "Хусрау уа Ширин" поэмасында қолданылған орта ғасырлық әдеби тілдің жазу дәстүрінен алыс кетпеген. Автор өте сауатты адам болғандықтан, өз заманының дәстүрлі жазу дағдысын мұқият сақтауға тырысқан. Сол кездегі жазба әдеби тіл нормасымен жазған. Біз бұл мақаламызды осы Берке фақиһ жазып қалдырған бәйіттердің тілін /Берке фақиһтың тілін/ талдап, кейбір негізгі ерекше заңдылықтардың көзін ашуға арнадық.

Берке фақиһ тілінде де "Хусрау уа Ширин" поэмасындағы сияқты көне сөздер мен жаңа сөздер қатар қолданылып отырған. Мысалы: ел мен қол, "сұра" деген мағынадағы қол мен сорі қой және қойун сөздері. Бұлардың ішінде қолға қарағанда ел /ел іг / сөзі көне де, сор - /сұра/ дегенге қарағанда қол /сұра/ сөзі көне. Қол түбірі қазақ тілінде қолға сөзінің құрамында сақталып қалған. Сол сияқты "жазды" деген мағынадағы жаз сөзіне қарағанда біті - сөзі әлдеқайда көне. Соған қарамай, Берке



фақиһтың тілінде бұл сөздердің екеуі де қатарласа 6 реттен қолданылған. Білә, бірлә, біргә сөздері де солай, бір-бір реттен қатар қолданылған.

Сөздерді осылайша қатар қолдануымен қатар Берке фақиһ тілінде бір сөздің өзін екі түрлі фонетикалық вариантта айту дағдысы да бар. Мысалы, кәл - мен кел-, унут- пен уныт-сөздері қатар қолданылған. Бұлардың өзара фонетикалық айырмашылықтары жазу жүйесінде анық көрініп отырған. Егер кәл - болса, کل болып жазылған да, кел-болса كيل болып жазылған. Сол сияқты унут- болса ونوت

түрінде, уныт - болса ونت түрінде жазылған. Мұндай айырмашылықты мән من және мен مين сөзінің жазылу жүйесінен де анық аңғаруға болады. Демек, Берке фақиһ тілінде кейбір сөздердің екі түрлі фонетикалық вариантта айтылуы сөздерді қатар қолданудың өзіндік бір түрі сияқты олардың айтылудағы фонетикалық жігін айырып көрсету тәрізді тәсіл ретінде көрінеді. Кәл - қарлуқ тіліне тән болса, кел- қыпшақ тіліне тән деген сияқты.

Берке фақиһтың тілінде жалаң және күрделі болып келетін сөздердің барлық түрлері де қолданылған. Олардың ішінде Алтын-боға /алтын - боға/, ошбу /ош - бу/, ошол /ош - ол/, сәксан /саксан/ сияқты біріккен және кіріккен сөздермен қатар түн-күн /күндіз-түні/ тәрізді үстеу мәнді қос сөздер де кездеседі.

Сөз түрлерінің ішінде ерекше назар тартатын тұлға - түбір сөздердің құрылымы. Онда бег /бек/, сөз, йол, ікі, тобрақ сияқты ешбір күмәнсіз түсіне беретін айдан анық сөз түрлерімен қатар анда /онда/, анчақ /ондай/, кізән /тығыл, жасырын/ сияқты сөздердің құрамында кездесетін ан /ан - да, ан - чақ/, кіз /кіз - лән/ тәрізді түбір тұлғалар да кездеседі. Бұлардың түбір тұлғалар екенінде дау жоқ. Бірақ олар өздігінен дербес мағыналы түбір сөз ретінде жеке қолданыла алмайды. Сөздің құрамындағы жалғау, жұрнақ сияқты қосымша морфемаларын бөліп алып қарағанда ғана түбір тұлға дәрежесінде танылады. Бір кездерде, мүмкін, ан тұлғасы ол есімдігінің көне формасы деген сияқты актив түрде қолданылған дербес мағыналы сөздер де болған шығар, бірақ қазір дәл сол мағынасында жеке қолданылмайды. Біз мұндай түбір тұлғаларды өз алдына бөліп алып түпкі түбірлер деген атпен жеке талдау жасадық.

Дыбыстық құрамына қарай топтап жіктегенде, Берке фақиһ тілінде түпкі түбір тұлғаның бір буынды ғана болып келетін

5 түрі /Г, СГ, ІС, СГ, ІСС/, негіз түбірлердің бір, екі, үш буынды болып келетін 13 түрі /С, СГ, СІС, ІСС, ІСІС, ІССГ, СІСІС, СІССГ, СІССІС, СІСІССГ/ бар екені анықталды. Туынды негіздер 4-5 дыбысты болып басталып, 8-10 дыбысқа дейін жеткен. Жеке саралап талдағанда, дыбыстық құрамы мен буын түрлеріне қарай түбірлердің өзіндік сипаттары мынадай болып келеді.

Түпкі түбірлер.

Түпкі түбірлер 5 түрлі /Г, ІС, СГ, СІС, ІСС/ формада қолданылған.

Г - бір дыбысты, ашық буынды. Мысалы: аны /а-ны/, анын /а-нын/ дегендегі а тұлғасы.

ІС - екі дыбысты, бітеу буынды. Мысалы: анда /ан - да/, анчақ /ан-чақ/, үзрә /үз-рә/ дегендегі ан, үз тұлғалары. Ан тұлғасы қазіргі түркі тілдеріндегі ол жіктік - сілтеу есімдігінің көне түрі де, үз тұлғалы үсті, үстіне дегендегі үс түбірі және қазақ тіліндегі үзегі /үз-е-н-гі/ сөзінің үз түпкі түбірімен тектес болу керек.

СГ - екі дыбысты, ашық буынды. Мысалы: біла /бі - ла/, қа /қа-ч/, мәнін /мә - нін - дін/, мені /ме - ні/ дегендегі бі, қа, мә, ме тұлғалары. Мұндағы бі күні бүгінге дейін айтылатын бірла сөзінің құрамындағы бір бөлшегінің бі түрі болу керек те, қа тұлғасы қандай /қа - н - дай/, қай /қа-й/ сөздерінің сұрау мәнді түпкі түбірі қа тұлғасымен тектес.

СІС - үш дыбысты, тұйық буынды. Мысалы: бурунрақ /бурун-рақ/, кізлаң - /кіз-ла-н/, татлығ /тат-лығ/, түкәт /түк-ә-т/ сияқты сөздердегі бур-, кіз-, тат-, түк- тұлғалары. Бұл тұлғалардың да ара жіктері өте анық ажыратылған. Кейбір тат - сияқты түбірлердің қазіргі қазақ тіліндегі "тамақтың дәмін татып едім, тұзы татымды екен" дегендегі тат - /тат - ып, тат - ым. - ды/ тұлғасы екені айқын. Бірақ ол өлі түбір дәрежесінде табылады.

ІСС - үш дыбысты, бітеу буынды. Мысалы: арслан /арс - лан, сөзінің құрамындағы арс тұлғасы. Біз бұл сөзді екі тұлғаға бөлгенде проф. Қ.Жубановтың арслан сөзін ар және лан бөлшектерінен құралған. Ондағы лан "ит" деген мағынаны білдіреді, деген пікіріне сүйеніп жасадық. Ә.В.Севортян алтай тіліндегі І. Жубанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966, 71-б.

ағас сөзін ақ арыс дегеннен шыққан "белый хорек"<sup>2</sup> дейді. Сонда арыс "хорек" болып шығады.

#### Негіз түбірлер.

Негіз түбірлер 13 түрлі /ГС, /СГ, /СГС, /ГСС, /ГСГС, /СГСГ, /ГССГ, /СГСС, /СГСГС, /СГССГ, /СГССГС, /СГСГССГ/ формада қолданылған.

ГС - екі дыбысты, бітеу буынды: ай, ай - /ай - ыт/, ал-, ат, ат - /ат - ып жіберді/, өл /қол/, ер- /еді/, ет-/істе/, ол он, іч, іш/іс/, т.б. Бұл түбірлер өз алдына жеке сөздер ретінде дербес қолданылуымен қатар айыт-, атағ, атан-, атлығ, ачын /аштай/, ішік /есік/, ічрә сияқты туынды түбірлердің де құрамында қолданылған.

СГ - екі дыбысты, ашық буынды: бу /бұл/, ма /шылау/, не, те- /де, айт/, т.б.

СГС - үш дыбысты, тұйық буынды: бақ- /қара/, бар, баш, бег, бер-, беш, бол-, біз, біл-, бір, иен, йаз-, йақ, йара- /ына/, йер, йоқ, йол, йүз /жүз/, йүр-, кәл-, кел-, кет-, көб-, көз, көр, күн, күч, кім, кел-, қат /қасы/, қой, қой-, қол, қол - /сұра/, күн, құт, қыл-, қыр, ман, мун, мін-, мін /мың/, сәл-, сан /есеп/, сен, сөз, соң, сор- /сұра/, таб-, тоқ, тұр-, тіл, т.б. Түбірдің бұл түрі барынча, біліг, бірла, жетік, йолдас кетар- /кетір/, құлғуға сияқты туынды түбір сөздердің құрамында да кездеседі. Поэма тексінде қолданылған тілә-, тіләк сөздерінің негізгі түбірі тіл мен шішән - /шығырл/ сөзінің шіш түбір тұлғаларын да негізгі түбірдің осы түріне жатқыза-  
мыз.

ГСГ - үш дыбысты, екі буынды /ашық+ашық буынды/: оқы-, уладі /ие/, ікі. Бұл түбірлер де оқымақ, улаш сияқты туынды сөздер құрамында кездесіп отырады.

ГСС - үш дыбысты, бітеу буынды: алт /асты/. Алт түбірін ары қарай бөлшектеп, ал - т деген тұлғаларға бөліп жіберуге болар еді. Мысалы, Ә.В.Севортян аст сөзінің тұлғасы жайлы: "аст входит в систему пространственных обозначений. вместе с ал-т, ал-д, үс-т, в некоторых - т является показателем с пространственным значением"<sup>3/</sup> - дейді.

ГСГС - төрт дыбысты, екі буынды /ашық+тұйық буынды/: авуч /уыс/, айақ, алыс, өкүш /көп/, уған /жаратқан/, үчүн, т.б.

2. Севортян Ә.В. Тюркские ас. аскыр-, аст. асы и др.-Тюркологический сборник. №., 1955, с. 115.

3. Севортян Ә.В. Аталған еңбегінде, 115-б.

СІСГ - төрт дыбысты, екі буынды /ашық + ашық буынды/: бәрі, жеті, тақы. Бұл түбірлердің де кейбірін этимологиялық тұрғыдан бірнеше бөлшек тұлғаларға бөліп қарауға болар еді. Мысалы, жеті сөзінің тұлғалық жүйесі жет-ті болып бөлшектенетіні сияқты.

ГССГ - төрт дыбысты, екі буынды /бітеу+ашық буынды/: алты. Алты сөзінің құрылысы да жеті сөзінің құрам жүйесімен бірдей болған деп түсінеміз. Оны да жеті сияқты ал - ты деген екі тұлғаға бөлуге болады.

СІСС - төрт дыбысты, тұйық буынды: төрт. Бұл сөзді де этимологиялық тұрғыдан үш бөлек тұлғаға бөліп қарауға болады. Мысалы, те - р - т деген сияқты. Ондағы те - т типкі түбір тұлға да, - р көптік көрсеткіш деп танылады.

СІСІС - бес дыбысты, екі буынды /ашық+тұйық буынды/: қадаш, қамыш. Мұнда да қадаш сөзін екі бөліп /қа - даш/ қарауға болады. Бірақ біз олай етпейміз. Өйткені бұл сөздер Берке фақиһ тілінде бүтін тұлғалар дәрежесінде қолданылған, бір бүтін түбір сөздер ретінде танылады.

СІССГ - бес дыбысты, екі буынды /тұйық + ашық буынды/: Бәрке /кісі аты/.

СІССІС - алты дыбысты, екі буынды /тұйық + тұйық буынды/: тобрақ /топырақ/.

СІСІССГ - жеті дыбысты, үш буынды /ашық + тұйық + ашық буынды/: йігірімі /жиырма/. Йігірмі сөзі йіг-ір-мі сияқты тұлғалардан құралған. Бірақ ол жіктер этимологиялық тұрғыдан ғана танылады.

Негізгі түбір тұлғалардың Берке фақиһ тіліндегі жалпы сипаты осылай. Олардың құрамындағы дыбыс сандары мен буын түрлері көбейген сайын, олар іштей бөлшектеп, этимологиялық тұрғыдан талдауға түсіруге бейімдеу келе береді, құрам бөлшектерінің жігі әлдеқайда анықтала түседі. Йеті, қадаш, йігірмі сөздері сияқты.

#### Туынды негіздер.

Туынды негіздерді жасалу жүйесіне қарай үш топқа бөліп қарауға болады. Бірінші - типкі түбір тұлғаларға әр алуан жана сөз тудырушы аффикстердің қосылуы арқылы жасалған туынды негіздер. Мысалы: анчак /ан-чак/, үзрә /үз-рә/, татлығ /тат-лығ/, білә /бі-лә/, т.б.

Екінші - негізгі түбір тұлғаларға әр түрлі аффикстерді қо-

сып айту арқылы жасалған туынды негіздер. Бұлар сан жағынан басым келеді. Мысалы: сана-, кетәр- /кетір/, біргә, көргүз-, йолдаш, бітік /жазу/, тіләк, бірлә, тарлығ, атлығ, йазмақ, оқымақ, йарат, нічә, улаш, ачын /аштай/, айыт-, біліг, жетік, т.б.

Үшінші - туынды түбір тұлғалардың өзіне жаңадан сөз тудырушы әр қилы аффикстерді қосып айту арқылы жасалған туынды негіздер. Мысалы: атан-, атағ /атақ/, қутлуғча, кәсіксіз, барынча, т.б.

### Қосымшалар

Берке фақилтың тілінде қолданылған қосымшалар өзіндік атқаратын қызметтеріне қарай үш түрлі сипатта кездеседі: жаңадан сөз тудырушы, сөзді түрлендіруші және сөз бен сөзді жалғастырушы қосымшалар.

1. Жаңадан сөз тудырушы жұрнақтар негізінде туынды зат есім, сын есім сөздерді, туынды үстеулер мен етістіктер және қимыл атауларын тудыратын мына сияқты жұрнақтар:

- а /етістік/ ата-, сана-
- ар /етістік/ қуртар - /құтқар/
- ә /етістік/ тілә- /өтін, сұра/
- әр /етістік/ кетәр- /кетір/
- гә /үстеу/ біргә /бірге/
- ағ /зат есім/ атағ /атақ/
- даш /зат есім/ йолдаш /жолдас/
- к /зат есім/ бітік /жазу/, тіләк
- лә /етістік/ кізлә- /жасыр/, шішлә - /шығыр/
- лә /үстеу/ бірлә /бірге/
- луғ /сын есім/ қутлуғ /құтты/
- лығ /зат есім/ тарлығ /тарлық/
- лығ /сын есім/ атлығ /атты/, йарлығ /жарлы/, татлығ /тәтті/
- мақ /қимыл атау/ йазмақ /жазбақ/, оқымақ
- рә /үстеу/ үзә /үстінде/, ічрә /ішінде/
- сіз /сын есім/ кәсіксіз /кәсіксіз/
- ча /зат есім/ қутлуғча /кішкене құтты адам/
- чақ /үстеу/ анчақ /солай/
- чә /есіміне/ нічә /неше/
- ын /үстеу/ ачын /аштай/
- ынча /үстеу/ барынча, сонынча



- ыт /етістік/ айыт
- іг /зат есім/ біліг /білім/
- ік /зат есім/ ішік /есік/
- ік /сын есім/ кәсік, жетік

Бұл қосымшалардың ішінде ерекше көзге түсетіндері - ра /үзрә, ічрә/, -ын /ачын/, -ынча /барынча, соңынша/ жұрнақтары. Тарихи тұрғыдан қарағанда -ра, -ын қосымшалары жұрнақ емес, жалғаулар қатарына жатады: -ра барыс септік жалғауы да, -ын көмектес септігі. Сол сияқты -ынча дегендегі -ын үшінші жақ тәуелдік жалғауының көне формасы. Бірақ бұл қосымшалар дәл осы формаларында айтылғанда жалғау мәніндегі дербестіктерінен айырылып, өзі құрамына енген сөздердің түбір тұлғаларымен қосылып айтылу арқылы ғана жаңа сөздер тудыруға себепші болу қызметіне көшкен.

2. Сөз түрлендіруші функциональді жұрнақтар өзі жалғанған сөздерге етістік, болымсыздық, көсемше, есімшелік және шартты мағыналарды, қалау мен жақтық мағыналарды үстеу үшін қолданылған.

- а /көсемше/ йаза
- айын /қалау/ атайын, алайын, қырайын
- ар /есімше/ йарар, қойар
- б /көсемше/ бітіб, оқыб, теб
- ғай /қалау/ білғайсан
- ған /есімше/ йүргән, келгән, тегәнләр, тіләгән
- гүз /өзг. етіс/ көргүз
- гіл /бұйрық-қалау/ тәгүргіл
- ғыл /бұйрық-қалау/ бақғыл, құртарғыл, салмағыл, санағыл
- ды, -ду /өткен шақ/ қойду, қолмаду, болмады, йаадым, қалмады, қолдыса, қылды, бітідім, ерді, келдім, кетердім, түкәтдім
- ә /есімше/ келмәз, қылмаз
- қан /есімше/ ерқан, чакқанім
- ма /болымсыз/ бақма, болмады, йақма, келмәз, көргүма, көрмәсүн, қалмады, қолмадуқ, қылмағыл, қылмаз, селмағын, унутмасун
- мыш /есімше/ атанмыш
- н /ыр. етіс/ атанды, кізләнді

- са /шартты/ болсам, қолдыса /сұраса/, ерсә, көрсә
- сун /бұйрық-қалау/ болмасун, көрмәсун, қылсун, унутмасун
- ты /өткен шақ/ йаратты
- у /көсемше/ улашу
- уб /көсемше/ болуб, соруб, таруб, керуб
- ур /есімше/ айурлар, болурман, қыгурман, табынурлар, тур-  
урман, білурсан, йүргүрман
- үр /өар. етіс/ тегүр
- ыб /көсемше/ айытыб, бақыб, йазыб, қылыб, етіб, кәліб,  
кізләніб, мініб, шішләніб
- ібән /көсемше/ кәлібән
- ір /есімше/ білір, кәлірін
- ш /орт. етіс/ улаш

Бұл жерде ерекше көзге түсетін жәйт - кене формалардың жиі кездесуі. Мысалы, көсемшенің -ыб, іб формаларымен қатар ібән /кәлібән/ кене түрінің қолданылуы, шартты рай көрсеткіші -са жұрнағының өткен шақтық -ды /қолдыса/ қосымшасынан кейін келуі сияқты, т.б.

3. Сөздерді байланыстырушы таза грамматикалық аффикстер тобына жататын сөзбен сөзді жалғастыру үшін қолданылатын көптік, септік, тәуелдік, жіктік жалғаулары Берке фақий тілінде мына сияқты сипатта кездеседі.

#### Көптік жалғаулар:

- қ қалмадуқ
- лар айурлар, табынурлар
- ләр гәңжләр, тегәңләр

#### Септік жалғаулар:

- гә /барыс/ ешінгә, сөзүмгә, шәкәргә
- ға /барыс/ атынга, қатынга, қойунға, Расулға, рухынға
- да /жатыс/ алтында, анда, дүниада, жиһанда, табуғда
- дан /шығыс/ жанымдан, кәфірдан
- дә /жатыс/ бешіндә, біріндә, сендә, сөзүмдә, сурәттә, іші-  
кіндә, ічідә
- дын /шығыс/ башдын, дугадын, колундын, мұндын, тобрақдын
- дін /шығыс/ елімдін, көзүндін, мәніндін, ішдін
- кә /барыс/ ідімкә
- қа /барыс/ йаққа, газәқа, қамышқа, фақийқа, халыққа

-н /табыс/ келгәнін, рахмәтін, тілкін, хатасын

-нә /барыс/ сөзінә

-нун /ілік/ мунун

-ны /табыс/ аны, кітабны, қолны, разымны, хатымны

-нын /ілік/ анын, айының, кітабының, наданнын

-ні /табыс/ мені, өзі, сағарні, сені

-нің /ілік/ мәніндін

-та /жатыс/ хидиатта

-үн /көмектес/ күчүн /күшпен/

Септеулер жүйесінде де көнеліктің белгілері көмектес септігінің -үн /күчүн/, қосымшаларының қолданылуынан байқалады.

Жалпы орта ғасырлық жазба ескерткіштер тіліндегі сияқты Берке фақийтын тілінде де барыс септік жалғаулы мен, сен, ол есімдіктері маңа, сана, ана деген формаларда қолданылған. Бұл формаларды қалыптасу жүйесі бойынша анықтап қараса, олардың әуелде маңга, санга, анга деген формада ман, сан, аң көне тұлғалы жіктік есімдіктеріне -ға барыс септік жалғауының қосылып айтылуы арқылы жасалғанын анық аңғаруға болады. Олар араб әліппесімен жазу жүйесінде де كَلَا, كَلَا, كَلَا болып жазылады.

#### Тәуелдік жалғаулар:

-м /1-жақ/ ідім

-сы /3-жақ/ хатасын

-ум /1-жақ/ разымны

-ун /2-жақ/ қолуңды, көзүңді

-ү /3-жақ/ өчүн

-үм /1-жақ/ көзүм, сөзүм

-ы /3-жақ/ айының, атағы, қулы, хатыры

-ым /1-жақ/ аслым, атағым, жаным, йолдашым, қадашым, разымны, ұғаным, хатымны

-ын /3-жақ/ алтында, атыңға, қатында, қатыңға, рухыңға

-і /3-жақ/ келгәнім, рахмәтін, рузі, сөзінә, тілі, тілекін

-ім /1-жақ/ елімді, нийәтім, чәккәнім, ічімдә

-ін /3-жақ/ бетіндә, біріндә, ешінгә, ішікіндә

-ің /2-жақ/ мүшкілін

Тәуелдік жалғауларының жүйесінен де көне форма тұлғаларды кездестіреміз. Мысалы, үшінші жақ тәуелдік жалғауы барыс, жатыс септіктерінде ын, ін /атыңға, рухыңға, бетіндә, бірін-

дә/ түрінде қолданылған. Үшінші жақ тәуелдік жалғауының бұлайша қолданылуы қазіргі қазақ тілінің жатыс септігінің тәуелді түрінде /бесінде, бірінде/ сақталып қалған.

Жіктік жалғаулар:

- м /1-жақ/ болсам, бітідім, йаздым, келдім, қойдум, қылдым
- мән /1-жақ/ болурмән, білурмән, йғұрурмән, қылурмән.
- ң /2-жақ/ оқысан
- сән /2-жақ/ білғайсән, білүрсән.

Б.Әбілқасымов

ӘБІЛҒАЗЫҢҢ "ШЕЖІРЕ-И-ТҮРКІ" АТТЫ ШЫҒАРМАСЫН-  
ДАҒЫ ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ<sup>1</sup>

Бұл шығарма - көркем әдебиет емес. "Шежіре" деген атына лайық, негізінен, тарихи аренада болған халықтар мен тайпа, рулардың тарихы жайлы естіген-көрген әңгімелердің жиынтығы яғни тарихи жылнама. Солай бола тұрса да, шығарма авторы бір-ыңғай тарихи фактілерді тізе бермеген, ара-арасында өзі әңгіме етіп отырған халықтар мен рулардың әдет-ғұрпы, өмір тіршілігі жайлы немесе белгілі хандар мен тарихи адамдардың мінез-құлқы, істеген жақсылы-жаманды істері туралы сыр шертіп отырады. Осындай кесек-кесек әңгімелерде небір бейнелі сөз тіркестері, мақал-мәтелдер жиі қолданылады. Бұлар бізді сол елдердің кәсіп-тіршілігінен, этнографиясынан, мәдени өмірінен белгілі дәрежеде хабардар етеді<sup>2</sup>. Сөйтіп, мұндай сөз орамдары белгілі бір халық өмірінің айнасы болғандықтан, олар сол халық тілінде ұрпақтан ұрпаққа мирас болып сақталып қалатынын көреміз.

Түркі халықтарының бірсыпырасына ортақ тілде жазылған "Түркі шежіресі" тәрізді тарихи шығарманың қазіргі түркі тілдерінің қайсысына көбірек жақындығын көрсетуде жоғарыда айтып отырған сөз орамдары тілдегі өзге құбылыстармен бірге белгілі дәрежеде пайдалануға тұратын белгілердің қатарына жатады деп ойлаймыз. Өйткені олар тілдің грамматикалық құбылысы мен фонетикалық жағынан тілдің тарихына қатысты өзіндік маңызына ие. Бірақ бұдан кейін шығарма атауы қазақ тілі грамматикасының заңдылығына сай "Түркі шежіресі" немесе жай ғана "Шежіре" деп берілді.

<sup>1</sup> Г.Бұдан кейін шығарма атауы қазақ тілі грамматикасының заңдылығына сай "Түркі шежіресі" немесе жай ғана "Шежіре" деп берілді.  
<sup>2</sup> Мокниенко В.М. Историческая фразеология. Этнография или лингвистика. - В Я, 1973, № 3, с. 74.

тикалық жүйесі тәрізді өзге тілдер әсеріне көп бейімделе бермейді, көп жағдайда тұрақты болып келеді. Бұл айтқанымыз, әрине, заман озған сайын оларда да тілдің жалпы дамуына сай келетін кейбір орфографиялық, дыбыстық, мағыналық өзгерістердің болуын жоққа шығармаса керек.

Біз бұл арада "Шежіредегі" сөз тіркестерін ғана теріп алып, оны өз зерттеу объектімізге айналдырып, оларды мағыналық, құрылымдық және тарихи тұрғыдан жүйелеп қарастыруға тырыстық.

Тілдегі тұрақты тіркестер екі немесе бірнеше сөздердің әлденеше замандар бойына үнемі қатар, тіркесе ұстала жүріп, жігі айырылмастай жымдасып кетуінен жасалатыны белгілі. Мұндай тіркестерге енген сөздердің өздерінің жеке тұрғандағы негізгі мағыналарынан мүлдем ажырамағандары да, одан мүлдем айырылып, тіркес сапында түгелімен басқа бір мағынаға ие болғандары да болады. Бұларды І. Кеңесбаев фразеологиялық тіркестер және фразеологиялық түйдектер деп шартты түрде екіге бөліп қарайды<sup>3</sup>. Біз қарастырып отырған шығармада фразеологиялық тіркестің түйін тіркесі де, түйіс тіркесі де кездеседі. Оларды қазіргі тіл тұрғысынан қарағанда, фразеологизмдерге жеткізуге әбден болар еді, бірақ сол тұстағы беріп тұрған мағыналарына қарағанда, олар әлі ауыспалы мағынаға ие бола амай, тіркестегі сөздер өздерінің негізгі, тура мағынасында қолданылып тұрғанын көреміз. Мысалы, "Ор қазу", "аяққа йықалу", "от салу", "баш көтеру" тәрізді тіркестер қазір өздерінің о бастағы берген мағыналарында қолданылудан гөрі көбінесе жана, ауыспалы мағынада жиі ұсталады. Ал "Шежіреде" бұлар сол негізгі мағыналарында қолданылған.

Черікі үйлерінің алдында ор қазып олтұрдылар /ШТ., 20, 8/<sup>4</sup>.  
Шейх айақықа йықалды /ШТ., 89, 23/. Қалған тараж қылыб ішіке от салдылар /ШТ., 180, 2-3/. Біз бұларды фразеологизмдер ретінде қарамасақ та, тілдегі қалыптасқан, тұрақталған тіркестер ретінде қай тілге тән деген ыңғайда қарағанда, өз объектімізден шығармаймыз. Яғни бұлардың потенциалды фразеологизмдер екенін ескереміз.

3. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977, 801-б.

4. Жақша ішінде "ШТ" деп қысқартып бергеніміз - "Шежіре-и түркі", одан кейінгі екі цифрдің біріншісі тіркестің кездесетін бетін, екіншісі жолын көрсетеді.

"Шежіреде" көбірек кездесетін фразеологизмдердің түрі - фразеологиялық тіркестер яғни тіркестегі компоненттердің негізгі мағыналары әлі мүлдем ұмытылмаған, жай ғана көмескіленген не солғындаған түрі.

ҚОЛДАН КЕЛМЕУ - істей алмау, мүмкіндігі болмау. Барча түріклернің уруғын бірін қоймай бітімек уа айтмақ бір кішінің қолының келмес /31,20-21/.

ҚҰЛАҚ САЛУ - тыңдау. Чыққалы йер қарады табмай құлақ салыб турды /121, 28/. Не айтарлар еркен теб құлақ салыб турды /33, 18-19/. Бұл арада құлақтың негізгі мағынасы яғни оның атқаратын қызметі де ұмытылмаған.

АНТ ІШУ - уәде беру, серттесу. Әнар менін бу сөзүмде йалған болса теңрінің кәламы урсын мені теб һәр кішінің алдында бір ант іцді /133, 5-6/. Бұл жерде де ант ішудің негізгі діни мағынасы әлі ұмытыла қоймағаны байқалады.

ҮМІТ ҮЗУ - түңілу, күдерін үзу. Йарашмақлықдың үмід үзгенден соң атланды /47,7/.

ЕСІР БОЛУ - мастану, асып-тасу. Алынча хан падаша болғандың соң халық башы уа малы көб болды дәулетке есір болды /9, 21-22/.

БАШ УРУ - тәуелді болу, жалбарыну. Бу біадің фәланның суреті туруп теб аны сүйер ерді аш алдыны аның алдына қойар ерді аны өбді йүзіні уа көзүні сүртүб ана баш урды /8,6-7/. Бұл арада оның /фразеологизмнің/ тікелей мағынасы - жерге басын тигізуі әлі ұмытылмағандығы көрініп тұр.

КӨРІНІС ҚЫЛУ - бағыну, тәуелді болу. Келіб ханға көрініш қылдылар /149,4/. Бұл тіркесте де негізгі мағына яғни ханның алдына келіп көріну әрекеті сақталған.

ПАТША КӨТЕРУ - патша сайлау. Бір йахшысыны папша көтеріб ол өлсе йана бірісіні көтерүр ерділер /24,20/.

ҒАЛЫБ КЕЛУ - жеңу, душпанды құрту. һәр күнде муғул ғалыб келді /20,9/.

Бұлардан басқа мал табу, өсиет қылу, абадан қылу, имамға ую, йахшы /йаман/ көру, бас болу, аяқ беру тәрізді көптеген фразеологизмдер кездеседі. Бұлардың қатарында "Шежіреде" кездесетін - 'Кіші аяағы йетмес йер', сүт пішім', 'төш пішім' сияқты ұзындық, уақыт өлшемдері де жатады.

Мақсаты: йайны күн туғуш бір челде кіші аяағы йетмес йерде



тоғыраққа көмүб учыны чыгарыб қойғыл /15,3/. Яу арықның ортасында бір йерге йығылыб тоб болубты бір сүт пішімі қараб турды /166,4-5/. Бір гөш пішім уруш болды /163,19/.

Екінші топ фразеологизмдерде тіркестегі сөздердің қай-қайсысының да негізгі мағыналары ұмытылып, тіркес түгелімен басқа бір мағынаны береді. Бұған мына тәрізді тіркестерді жатқызуға болады.

ҚАМЫН ЖЕУ - қамқорлық жасау, жағпайын ойластыру. Жочы хан... елке жар қылды йеті йыллық сафар йарағы бірлән гамын йесүнлер теб /100, 26-27/.

ДУШПАНДЫҚТЫҢ ОТЫ ЖАНУ - араз болу, жауласу. Сүйініч ханның заманында мугул бірлән татар елінің арасында душманлығ оты андағ көб йанды /8, 26-27/.

АУЗЫ БІР БОЛУ - тату болу, бірін бірі сыйлау. Барчаныадын ағыыныа бір болса узақ йыллар уа көб күнлер бу йуртлар қолуныздан чықмаз /17,5/. Осының кері мағынасында аузы ала болу деген тіркес те кездеседі. Үркеніч өзбегінің ағзы ала болды /143,13/. Мен қорқа турурмын дүниелық үчүн ағзыларыңыз ала болур деб /17,11-12/.

ҚЫЛЫШТАН ӨТКІЗУ - шабу, жою. Улуғларыңыз барчасыны қышчдын өткерді кічіклеріні бөнде қылды /20,15-16/.

ДАРВАЗАСЫ ТӨРТ ЖАҚҚА ТҮСУ - тас-талқан болу, тоз-тоз болу. Бір-екі йыл анда олтурғандын соң аның даруазасы төрт йаққа түшді /30,9-10/.

АРҚА БЕРДІ - сүйеніш етті, сүйенді. Біздей бөлек-бөлек йасамалы пиада түшмеді, көблікіне арқа берді /174,4/. Йағма ана арқа беріб оғуз ханға бақынмады /14,4-5/.

МОЙНЫ БЕРІК - батыр, күшті. Ол гақыллық уа туғушылық уа бойны берік игіт ерді /113, 25/. "Мойын" сөзімен байланысты бойын икмеу /бағынбау/, бойун толғау /бас тартпау/ тәрізді фразеологизмдер де кездеседі. Үркеніч халқы аны қабул қылмадылар уа итағатға бойун икмеділер /64, 15-16/. Ант ічті өлкүнче бөнделікдін бойун толғаман деб /24,26/.

СӨЗІН ЖЫҒА БІЛМЕДІ - айтқанын істеді, айтқанына көнді. Халқының сөзін йықа білмеді /128,29/.

АТ САЛДЫ - шабуыл жасады, атакаға шықты. Қутулмасын білкенден соң барчасы йығылыб бір чуқар йерде буқуб туруб көтеріле ат салды /176, 28/. Осы мағынада 'қол қойды' тіркесі де

қолданылған. - Түрікмен йахшы йығылғандын соң түрікменге қол қойдылар ол йерде мың екі мың түрікмен өлтүрділер /175,27-28/.

Бұл топтағы фразеологизмдерге жоғарыдағылардан өзге сауын салды /хабарлады/, аузына бағу /сөзін тыңдау, бағыну/, қол сұқты /жаулық бастау, басып кіру/, жүректері жарылғандай /қатты ауану, ұшпайман болу // жеу /ренжу, қапы қалу/, көз іліп жазбас, көз игермес /кездегенін жібермейтін, көзілеспес/, т.б. тіркестерді жатқызуға болады.

Фразеологизмдерді жан-жақты тануда оны мағыналық, құрылымдық, стилистикалық т.б. жағынан классификациялаудың зор маңызы бар<sup>5</sup>. Әрине, мұндай классификация, негізінен, бір тілдегі фразеологизмдерді түгел және жан-жақты қамту мақсатында жасалады, ал бір ғана шығармада кездесетін фразеологизмдердің жоғарыдағы классификациялық принциптерге толық сай келе беруі мүмкін бола бермейді. Алайда, мүмкіндігінше, оларды жоғарыда айтқан топтарға жіктеп көруге тырыстық.

Мағыналық жағынан алып қарағанда, "Шежіреде" кездесетін фразеологизмдерді синонимдік, антонимдік және көп мағыналы деген топтарға бөлуге болар еді. Синонимдік фразеологизмдерге, мысалы, мынадай фразеологизмдерді жатқызуға болады.

ҚОЛ ҚОЙДЫ // АТ САЛДЫ - кенеттен шабуылға шығу. Түрікмен йахшы йығылғандын соң түрікменге қол қойдылар /175,27-28/. Қутулмасын білген соң барчасы йығылыб бір чуқыр йерде буқуб туруб көтеріле ат салды /176,28/.

АМАН БЕРУ // ЕЛ БОЛУ // АУЗЫ БІР БОЛУ - татуласу, тіл тасысу. һәр уалайатлар ким сізлерге бақыныб аман тілесе аман берің... /68,3-4/. Шейх ал-ислам тамам халық бірлән қалғадын чықыб сардарларыны көруб ел болуб мал берділер /70,25/. Барчаңның ағыңыз бір болса ұзақ йылар уа көб күнлер бу йуртлар қолуңыздын чықмаз /17,5/.

ҚАБЫЛ ҚЫЛУ // АУЗЫНА БАГУ // СӨЗІН ЖЫҒА БІЛМЕУ // МОЙЫН ТОЛГАМАУ - бағыну, дегенін істеу. Түркілер аны қабул қылыб сақладылар /29,19/. Бір кішіні падаша көтерію аның ағызына бақмас ерділер /25,13-14/. Халқының сөзін йықа білмеді /128,29/. Ант ічті өлкүнче бенделіктен бойун толғаман деб /24,26/. Бұлардан

5. Кейдаров А.Т., Жайсакова Р.Е. Принципы классификации фразеологизмов и их классификационные группы в современном казахском языке. - Изв. АН КазССР. Серия филологическая, 1979, № 3, с. 84.

басқа 'аузы ала болу'// дұшмандық оты жану // жау болу' / өштесу, араз болу, 'хайран болу'// таң қалу'/таңдану/ сияқты синонимдік фразеологизмдер кездеседі.

Антонимдік немесе мағыналары қарама-қарсы фразеологизмдер де кездесіп қалады. Мысалға жоғарыда келтірген 'аузы бір болу' мен 'аузы ала болуды' алуға болады. Алғашқысынан татулық, достық мағынасы көрінсе, соңғысынан жаулық араздық мағынасы байқалады. Осы сияқты 'жүрекі жарылу' /қуану/ мен ұшпайман болу /қайғылану, өкіну/, 'мойын толғамау' /бас бұрмау, көну/ мен 'мойын имеу' /бағынбау/ фразеологизмдерінің мағыналары бір-біріне кереғар. Бұл арада І.Кенесбаевтың: "Фразеология саласында басы ашылмаған, тіпті, күн тәртібіне қойылысының өзі принциптік тұрғыдан шешілмеген мәселе - антонимия. Жеке сөз, лексика көлемінде айдан анық көрінетін осы құбылыс тиянақты сөз тіркесі аясында көмескіленіп айқын аңғарылмайды. Әйтсе де фразеологизмдер табиғатында сырт тұрпаты жағынан да, "ішкі" ұғымы жағынан да қарсы мағына /поляризация/ сипатындағы тіркестердің бары анық"<sup>6</sup>, - дегенін ескеруіміз керек.

Полисемантикалық фразеологизмдер шығармада өте сирек кездеседі. Яғни көпшілік фразеологизмдер өздерінің негізгі лексикалық мағынасынан өзге бір-ақ мағынада ұшырайды. Біздің байқауымызша мына фразеологизмдер екі мағынада қолданылып тұрғанға ұқсайды.

АРҚА БЕРУ. 1/ сүйену, сену. Біздей бөлек-бөлек йасамады пиада түшмеді, көблікіне арқа берді /174,4/; 2/ артын тауға беру. Кашмирдің мүжкім тағлары улуғ сулары көб болур йағма аңа арқа беріб Оғуа ханға бақынмады /14,4-5/.

КӨҢІЛГЕ КЕЛУ. 1/ үміттену. Біз сіәні мундын ілгерірек кіші иеберүр му еркен теб көңлүмізге келүр ерді /112,6-7/; 2/ ойға келу, ойлау. Аңларыны Қара хандын ерділер деб һеч кімнің көңіліне келмес ерді /11,16/.

"Шежіреде" кездесетін фразеологизмдерді лексико-морфологиялық тұрғыдан классификация жасағанда, есімдердің тіркесінен жасалған, есім мен етістік тіркесінен, сондай-ақ бірнеше сөз таптарының тіркесінен жасалған фразеологизмдер деп топтауға болады.

6. Кенесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977, 593-б.

Есімдердің тіркесінен жасалған фразеологизмдерге мысал ретінде мына төмендегі тіркестерді келтіруге болар еді.

МОЙНЫ БЕРІК - батыр, күшті. Ол ғақылық уа туғушылық уа бойны берік игіт ерді /113,25/.

ТУРА ЖОЛ - дұрыс бағыт. Сексен екі йыл пайғамберлық қылыб халь ны туғры йолға ондады /6,10/.

Бұл топқа, сондай-ақ, 'ағыр емкек', 'йат йурт', 'ырымға йаман', 'сүт пішім', 'бір йашар' т.б. осы сияқтыларды жатқызуға болады.

"Шежіреде" кеадесетін фразеологизмдердің негізгі түрі - есім мен етістіктің тіркесінен жасалған фразеологизмдер.

АЗАР БЕРУ - қорлық көрсету. Нөкерлерінің олжасын уа бәрісін альб көб азар беріб қойа берділер /20,2-3/.

САҰЫН САЛУ - хабар беру, білдіру. Қара хан елге сауын салды уа тақы улуг той қылды /10, 1/.

ҒАРЫҚ ҚЫЛУ - суға ағызу. Барча йер йүзіндегі халықны суға ғарық қылмақ болды /6,21/.

ТАҺАРАТ СЫНДЫРУ - түзге отыру, іш тазарту. Ерте атасы таһарат сындырғалы барды /34,18/.

ҰРУҚ АТЫН КӨТЕРУ - өз алдына бөлініп шығу. һәр жамағат башқа омақ болдылар уа ұруқ атын көтерділер /21,15-16/.

Әр түрлі сөз таптарынан болған фразеологизмдерге 'сыры әшкере болу' /қылығы ашылып қалу/, 'салған жолмен жүру' /айтқанын істеу/, 'кісі аяғы жетпес жер' /алыс/ тәрізді тіркестерді жатқызуға болады.

"Шежіреде" кеадесетін фразеологизмдерді тақырыптық топтарға бөліп қараудың да үлкен мәні болмақ, өйткені бұл - фразеологизмдердің пайда болу жолдарын көрсетіп қоймайды, оларды қолданған халықтардың экономикалық өмірінен, тұрмыс-салтынан хабардар етеді.

Шығармада кеадесетін фразеологизмдерді тақырыптық топтарға жіктегенде, ең алдымен, көзге түсетіні - тіркестің құрамында адамның дене мүшелері қатысатын фразеологизмдер. Зерттеушілердің дұрыс көрсетіп жүргеніндей, түркі тілдеріндегі фразеологизмдердің көпшілігінің жасалуына ұйтқы болатын да - осы дене

мүшелерінің атаулары'. Біз қараған "Шежіреде" фразеологизм жасауға төмендегі дене мүшелерінің көбірек қатысатынын көреміз. Олар - арқа, құлақ, қол, көз, бас, ауыз, тіл, мойын, жүрек, жүз, бой.

Бірнеше мысал келтірейік:

ҚҰЛАҚ САЛУ /тыңдау/. Не айтарлар еркен теб құлақ салыо тұрды /33,18-19/.

ҚОЛЫНА ТҮСУ /ұсталу, тұтылу/. Бу екісі бір қолтағы кішілерінің қолына түшүб ерділер /20,23/.

БАС ҚЫЛУ /жол бастаушы, үлкені етіп/. Аны баш қылыб үркенішке иерді /30,20/.

АУЗЫ АЛА БОЛУ /араздасу/. Мен қорқа тұрурмын дүниелық үчүн ағызларыңыз ала болур деб /17,11-12/.

ТІЛІ ТҮТІЛУ /сөйлей алмау, тілі байлану/. Бу сөзні ешіткенден соң ханның қолы уа айақы сест болды тілі тугулды... /182, 22-23/.

МОЙЫН ИМЕУ /бағынбау/. Үргеніч халқы аны қабул қылмадылар уа итагатқа бойун икмеділер /64,15/.

Екінші топ фразеологизмдер адамның көңіл-күйі, сезімімен байланысты турғаны байқалады. Оларға 'таң қалу', 'қайран болу', 'пұшайман болу', 'көңіліне келу', 'үміт үзу', 'ашуы келу', 'өш алу', т.б. тәрізді тіркестерді жатқызуға болады.

- Атланның бу сөзні ешітө таң қалдылар /10,5/. Барғаныма пұшайман болдым /52,16/. Аңларны қара хандын ерділүр деб һеч кімнің көңіліне келмес еді /11,16/. Ыарышмақлықдын үмід үзгендін соң атланды /47,7/. Сексендін ертүқ келтүрмекеніге қатыр ачығы келіб дуға бөд қылды /6,19/.

Бұлардан басқа діни сеніммен, әдет-ғұрыппен байланысты ант ішу, иманға үс, ырым қылу, шүкір қылу, әскери, соғыс ісі мен байланысты сағ тарту, шеру тарту, қылыцдан өткізу, йасау йасау, уақыт, кеңістік өлшемімен байланысты сүт пісім, найза бойы, бір ұықтаған шақ, кісі аяғы жетпес /жер/ тәрізді фразеологизмдерді кездестіруге болады. Қалғандары - әр тақырыпқа жатқызуға болатын әр түрлі мағынадағы сөз тіркестері.

7. Базарова Д.Х. Семантика наименований частей тела и производных от них в тюркских языках. Автореф. дис... канд. филол. наук. Ташкент, 1967. 24 с.; Назаров О. О причинах фразеологизации активной деятельности сомативов в русском и турецком языках. - 3 кн.: Вопросы лексики и фразеологии. Ашхабад, 1972, с. 31; Кидебаев Х. Анатомические названия в казахском языке. Автореф. дис... канд. филол. наук. Алматы, 1972. 18 с.

Фразеологизмдердің, негізінен, түркі сөздерінің өзара тіркесінен жасалатынын көреміз, ал кейде шетел сөздерінің түркі етістіктерімен тіркесіп келуінен де жасалған фразеологизмдер кездеседі. Мәселен, жеңу деген мағынада "ғалыб келу" тіркесі жиі ұшырайды, мұндағы ғалыб - араб сөзі, мағынасы - жеңу. Осы орайда Иылғаб келу /Ауғғыл жүру/, мәтужа болды / жүріп кетті / тәрізді тіркестер кездеседі.

"Шежіреде" кездесетін фразеологизмдерді қазақ тіліне қатысы тұрғысынан біз төртке бөліп қарадық.

1/ Қазіргі қазақ тілінде формасы да, беретін мағынасы да дәлме-дәл кездесетін фразеологизмдер;

2/ Формалары ұқсас болғанымен, мағыналары басқа-басқа фразеологизмдер;

3/ Мағынасы қазіргі қазақ тіліндегі фразеологизмдерге сәйкес келгенімен, кейбір формалық /фонетикалық, морфологиялық/ өзгерістерге ұшыраған фразеологизмдер;

4/ Қазіргі қазақ тілінде кездеспейтін фразеологизмдер.

"Шежіреде" кездесетін фразеологизмдердің басым көпшілігі қазіргі қазақ тілінде аса көп өзгеріссіз /кейбір фонетикалық түрленулерді қоспағанда/ сақталған. Әрине, кейбір фразеологизмдердің мағынасында бірен-саран жаңа мағына үстелгені болмаса, негізгі мағыналарында айырмашылық байқалмайды. Мәселен, "аяғна жығылу" фразеологизмінің мағынасын қазіргі "Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі" "тізе бүкті, кешірім сурады, кінәсін мойнына алды" деп айқындайды. "Шежіреде" беретін мағынасы да осымен бірдей деуге болады. - Бір замандың соң паһалуы өз хәліне келіп Шейхның аяқыққа йықылды /89,23/. "Шежіреде" бір нәрсеге алтын-ала дайындалу, өсірлену мағынасында "қамын жеу" тіркесі кездеседі. -Екінші йыл елге жар қылдурды Иран сары йүредур нече йылық ғамларын йесундер /14,10/. Қазіргі қазақ тіліндегі беретін мағынасы да бұдан алшақ кетпейді. "Үміт тәу" тіркесінің "Шежіредегі" және қазіргі тіліміздегі мағынасының арасында аса бір алшақтық байқалмайды. Екеуінде де "үміт тәу" тіркесінің беретін мағынасы - "түнілу, ойлеганы орындалмайтынына көзі жету". - Иарашмақлықтың үмід тәкендің соң атланды /Ш.Т. 47.7/. Салыстырғыз: Мен де үмітімді тәбеймін, - деді Купцыонов... /Л.Ахтанов/.

"Ажанды жету" тіркесі "Шежіреде" бір-ақ мағынада "күні біт-



кен, өлімге басы байланған" мағынасында кездеседі. - Бірнеше халық өзге уалаиатта мәтфуқ болдылар бірнеше ажалы йеткен халық Мервнің ішінде қалдылар /70, 22-23/. Ал қазіргі тілімізде "ажалы жеткен" тіркесі бұдан басқа, сөзбен байланысты "орындалмайтын, босқа айтылған" деген мағынада да кездесетіні мәлім. Мұндай фразеологизмдердің қатарына 'таң қалу', 'бас уру', 'пұшайман жеу' /болу/, 'аузы бір /ыла/ болу', 'жүрегі жарылу', 'бой жеткен', 'құлақ салу', 'ант беру' /ішу/, 'сыры ашкере болу', 'сүт пісім', 'найза бойы', 'кісі аяғы жетпес' /жер/, 'ер басына іс түсу', 'өш алу', 'қол сұғу', 'сөз тігу', 'той қылу', 'қызмет қылу', 'мал табу' т.б. осы сияқты көптеген тіркестерді жатқызуға болады. Мұндай фразеологизмдер шығармада кездесетін барлық фразеологизмдердің тең жартысынан астамы дерлік.

"Шежіреде" кездесетін кейбір тіркестердің сыртқы тұлғасы қазіргі тілімізде бар фразеологизмдермен ұқсас келгенімен, беретін мағынасы сай келе бермейді. Мәселен, "ор қазу" тіркесі "Шежіреде" сөздердің тура, негізгі мағынасында яғни жауды өткізбеу мақсатында кедергі ретінде шұңқыр қазуды білдірсе /"Черікі үйулерінің алдында ор қазып олтурдылар"/, қазіргі қазақ тілінде бұл тіркес "біреуге бәле-жала ойлады, жаманшылық іс істеді" деген ауыспалы мағынадағы фразеологизм болып келеді. Сол сияқты аталған шығармада "от салу" тіркесі де, қазіргі тіліміздегідей, "шағыстыру, айдап салу, арадастыру" мағынасында емес, "өртеу, от жағу, от тастау" ыңғайында о бастағы тура мағынасында қолданылғанын көреміз /"қалғанын тараж қылып ічіке от салдылар" /180, 2-3/. Бұлардың қатарына 'жасау жасау' /сағқа туру, белгілі тәртіппен әскер қатарын түзеу мағынасында/, 'төрелік' қылу /төре болып қызмет атқару/ төрізді бірен-саран сөз тіркестерін жатқызуға болады. Қазіргі тілімізде 'жасау жасау' - ұзатылатын қыздың дүниаларын жиястыру мағынасында, ал төрелік қылу - дауласқан адамдардың дұрыс - терістігіне кесім айту мағынасында қолданылып жүргені мәлім.

"Шежіреде" бір топ фразеологизмдердің мағынасы қазіргі тілімізде қолданылып жүрген фразеологизмдерге сәйкес келгенімен, олардың қазіргі тіліміздегіден кейбір тұлғалық ерекшеліктері байқалады. Бұл типтегі тұрақты тіркестер сан жағынан едәуір яғни барлық тіркестердің 1/4-іне жуық. Әрине, бұл - фразеологизмдерді қанша тұрақты дегенімізбен, уақыт озған

сайын, тілдегі сөздердің жана мағынаға ие болуымен байланысты олардың құрамында да белгілі дәрежеде өзгеріс болатындығын ыспаттайтын фактілер.

Қазіргі қазақ тілінде бақсы-балгердің сәуегейлік жасауы мағынасында "бал ашу" фразеологизмі бар. Ал "Шежіреде" дәл осы мағынада "фал бақу" тіркесі кездеседі. Мысалы: Ауылдағы хатун-ларға отға май салып сенің уғлуң болур уа сенің қызың болур уа сенің фәлан нәмерсең фәлан болур теб фал бақыб қушнаш қылыб йүрүр ерді /108, 4-6/. Көне түркі тілінде бақу - қарау, көру. Сонда "фал бақу" - балға қарап, сәуегейлік жасау. Кейін мұндай сәуегейлік жауырын, карта, тас т.б. сияқты нәрселерді пайдалану арқылы жасалғанымен, о бастағы "фал бақу" тіркесінен дамыған "бал ашу" тіркесі тілде қалыптасып қалғанға ұқсайды. Жоғарыда бақу /қарау/ сөзінің көне мағынасымен байланысты "ағына бақу" тіркесі де кездеседі, ол - қазіргі "аузына қарау" /бағыну, айтқанын істеу/ фразеологизмнің орнына қолданылған. Мысалы: - Бір кішіні падышаһ көтеріб аның ағызына бақмаш ерділер /25, 13-14/.

Қазіргі тілімізде "бас имеу", "бас тартпау" фразеологизмдері бар. Оның алғашқысы - "бағынбау, тізе бүкпеу" мағынасында жұмсалса, екіншісі - "көну, қарсылық жасамау" мағынасын береді. "Шежіреде" осы екі мағынаны білдіретін "мойын имеді", "мойын толғамады" деген фразеологизмдер кездеседі.

- Үркеніч халқы аны қабул қылмадылар уа итағатға бойун имеділер /64, 15-16/. Ант іцті өлгүнче бенделікдін бойун толғаман деб /24, 26/. Мұның екеуінде де қазіргі бас сөзінің орнына мойын сөзі қолданылған. Ол - түсінікті де. Көне заманда бағыну, айтқанын істеу сөзбен қоса басты ізгеу қимылы арқылы, ал қарсылық көрсету, бағынбау - басты шайқау арқылы білдірілгені мәлім. Ал басты әртүрлі қозғалысқа келтіретін мойын болғандықтан мойын имеу, мойын толғамау тіркестерінің де белгілі логикасы бар екендігі түсінікті.

"Шежіреде" "араласып, достасып кеттік" деген мағынада "тұз жеу" тіркесі қолданылған. -Нече йылдың бері сіз халықның туэын йеб йүрүрмін имді сізнің ризаныз менің кетмеклігімде болса кетейін /111, 5-6/.

Қазіргі қазақ тілінде осы мағынадағы ербіген дәм-тузы ерапасты, дәм-тұз жарасты, дәм-тузын ақтады, дәм-тұзна тапсыр-

ды, дем-тузын атады тәрізді көптеген фразеологизмдер кездеседі. Бұлар, әрине, жоғарыдағы фразеологизмнің дамыған, күрделенген түрлері. Осы сияқты "Шежіреде" "жағасынан туту" тіркесі қазіргі тіліміздегі "алқымынан алу" фразеологизміне сай келеді. - Ол уақытта ажал келіп йақасынан тутуб атасының қатыға алыб кетді /8,24-25/. Салыстырыңыз: Адамзаттың дұшпаны Фашизммен алысып, жауға ойран салғанда, Жауды алқымнан алған да /Жамбыл/. Соңғы фразеологизм - алдыңғының /жағасынан тутудың/ жаңарған варианты, жетілген түрі деуге болады. "Шежіредегі" 'арқа берді' тіркесі қазіргі арқа сүйеді фразеологизміне, 'хамалы күю' тіркесі 'амалы таусылу' /біту/ тіркесіне, 'сүйінші тілеу' - 'сүйінші сурауға', 'сауын салу' - 'сауын айтуға', 'тілі тұтылу' - 'тілі байлануға', 'ғұмыр табу' - 'өмір струге' балама бола алады. Уақытты көрсететін 'гөш пісім' тіркесі қазақ тіліндегі 'ет пісімге', 'бір ұқпаған шақ' тіркесі қазіргі 'бір ұйқтап оянған' мезгілге дәл келеді.

Ақырында, "Шежіреде" қазіргі қазақ тілінде кездеспейтін сөз тіркестері де ұшырайды. Бұлар сан жағынан өте көп емес. Мысалы: "ештеңе дей алмады /демеді/" деген мағынада "Шежіреде" - "дем ұрмады" деген тіркес қолданылған. - Ол кіші менің бұл сөзге раст келгендім соң неч дем ұрмады /171,7/. Қазіргі қазақ тіліндегі "құралайды көзге атқан" немесе "көрінгенді қалт жібермейтін /мерген" деген мағынада "Шежіреде" 'көз іліб йазмас' фразеологизмі, ал "көз ілеспес" /шапшандық/ дегеннің орнына 'көз икермес' тіркесі қолданылған.

Білекеш султан... көз іліб йазмас мерген еркендүр арабаның ішінде йатыб тік иткүнуб туруб оны уа соллы атғаныға көз икермес еркендүр /113, 5-6/. "Шежіреде" бұдан басқа да "Қылычдың өткеру" /әлтіру/, "садақ бағлағаны" /азамат болғаны/, "черік тартыб" /әскер жиып/, "азәр беру"/азаптау/, "көрініш қылу" /ханға бағыну/, "абадан қылу" /елді тойындыру/, "жамиг қылу" /қыру, жор/, "сөз дараз болу" /мыжың болу/, т.б. фразеологизмдер кездеседі. Түркі тілдеріндегі фразеологизмдерді жан-жақты зерттеудің алдағы міндеттері жайлы, соның ішінде тарихи фразеологияны қолға алу төңірегінде сөз қозғай отырып, өзінің аталған еңбегінде І.Кенесбаев төмендегідей пікір айтады. "Көптеген тіркестер теориясын тарихқа байланыстыра тексергенде ғана фразеологизмдердің туу жолдарын толық біле аламыз. Ол - түсінікті

де. Тіркес этимологиясын ашу үстіне өзге тілдерге де қатысты ортақ құбылыстардың басы ашылмақ. Құрылымы бір немесе құрылымы бөлек тілдердің ортақ және айырма қасиеттеріне уластыра, жүйелі талдау фразеологизм үшін де мейлінше қажет. Басқасын былай қойғанда, бірнеше тілге ортақ нақтылы бір фразеологизмнің өзі бірде тұлғасы ортақ, мағынасы бөлек, енді бірде керісінше болып келетін реттерін ескере отырған мақұл<sup>8</sup>.

Фразеологизмдердің пайда болуы жөніндегі зерттеушілердің пікірлері, негізінен, бір арнаға құйылады. Фразеологизмдердің құрамындағы сөздердің тіркесі о баста ықпал замандағы нақтылы бір құбылысты, қимыл-әрекетті көрсете жүріп, кейін ол құбылыс, әрекет, әдет-салт ескіріп тарих сахнасынан шыққанда, оны бейнелейтін сөз тіркесі тілде сақталып, бірақ өзге ұқсас құбылысты, әдет-ғұрыпты бейнелеуге қолданылғанын көреміз. Зерттеушілердің пікірлеріне жүгінсек, І.Кенесбаев "Фразеологизмдердің түп-төркіні тым әріге кетеді. Адам баласы сонау отқа, суға, көп құдайға табынған шағында-ақ талай-талай заттарды киелі санап, оларға өздерінше лақап ат қойған... қазақ халқы өзінің өткен тарихында талай көрші елдермен, шет жұрттармен экономикалық әрі мәдени қарым-қатынасты басынан кешіргені мәлім. Тілімізде осыған орай туған толып жатқан тіркестер бар", - деп фразеологизмдердің шығу жолының кейбірін сөз етеді<sup>9</sup>. Башқыр тіліндегі фразеологизмдердің дінмен, әлеуметтік-тарихи факторлармен, жазу дәстүрімен, жануарлар мінез-құлқымен, ауыз әдебиетпен, т.б. себептермен байланысты туғанын З.Г. Ураксин дәлелді түрде көрсетеді<sup>10</sup>. "Шежіреде" кездесетін кейбір фразеологизмдерді талдай отырып, шығарма жазылған, тіпті кейде одан да бұрынғы, көне феодализм дәуірінің тұрмыс-тіршілігі мен әдет-салтын көз алдымызға келтіреміз. Мәселен, аталған шығармада "бұрның, құлағыңды кестүрүр" деген тіркес бар. - Сені Бестам хакіміне алыб барур тақы бұрнун құлағыңды кестүрүр /171,21/. Иүзіне бақдум айтдым бұрныңыңды айрылайын деб турупсын /171,12/. Бұл тіркестен біз ерте феодализм дәуірінде, әлі құндық дәуірдің сарқыншағы жойылмаған кезеңде, қолға түскен тұтқынның құлағы мен мұрнын қатар кесіп, құлға айналдыру рәсімінің болға-

8. Кенесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977, 596-б.

9. Сонда, 592-б.

10. Ураксин З.Г. Фразеология башкирского языка. М., 1975, с. 166-185.

нын көреміз. Батырлар жырында кездесетін "құлағын кесіп құн-  
тып, мұрнын кесіп шұнтитып" деп келетін жолдар да - осының айға-  
ғы. Қазіргі қазқ тілінде жоғарыдағы рәсімлі көрсететін тіркес-  
тің "құлақ кесті /құл/" деген варианты сақталып қалған. Мұның  
қазіргі беретін мағынасы - "дегенге жүретін, айтқанға көнетін,  
тәуелді адам". Мысалы: - Мен сенің құлақ кесті құлның ба,  
айтқанға ере беретін? /Ауызекі/.

"Аман беру" тіркесі де көне дәстүрмен байланысты, пегенмен  
ол XIX ғасырдың бас кезіне дейін сақталып келген. Оның мағына-  
сы төмендегідей. Жеңілгендігін мойындап бағынған ел жеңген ел-  
ге кепілдікке өадерінің қимас бір адамын беретін болған, бұған  
көбіне-көп жеңілген елдің басшысының, яғни ханының баласын  
беретін еді. Ол адам /бала/ "аман" деп аталған. "Шежіреде" де  
- аман сөзі осы мағынада кездеседі. -Һар уалайшаһар кім сізлер-  
ге бақыныб аман тілесе аман берің ағар қайсы ел бақынмаса өз-  
леріні өлтүрүң ғулан ушақыны олжа уа өсір қылыб шаһарларыны  
күйдүрүң /68, 3-4/. Бұл сөздің "аманат" деген варианты да кез-  
деседі. Бұл - аманның көпше түрі болса керек. М.Бу тәјақ кіші-  
нін аманатытурур /"тефсир", 50-б./ . Ал қазіргі тілімізде бұл  
сөз көбіне-көп сақталып тұрған зят мағынасын береді.

"Шежіреде" кездесетін "падшаһ көтеру" тіркесінің беретін  
мағынасы да ол кез үшін өлі абстракт нәрсе емес. Түркі халқы-  
да хан сайлағанда, әдетте, оны ақ киізге салып көтеру рәсімі  
кейінгі дәуірге дейін сақталып келгені баршамызға мәлім. Бұл  
тіркес содан шыққан. - Бір йақшысыны падшаһ көтеріб ол әлсе  
йана бірісіні көтерүр ерділер /24, 20/.

"Айақ беру" фразеологизмі де - татуласу, бірігу ишаратын  
білдіру үшін жасалатын дәстүрдің атауы. - Анпан сон улуг той  
қылыб мугул рәсімі бірлән Батуға айақ берділер /36, 11-12/.  
"Аяғына жығылу", "көрініс қалу" фразеологизмдерінің шығу тәр-  
кіні де айқын.

Енді бір топ фразеологизмдердің о баста шығуына соғыс тө-  
сілдерінің атаулары себеп болғанға ұқсайды. 'Сүрен салу', 'шеру  
тарту', 'саф тарту', 'шеп қию', 'ор қауу', 'жасау жасау' сияқтылардың  
негізгі мағыналары әлі ұмытыла қойған жоқ.

'Тал бақу', 'имамға ую', 'ырым қылу' сияқты тіркестердің діни,  
сәуегейлік сенімдерден шыққанын бірден байқаймыз.

"Шежіреде" сирек болса да мақал-мәтелдер, бейнелі, айшықты



сөз тіркестері мен өлең шумақтары кездесіп қалып отырады. Бұлардың көпшілігі – қазіргі түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде, аздаған өзгешеліктерімен қолданылып жүрген мақалдар. Мәселен, "Шежіреде" "Атаң йуртын йау чабса айландура бірге чаб" деген мақал бар (Ол уақытта атаң йуртын йау чабса айландура біре чаб қары сөзі туруп) /106, 18-19/. Бұл мақал қазіргі қазақ тілінде "Әкең малың жау шапса, қосыла шап" деген вариантта кездеседі. "Бу күнгі ішні танлаға селған кішінің һеч іші бітмес" /48, 16-17/ деген мақалдың да қазіргі тілімізде "Бүгінгі істі ертенге қалдырғанның ісі бітпес" деген варианты бар. Ал енді қазіргі тіліміздегі "Екі қошқардың басы бір қазанға сыймас" деген мақал "Шежіредегі" 'он дәуіш бір пәлесның йүзіне сығар екі падшаһ йер йүзіне сығмас' /48, 10-11/ деген мақалдың қысқарған немесе өзгертілген түрі деуге болады. Сондай-ақ "Арбаның екі арышы бүтүн болса түзүк көчер" /46, 28/, "Ит семирсе егесін қабар" /8, 4/, "әксүә өз кіндігін өзі кесер" /3, 17-18/ деген мақалдардың қазақ тіліне ешбір жаттығы жоқ, дәл осыған мағыналас мақалдар тілімізде бар.

Жоғарыда айтқанымыздай, "Шежірені" тек тарихи жылнама деп қарауға әсте болмайды. Онда небір әдемі, көркем сөз айшықтары кездеседі. Бұлардың ұзын-ыргасы бірсыпыра болып қалады, бірақ солардың ішінен мысалға кейбірін ғана келтіреміз.

—Ол тақы бірнче йыллар ет йеб қымыз ічіб ақ уа қара кебіш бічіб айдай уа күндей сулуларыны күчуб сүмөедей йорғаларыны уа йелдей йүктүрүлеріні мініб көңілі йеткен йерлерке учуб уғлы Теңіз ханны өз орныда олтуртуб ол дүниаға кетді /19, 18-21/.

Бұл үзінде ұйқасып келген жолдар, айшықты тенеулер орын алған. Енді бір жерде "... арақ уа қамызыны ічіб хытай қамқаны бічіб терең суларны көчүб..." болып келеді. Мұндай жолдар хандардың өткізген өмірлерін суреттеуде көбірек қолданылған. Осы сияқты "ашларыны ашаб йашларыны йашаб", "достларын күлдүрүб душманларын иглатыб", "йауыны йаулаб ауыны аулаб", "йайықның башын йайлаб уа сырның айақын қышлаб" тіркестерінде де белгілі дәрежеде көрнемдік, образдылық байқалады.

Белгілі адамдардың мінез-құлқын, тындырған істерін суреттеуде де автор обрады сөз тіркестерін қолданған. Мәселен, Султанғамы... "рахны аз ауымы көб нөкерге бермегі аз хызметі көб" адам болса, Білегеч султан, оның керісінше, "Йауға



Баһадур... нөкерге мейрбан фиғылы кішік... аның қылған ішлеріні көзі бірлән көрмейтін ешіткен кіші инанғудек ермес" болып келеді. Душпандарын айтқанда, оларды "ит башлы сығыр ай-ақлы", "іші қазанның көтүнден һәм қарарақ", "түйесіге ишақны қайытды", оның "сөзі өтмеген уа қолы йетмеген елі йоқ" деп суреттейді. Елдің берекесін, тыныштығын сөз өткенде, "учлары узады уа йанлары йайылды", "тірік малны һайдай білген чақлы өлүк малны йүклей білген чақлы...", "ат егерлетді түйе йүклетті", "малларының қышыны етін йеділер уа йазыны сүтін ічділер, уа терісін киділер" тәрізді бейнелі сөйлемдерді қолданады.

Анық, айқын деген мағынада "арабаның улуг йолындай" немесе "айдын раушанырақ уа афтабдын мәшһұрырақ" деген теңеулерді қолданады. Сол сияқты халық ауыз әдебиетінде жиі кездесетін "аты һаруб тоны тозуб", "Ер башына іш түшмәй", "Емгекліміз өлүр, оразылымыз қалүр", "асмандын түшді му йердін чықды му" тәрізді жолдар да жиі ұшырайды.

Қысқаша айтқанда, "Шежіреден" алынған жоғарыдағы бейнелі сөз тіркестері мен сөйлемдерден қазақтың ұлттық ұғым-түсінігінен тысқары жайттарды кездестіру қиын, керісінше, халық тіліндегі теңеу, бейнелеу амалдарын жиі кездестіргендей боламыз.

Әрине, бұл пайымдаулардан "Шежіренің" қазақ тіліне алыс-жақындығы туралы үлкен ғылыми қорытынды шығарудан аулақпыз. Бұл, жоғарыда айтқанымыздай, "Шежіре" тексіне жан-жақты /лексикологиялық, фонетикалық, грамматикалық т.б./ талдаулар жасау үстінде ғана шешілетін мәселе. Ол үшін аталған шығарма қазақ тілі мамандары тарапынан әлі де болса тыңғылықты, жан-жақты зерттелгені дұрыс деп ойлаймыз.

Өйткені, түркі тілдеріне ортақ осындай ескерткіштерде кездесетін тұрақты сөз тіркестерінің алдағы кезде толығырақ өз алдына арнайы зерттелуі - туыстас түркі халықтарының тарихи лексикасын зерттеуде ерекше орын ұстайды. Біз сөз өткен "Шежіредегі" тұрақты сөз тіркестегі тек қазақ тілі ғана емес, сондай-ақ өзбек, түрікмен, қарақалпақ тілдерінде де дәл сол мағыналарында кездеседі.

Е. Жубанов  
КӨНЕ ЖАЗУ ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНДЕГІ ФОЛЬКЛОРИЗМ  
КӨРІНІСТЕРІ

Көне түркілік, сондай-ақ орта ғасырлық жазба мұралардың тілін зерттеудің лингвистика ғылымы үшін де, жалпы мәдениет тарихы үшін де зор маңызы бар. Өйткені әр кездің жауы сол өз тұсындағы тілдің мөрін бұлжытпай хаттап, кейінгі дәуірлерге айны-қатесіз жеткізеді. Бұл күндері неше алуан құбылыстарға ұшырап өзгерген, мағынасы көмескіленген, не мүлде ұмытылған, жиілігі сиреген әлденеше сөздер мен сөз тұлғаларының әуел бастағы бітім-бейнесі осынау бағы заманнан қалған жазба мұралар тілінде бірсыдырғы жақсы сақталады.

Жазба мұралардың жарық көрген мезгілі, негізінен, белгілі. Көне түркі тас жазуларының қашалған кезеңін әрқилы ғылыми тәсілдермен меңзеп, қай ғасырдың қолтаңбасы екенін туспалмен дәуірлейтін болса, орта ғасыр дүниеліктерінің өмірге келген уақыты, яғни қашан басталып, қай күні аяқталғаны қолжазбаның өзінде көрсетілген. Сөйтіп, тілдегі құбылыстардың эволюциясын салыстырмалы жолмен қадағалауға біршама дәлелді мүмкіндіктер туады. Осыған қарап ғалымдар белгілі бір лексеманың, фразеологизмнің, грамматикалық тұлғаның қай заманда қандай өзгерістерді бастан кешкенін, қазіргі қалпында туыстас тілдердің қай тобында басым қолданылатынын, қысқасы, зерттеу объектісіне қатысты толып жатқан тарихи өткелдерді теория тұрғысынан қисындай алады.

Өйтсе де, жазу қаншалықты ерте, ескі, ежелгі болғанымен дүниеге келе сала нақ сол заманның тілімен сөйлеп кете бермейді. Оның алдында халықтың сан ғасырлық ауызекі сөз саптау, тіл ұстарту тәжірибелері болады да, соның нәтижесінде тілдегі көпшілікке танымал, уақыт сынынан өткен мәнерлі сөз орамдары көркемдіктің критеріі есебінде жазу тілінде де үлгі-нұсқа болып қызмет атқарады. Әрине, бұл барлық елде бұлжымас бір ғана тәртіппен жүзеге асатын заңдылық емес. В.Г.Белинский әдебиеттің шығу тегіне қатысты бір еңбегінде сөз өнерінің басты кезеңдерін: *п о в е с н о с т ь , п и с ь м е н н о с т ь , л и т е р а т у р а*, - деп сатылап баяндай келе, орыс фольклорының мифологиямен астасқан көне нұсқаларының хатқа түспей қалғандығына қатты қанжылып: "... греки, познакомившись с искусством

писать, тотчас же поспешили передать хранению буквы, прежде всего поэтические произведения их национального духа. Славяне же считали постоянным передавать письмам только книги религиозного и теологического содержания. Оттого до нас не дошло не только никаких песен языческого периода Руси, но мы даже ни имеем почти никакого понятия о славянской мифологии...<sup>1</sup> - деп жазган болатын. Осылайша орыстың ұлы ойшылы ауыз әдебиетін / с л о в е с н о с т ь / жазу мен әдебиеттің алдындағы "ата мура" санап, оның хатқа түспей із-төзсыз кеткен, немесе, тек кейбір сілемдері ғана сақталған әредік үлгілерін жоқтап, орны толмас өкінішін айтады.

Қазіргі ғылымда "көне түркі жазбалары" деп танылып жүрген Орхон - Енисей тас жазуларын дәуірі жағынан VI-VIII ғасырлардан қалған ескерткіштер ретінде қарастырамыз. Алайда, дәуірлеудің бұл тәртібі де мейлінше тиянақты дей қою қиын. Соңғы кездері тарихшы Л.Р.Кызыласов Тува территориясындағы хакас алпауыттары меншіктенген таңбалардың генеалогиясын және археология деректерін тексере келе, Енисей бойындағы жазулар VII-VIII ғасырларға тән деп дәлелдеуде<sup>2</sup>. Сөйтіп, тас бетіндегі жазулардың бірсыпырасы орта ғасыр мәдениеті ретінде бағаланбақ. Оған қоса, біздің "көне түркі" леп атайтын кезеңіміздің өзі тарихтаудың жалпы ғылымдық принциптері тұрғысынан алғанда орта ғасырдың ерте дәуірі саналатын мерзімге тұстас келеді. Демек, осыған орай бұдан былайғы кезеңді орта ғасырдың орта шені және орта ғасырдың соңғы дәуірі деп бөліп қарауды жөн көреміз.

Көне жазбалар өзінің тіл, стиль табиғаты жағынан халықтың ауыз әдебиетімен, адам баласының сәбилік шағынан бермен қарай келе жатқан, "фольклор дәстүрі" деп аталатын мейлінше пәрменді творчестволық тәсілмен тығыз байланысты. "Манас" эпосын алғаш зерттеушілердің бірі - П.Фалев қырғыз дастанының тілдің жүйесін, поэтикалық құрылымын сөз еткенде, жырдың:

йер - йер болғондо,

су - су болғондо, -

1. Белинский В.Г. Собр. соч.: В 8-х томах. М., 1949, т.2, с.86.

2. Кызыласов Л.Р. История Тувы в средние века. М., 1969, с.43.

Ол былай дейді: "В результате проделанного нами исследования оказалось, что памятники енисейской письменности в целом относятся отчасти к иранскому /VII-IX вв./ и в большинстве своем к древнехакасскому /IX-XII вв./ периодам в истории тувинской земли".

деп басталатын толгамасы /ачин/ Күл-Тегін ескерткішіндегі: "Ұяй көк тәңірі, асра йағыз иір қылынтуқда..." /"Төбеде көк тәңірі /аспан/, төменде қонырқай жаралғанда"/ лейтін жол басымен тәркіндес дейді. Ол ойын тұжырымдап: "...халық эпосын орхон жазбаларымен салыстыру әбден орынды... Ал, орхон жазуының өмірі біздің шамалауымызша аса ұзақ болмаған тәрізді. Сондықтан да жазбалардың стилі сол көне жазудың негізінде қалыптасуы мүмкін емес. Демек оның түп-тамырын халықтың сөз өнерінен іздестіру қажет. Орхон жазбаларында ескерткіштерді халық творчествосымен жақыдастыратын басқа ерекшеліктер де аз емес"<sup>3</sup>, - деген пікір айтады.

Алайда, Орхон-Енисей жазуларының ауыз әдебиетіне қатыстылығы туралы пікірлердің бәрі бір ауыздан шығып жатқан жоқ. Ғалымдардың бір парасы тас жазуларының стиліне фольклордың, оның ішінде эпос дәстүрінің ықпал еткені сөзсіз десе, екіншілері рун жазуларын "асыра бағалап", оларды жаңа заманның ұлттық әдебиеттеріне, оның ішінде ерлік эпосқа да әсерін тигізгені былай тұрсын, тіпті, соның - батырлар жырының - бастамасы болған дегенге дейін барады<sup>4</sup>.

Ал, түркологтардың енді бір тобы жазба ескерткіштер мен ауызекі әдебиет аралығында белгілі бір жақындық барын мойындай тұра, оның себебіне үніліп жатпайды, яғни, қайсысы қайсысына әсер етті, кім-кімнен үйренді деген мәселенің басы ашық қалады. Бұл жайтты кейінгі кездің кейбір зерттеушілері өз қолына қарай икемдеп пайдаланып, "пәлендей автордың пікірінше" деген желеумен ауыз әдебиетінің басын жазба әдебиеттен шығармақ болып әрекеттенеді. Бұл айтылғанның салқыны қазақ филологиясына да, оның ішінде фольклористикаға да тимей жүрген жоқ.

Революцияға дейінгі дәуірде көне түркі ескерткіштерінің әдеби сипатын анықтаған П.М.Мелиоранский мен Ф.Е.Корш бұл жазбалардың табиғаты жайлы екі түрлі пікір айтты. Мәселен, Күл-Тегін бейітінің басына қойылған жазба ескерткіші П.М.Мелиоран-

3. Фалев П. Как строится кара-киргизская былина. — Наука и просвещение, 1922, №1, с.83. Екінші рет мына жинақта басылды: "Манас — героический эпос киргизского народа". Фрунзе, 1928, с. 50.

4. Бұл тұрғыдан өз пікірімізді біз М.Жолдасбековтың кандидаттық диссертациясына орай бұдан бұрынырақ жарияланғанбыз. Қараңыз: Жубанов Е. Эпос тілінің өрнектері. Алматы, 1978, 18-19-б.

ский эпитафиялық прозаның үлгісі<sup>5</sup> деп есептесе, Ф.Е.Корш оны поэзия<sup>6</sup> деп білді. Аталған кезеңде құлпытас жазуларына байланысты талай даулы мәселелер туса да, олардың шешімі күні бүгінге дейін табылып жеткен жоқ.

Түркі тілді әдебиеттерді зерттеуде жазу дәстүрі мен фольклор дәстүрінің ара қатынасын анықтау проблемасына ғалымдар тек совет тұсында ғана баса назар аударды дейді М.А.Унгвицкая. Ол революцияға дейінгі уақытта фольклор тілімен шұғылданушылар да, жааба ескерткіштердің тілін /құлпытас эпитафиясын/ зерттеушілер де негізінен өлең үлгілеріне ғана ден қойғандығын, оның істіне зерттеушілердің, басым көпшілігі лингвистер /В.В.Радлов, Ф.Е.Корш т.б./ болғанын айтып, қынжылыс білдіреді. Фольклор дәстүріндегі өлең жанры мен жазба ескерткіштер тіліндегі өлең өрнектерінің ара жігін айырып қарау ол кезде ғалымдардың методикасына тән болмағанын ескерте отырып, аталған автор: "Ф.Е. Корш создал свою музыкальную теорию стиха на основе изучения песен тюркских народов и памятников орхонской письменности, не ставя вопроса о специфике фольклора и литературных памятников"<sup>7</sup>, дейді. Сондай-ақ, В.В.Радлов, И.А.Худяков, т.б. еңбектерінде фольклор мен жазба ескерткіштерді салыстыра зерттеу мақсаты, тіпті, көаделмегендігін, көне түркі әдебиетіндегі фольклоризм көрінісі әлі күн тәртібіне де қойылмағандығын арнай сөз етеді.

Осы орайда ежелгі жазба мұраларды фольклор туандыларымен салыстыра зерттеу әдісін революциядан кейін іле-шала қолға алған филолог-латинист академик И.И.Толстой болғанын айта кетуге тиіспіз. Классикалық латын филологиясы ертедегі антика әдебиетін өңгеден өзге бөліп алып зерттейтін-ді. Латинист ғалымдар жааба мұраны ауыз әдебиеті үлгілерімен салғастыра тексеруді қажет деп санамайтын, И.И. Толстойдың творчестволық өмір жолын зерттеген профессор И.М.Тронский бұл ретте былай дейді: "Отходя от старых методов, И.И.Толстой старается поставить изучение греческой литературы в тесную связь с фольклористикой... Сопос-

5. Мелиоранский П.М. Об орхонских и енисейских памятниках с надписями. - Журнал Министерства народного просвещения, 1898, ч. 317, отд. 2. СПб., с. 280.

6. Корш Ф.Е. Древнейший народный стих турецких племен. - ЗВРАО. СПб., 1909, т. XIX, с. 139-140.

7. Унгвицкая М.А. Проблемы фольклоризма в тюркских литературах. - Советская тюркология, 1970, №5, с. 89.



тавление обнаружило лучшую подчас сохранность архаического сюжета в современном фольклоре, чем в древних литературах. Оно показало с одной стороны - живучесть фольклорного предания, с другой - значительность его переформирования в древнейших письменных памятниках"<sup>8</sup>. Басқаша айтқанда, академик И.И.Толстой өртедегі фольклор сюжетінің жауға түскенде үлкен өзгерістерге ұшырайтынын дәлелдеп берген.

Аты шулы грек эпостары біздің заманымызға жау тілі арқылы жетті. Ал, ежелгі заманның жазба ескерткіштері өз кезіндегі жасанды әдеби тілдің үлгісі болғаны мәлім. Жау тілін екіншісі біле бермейтін, бұл тілде ешкім сөйлемейтін, ол тек хат жүзінде ғана өмір сүретін. В.В.Виноградовтың айтуынша феодализм тұсында феодалдық бөлшектенушілік салдарынан әлеби тіл де әдетте табиғи біртұтас болмаған. Оның бойынан алуан түрлі территориялық диалектілердің жарқыншақтары айқын көрініп тұрған. Бұндай тілді феодалдық қоғамның шағын бөлегі ғана, яки белгілі бір феодалдық топтар мен дін басылары ғана тұтына шыған<sup>9</sup>. Жоғарыда аты аталған И.И.Толстой грек эпосының тілін де осындай құранды, алабажақ болған дей келіп: "... впечатление речевой пестроты еще усиливалось сосуществованием стоящих в тексте, иногда совсем рядом, таких морфем, которые хронологически принадлежали заведомо различным языковым пластам. Было очевидно, если этот язык и был доступен пониманию человека любого диалекта, то разговаривать на нем никто не мог"<sup>10</sup>, - деген болатын. Бірақ тілдік құрамының бұл айтылғандай жасандылығына, яки шарттылығына қарамастан ғалым грек эпосы "фольклор негізді" деп таныған<sup>11</sup>.

Орхон - Енисей ескерткіштерін бағалауда 40-жылдары советтік түркологияда біршама байыпты көзқарастар қалыптасты. Атап айтқанда, Енисей бойындағы эпитафиялардың табиғатын танумен байланысты А.Н. Бернштам оларды "бүкіл қырғыз әдебиетіне негіз

8. Тронский И.М. Иван Иванович Толстой. - Материалы к библиографии ученых СССР. Сер. литературы и языка, 1953, вып. 3, с. 12

9. Виноградов В.В. Проблемы литературных языков. М., 1967, с. 74.

10. Толстой И.И. Аэды. Античные творцы и носители древнего эпоса. М., 1953, с. 5.

11. Қараныз: "Греческий эпос, по мнению И.И.Толстого, имеет чисто фольклорную природу и принадлежит народным массам. Распространенная среди буржуазных ученых теория об "аристократическом", "придворном" характере героического эпоса всегда вынуждала с его стороны резкую критику" /Тронский И.М. Көрсетілген еңбек, 14-б/.



болган" жазулар деп атайды<sup>12</sup>. Булай легенде ол кыргыздардын эрте заманда қоныстанган жері Енисей өзенінің бас жағы және орта тусы болғандығын, демек Енисей жазбалары мен кыргыз әдебиеті дәстүрінің бір аймақта қалыптасқандығын тілге тиек етті. Енисей эпиграфияларына байланысты фольклорист М.И.Богданова да кесімді пікір айтты. Ол мәңгі тас ескерткіштерінің түп төркініне көз жібере отырып, құлыптас жазуларын кыргыз фольклорымен, оның ішінде де халықтың жоқтау, әсиет мазмұнды жырларымен, әр алуан мадақтау өлеңдерімен жақындастырады. Жоғарыдағы академик И.И.Толстой тәрізді бұл автор да халық ауыз әдебиеті үлгілерінің хатқа /жазуға/ түскенде тек түр /форма/ жағынан ғана емес, бүкіл идеялық мақсат, мазмұн тұрғысынан да елеулі өзгерістерге ұшырайтындығын ескертіп: "... жанры народной поэзии, при соответствующей сюжетной доработке, были использованы аристократией кочевого общества, тюркской знатью в качестве одного из средств идеологического воспитания членов рода"<sup>13</sup>, - деп жазды.

Қысқасы, зерттеушінің пікірінше алғашқы жазба әдебиет фольклормен, әсіресе, оның лирикалық жанрымен тығыз байланысты болған да, соның нәтижесінде ауыз әдебиеті үлгілерін творчестволық тұрғыдан өңдеу жолымен дүниеге келген. Зерттеушінің бұл тәрізді ой-толғамдарын М.А.Унгицкая: "жемісті, фольклоризм проблемасын жан-жақты талдау ісіне берері мол"<sup>14</sup>, - деп санайды. Әйтсе де М.И.Богданованың бұдан кейінгі пікірлерімен түгел келісе қою қиын. Ол бір заматта ауыз әдебиетінен нәр алған Орхон-Енисей жазбалары кейін келе эпос жанрына ықпал еткен деп есептейді. Оның түсінігінше, сөз болып отырған жазулар дәуірі жағынан ілгергі уақыттың тундралары болғандықтан халықтың саатырлық дастандарына да өзек болып, құрылымы едәуір күрделенген эпос формаларын қалыптастырған, яғни, сөз өнерінің даму жолы:

12. Бернштам А.Н. Истоки киргизской литературы. - Труды ИЛИ, Фрунзе, 1946, т.1, с.166. Ол былай дейді: "На Енисее в то время складывается древнекиргизская литература, одна из древнейших датированных литератур народов СССР, почти равная по времени армянской и не намного моложе среднеазиатской, если временем сложения Авесты считать период парфия". Ізінді автордың мына еңбегінен алынды: Бернштам А.Н. Эпоха возникновения киргизского эпоса "Манас" /"Манас" - героический эпос киргизского народа% Фрунзе, 1968, с. 148-176.

13. Богданова М.И. Киргизская литература. М., 1947, с.12-13.

14. Унгицкая М.А. Көрсетілген әңбек, 90-с.

әуелі фольклор /лирика/, одан жазба әдебиет /рун жазулы ескерткіш/, одан ерлік эпосы /"Манас"/ туындау арқылы өрбіген деп мензейді. Біз бұл қисынға К.Маркс айтқан мына қағиданы қарсы қоямыз. Ол: "... и разве не исчезают неизбежно сказания, песни и музы, а тем самым и необходимые предпосылки эпической поэзии с появлением печатного станка?"<sup>15</sup> - деген болатын.

Басқаша айтқанда, "жазу станогының" пайда болуы эпостың күрделеніп жетіле түсуіне септігін тигізбейді, керісінше жазу эпос жанрлы поэзияға тежеу болады, өйткені бұрынғы ауызекі эпика дәстүрінің орнын енді жазба әдебиет басады. Ол алғашқы әзірде ауыз әдебиетінің көптеген үлгілерін, соның ішінде эпостың көркемдік тәсілдерін де өзіне арқау еткенімен, келе-келе, жазу стилі кемелденген шақта, ауызша стильге тән сөз қолданысты түгелге жуық жаңғыртып, жазба тілдің шарттарына сай жаңа сапаға көшеді.

Фольклористердің ерлік эпосын кене жазулардан туындатуына итермеші болатын жай - нақты бір эпос жырының пайда болуы деуір жағынан алғанда жазба ескерткіштердің көп кейін тұратындығы. Бұны Е.М.Мелетинскийдің мына сөздерінен де көреміз: "... Орхон-Енисей жазбаларында хандардың жорықтары мейлінше образды, жалпы түркі эпосына тән өлеңдік формада жырланады. Бір ғана рун жазуларына сүйеніп сол ерте замандардың өзінде ерлік эпосы жанр ретінде өмір сүрді деуге жеткілікті негіз болмаса да, бұл қаһармандық эпифанияларда жергілікті фольклор деректері пайдаланылған деп жобалауға болады"<sup>16</sup>. Бірақ бұлайша күмілжудің өзі де істің ақиқатына көз жетпегендіктен туған тәрізді. Ал, басқа зерттеушілер ішінде кене түркі жазулармен тұстас ерлік эпосы да болғанын дәлелдеушілер жоқ емес.

Біз аталмыш мәселенің<sup>17</sup> төркіні мынада деп білеміз: "кене түркі жазбалары" дүниеге келер сәтте ерлік эпосы жанр ретінде кемелденіп болды ма, жоқ па? - деп әрі-сәріге түсудің өзі қисынсыз. Өйткені эпос - ешқашан аяқталып бітпейтін, қалықпен бірге

<sup>15</sup> Маркс К. К критике политической экономии, М., 1952, с.225.

<sup>16</sup> Мелетинский Е.М. Происхождение героического эпоса. М., 1963, с. 251.

<sup>17</sup> Қараныз: "С.С.Суразаков же утверждает, - дейді М.А.Унгушкая, - что наличие сложившегося героического эпоса алтайцев в период содания орхонских памятников можно считать доказанным". - Советская тюркология, 1970, № 5, с. 91.

жасасып, онын өмір жолын уадіксіз саулелендіріп отыратын туынды<sup>18</sup>. К.Маркстың айтуынша эпостың алғы шарттары адам баласының сәбилік дәуірінде-ақ қалыптасып үлгерген. Демек, көне түркі дәуірінде осы күнгі ұтымға сай сындарлы эпос жыры болмаған күннің өзінде, оны тудырушы және жанрлық қасиетін белгілеуші творчестволық тәсіл - эпос дәстүрінің болғаны хақ. Осы себепті де ұны түркі қағанатын құрған тарихи қайраткерлердің ескерткіш-тегі бейнесі эпос қаһармандарына біршама ұқсатылған. Ғалымдар бұны біраздан бері-ақ байыптаған. Мәселен, Е.Э.Бертельс Орхон текстінен төмендегідей үзінді келтіреді де, қараңыз: "Бір отуз йашына Чача сәнукә сүнүшдіміз; аң ілкі Тадыкын Чурын боз атыг бініп тәгді, ол ат анта/ өлті. Акінті Ышбара йамгар боз атыг бініп тәгді, ол ат анта өлті; учінч Йагін Сіліг бәгін кәдімліг торыг ат бініп тәгді, ол ат анта өлті"<sup>19</sup>. Осындағы Күл-Тегіннің жауға шапқан кейпі ерлік эпосының стилімен үндесетіндігін айтып, зерттеуші: "... как произведение древней письменности, надписи имеют свою литературную традицию и свою художественную форму, но дух и форма их соприкасаются с героическим эпосом"<sup>20</sup>, - деген болатын.

Қырғыздың "Манас" эпосын зерттеу барысында М.Әуезов те фольклор мұрасын көне жазулармен салыстыру қажет деп білді. Ол жоғарыда аталған П.Фалевтің осы орайдағы пікірін "әбден дұрыс!" деп қолдай отырып<sup>21</sup>, Орхон-Енисей бойындағы үлкенді-кішілі жазу ескерткіштерінің табиғатын былайша сипаттайды: "... эти памятники не представляли собой лирическую кантилену, характерную для многих других надгробных эпитафий; их особенность составляла повествовательно-эпическая суть и соответствующая ей своеобразная художественная форма сказа"<sup>22</sup>. Айта кә-

18. Радлов В.В. Образцы народной литературы северных тюркских племен. СПб., 1885, т.У, Предисловие, с. 514.

19. Осы келтірілген үзіндінің Е.Э.Бертельс орысша аудармасын пайдаланған. Біз оның түркішесін беріп отырмыз. Қ.: Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М.: ИЛ., 1951, с. 3/.

20. Цитата мына кітаптан: Жирмунский В.М., Зарифов Х.Т. Узбекский народный героический эпос. М., 1947, с. 9.

21. "Был глубоко прав П.Фалев, когда говорил, что сопоставление произведений народного эпоса с орхонскими надписями вполне уместно" - дейді зерттеуші /Ауезов М. Мысли разных лет. Алма-Ата, 1959, с. 514/.

22. Ауезов М. Киргизский героический эпос "Манас". - В кн.: Мысли разных лет. Алма-Ата, 1959, с. 479.

ту қажет, "көне түркі жазулары өлен-сөзге құрылған" дейтін пікір бұрынғы-соңғы зерттеулердің көбінде-ақ үстем болатын. Бұған бір жағынан С.Е.Маловтың Енисей эпитафияларын "мола поэзиясы" ("кладбищенская поэзия" / деп атауы да мұрындық болған тәрізді<sup>23</sup>.

Біз жоғарыда М.Богданова мен А.Н.Бөриштамның "қырғыз әдебиетінің басы Енисей ескерткіштерінен басталады, ел тастағы жазбалардың негізі - поэзия тілі" деген ғылыми топшылауларын сөз еттік. Көне түркі жазу ескерткіштерінің тіл өрнегін тынбай зерттеп жүрген И.В.Стеблева да тас жазуларын "эпитафиялық лирика" деп дәлелдеп келгендігі мәлім. Ол Күл-Тегін, Білге қарған, Тонью-кук ескерткіштерін "тарихи-героикалық поэма" деп атаса, Енисей жазбаларын: "... первые по времени образцы тюркоязычной эпитафийной лирики"<sup>24</sup>, - дейді. Ал, енді осы автор өзінің кейінгі бір еңбегінде Күл-Тегін мен Тонью-кук ескерткіштерінің оқиға желісі баяндау циклімен берілген деген "теориялық тұжырым" айтады. Демек, бұның өзі ілгеріде Мұқаң айтып кеткен повествовательно-эпическая суть түріндегі анықтамамен мәндес екендігі байқалады. Бірақ И.В.Стеблева сөз болып отырған құбылысты ешқандай сілтеме жасамастан, тек өз тұсынан ғана егжей-тегжейлі "түсіндіріп" өтеді<sup>25</sup>. Сонымен, И.В.Стеблева көне түркі ескерткіштері "өлен формалы" деген ертеректегі тоқтамнан айну былай тұрсын, енді олардың стилі "баяндау циклі түрінде" деген қортындыға келіп саяды. Ал, содан он-он бес жыл бұрын М.Әуезов Орхон ескерткіштері "эпостық баяндау мәнді" жазбалар деп атап көрсеткендігін біз жоғарыда айттық.

Ескерткіштерді мазмұндаудағы тілдік-стильдік аспектілер мен нақты тарихи деректердің астарласу фактілері де әр саладағы ғалымдар тарапынан әр түрлі түсініліп, ортақ белгісін таба алмай келеді. Өйткені әр ғылымның өкілі белгілі бір текстен тек өз көкейіндегі нәрсені көргісі келеді де, заманалар тынысынан туған талғам мен талаптарды ұқыптап ескере бермейді. Осы орайда біз

23. Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. М.; Л., 1952, с. 8.

24. Стеблева И.В. Поэзия тюрков VI-VIII вв. М., 1965, с. 61.

25. Қаранға: "... изложение событий в них подчинено существовавшей традиции создания повествовательного текста, облеченного в стихотворную форму. Повествовательный цикл /зачин, развертывание содержания, концовка/ ... формирует архаический тип повествования в тюркоязычной словесности" Стеблева И.В. Поэтика древнетюркской литературы и ее трансформация в раннеклассический период. М., 1976, с. 50/.

көне түркі жазба ескерткіштерінің тілдік сипаты жайлы М.Әуезов айтқан мынадай ескертіндіні қатардан шығармауға тиіспіз. Ол:

"адесь конкретно-исторические события изложены в условной, своеобразной, но правдивой форме. Они равноценны любой реалистической исторической хронике. Их свидетельства подобны свидетельствам летописи, в которых то же изложение исторических конкретных событий ведется в своеобразной литературной форме"<sup>26</sup>, - деген болатын.

Тарихи оқиғаларды, деректерді шындық қалпында ғана емес, шынайы әдебиет үлгісіндегі суреттеме түрінде жеткізу ерте дәуір әдеби тілінің қол жеткен биігі болды. Стиль атаулы қазіргідей сала-салаға жіктеліп, функциональді жағынан дараланбай тұрған кезеңде патриархалдық-рулық қоғамның алуан салалы өмір-тіршілігінің қажетіне жарайтын, елші мен жаушының, би мен шешеннің, батагөй мен ақылгөйдің, көріпкел мен көсемнің, бақсы мен балгердің, т.б. ел тауқыметін арқалаған айтқыш да әділ, тілді де тентек халық ұлдарының құралы болған әрі өткір, әрі ұтқыр бір тіл болды. Ол - бейнелі, перделі, туспалды сөздерге табан тірейтін көсем тіл еді. Қабырғалы қара тіл мен әсірелі көркем тілдің іргелескен жерінен өркен салған көсем тіл бір тоға байыпты, тұрақты сипат алып, ұзақ уақыттар бойы синкретті, яки көп бағдарлы қызмет атқарып келді де, ақырында болашақтың сән-қилы стильдік арналарының көзі, бұлақ-бастауы болып алды. Егер әр алуан диалектілік тіл ерекшеліктері тек азгантай шоғырдың сөйленіс машығы ғана болып, оқшауланған күнкөріс кәсібінің, снаша қауымдасқан шағын тілдік коллективтің аясымен шектелетін болса, көсем тіл ондай топтар мен тобырлардың бәрінен үстем, бәрінен жоғары тұрған, сан рулы елге ортақ, лексикасы сурыпталған, шұрайлы, стилі қырналған, "асқақ", атқаратын қызметі күнделікті күйбең тіршіліктің ауқымынан анағұрлым асып түсетін, әлденеше тайпаның, халықтың, жалпақ жұрттың өмірлік мүдделерін, түбегейлі мақсаттарын көздейтін қарым-қатынас құралы болған. Демек, ол сөз шеберлігінің ауызекі дәстүрінен сүзіліп өтіп, мәмілегерлік сипатта мейлінше әдебиленген, халықтық қара тілден сусындал, көркем тілдің көріктегіштік қасиетін бойына дарытқан, "аталы сөздерімен" тыңдаушысын ар мен намысқа жүгіндірген, "быс кеспек болса да, тіл кеспектің жоғын" ханға да, қараға да мойындатқан тіл еді

---26. Аўэзёв М. Киргизский героический эпос "Манас". - В кн.: Мысли разных лет. Алма-Ата, 1969, с. 515-516.



дегіміз келеді. Міне, осы аталған белгілері жағынан көсем тіл кейінгі уақытта лингво-стилистикалық, оның ішінде де лингво-поэтикалық тұрғыдан жіті зерттеле бастаған наддиалектная речь категориясына барынша жақын да жанасымды тәрізді. Әрине, тіл-тілдің ортақ заңдылықтары болумен бірге, тек әрбір тілдің өзіне ғана тән өзгешеліктері де болатыны себепті бұл айтылған құбылыстарды, яғни, "көсем тіл" мен "наддиалектная речь" деп аталатын тіл үлгілерін жыға тану үшін олардың бүкіл табиғи болмысын мұқият тексеріп шығу қажеттігі белгілі.

Бұл күндері қазақ халқының поэтикалық тілінің айшықты, әсем сөз қолданыстары саналатын талай мақал, мәтел, астарлы, мәниғалы өрнектер сол көсем тіл арқылы қалыптасып, тұрақтасып, екшеліп шыққан дайын үлгі, тілмарлық мектебінің жұрт таныған формулалары еді. Қазақ: "тұяғы бүтін тұлпар жоқ, қанаты бүтін сұңқар жоқ" деп жұбату айтқанда, "алтау ала болса, ауыдағын кетер, төртеу түгел болса, төбедегі келер" деп нақыл айтқанда, "кеден кеден болды, кедергі неден болды?" деп дау айтқанда, "аларманға - алтау аз, берерменге - бесеу көп" деп кінәласқанда, "тәуекел етте, тас жұт ажалың жетпей өлмейсің!" деп қайрат бергенде, "сен - бұзау терісі шөншіксің, мен - өгіз терісі талыспын" деп әлдебіреуге сес көрсеткенде, "сақ етер тиіп саныма, сақсырым толды қаныма" деп күйзелгенде "құйрығы жоқ, жалы жоқ құлан қайтіп күн көрер, аяғы жоқ, қолы жоқ жылан қайтіп күн көрер" деп толғанғанда, "от-ана, май-ана жарылқа!" - деп жалбарынғанда, міне, осының бәрінде де жайдан жай тілін безеп отырған жоқ, әлдебір жайлардан хабар беріп, әлденендей бір жандармен тілдесіп отыр. Бұл тәрізді көсемдіктің формулалары тіл қорында кейі - бүтін, кейі - жарты сақталып, ұрпақтан ұрпаққа тарап, өткеннің кейінгіге қалдырған өсиет сөзі ретінде қастерленеді.

Жоғарыда біз атаған Күл-тегін туралы сөздің: "Қаным қаған йіті йагірімі әрін ташықмыс; ташра йорыйур, тийін, ку әсідіп, балықдақы тағықмыс, тағдақы інміс, тіріліп, йәтміс әр болмыс; йлгару - құрығару сұлап тірміш, кобарт /мыш/, /қа/ муғы йәті йуз әр болмыс /әкем қаған он жеті ерімен аттанды; жортуылдап жүргенін есітіп қаладағылар тауға шығып, таудағылар төменге түсіп жиналып, жетпіс ер болды; йлгерілі-кейінді шабуылдап, көбейіп, әскердің шоғыры 700 ер болды/ дейтін жолдар П.Фалевтің айтуынша нақты әскер санының әуелдегі 17 адамнан көбейіп



70 адам болғанын, одан әрі 700 кісіге жеткенін хабарлайтын үдемелі мәлімет емес, тек өз кезеңінің ерекше стильдік мақсатынан туған соң қолданыс қана<sup>27</sup>. П.Фелевқа сілтеме жасамай-ақ осы пікірді И.В.Стеблева өз тарапынан одан әрі тәптіштей түседі. Оның пайымдауынша, Орхон текстеріндегі аяғы жеті болып бітетін сандар есептік мәнде қолданылмайды, көне түркі заманындағы діни-мифологиялық ұғым-түсініктермен астарласып, олар "киелі сан" турасындағы дүниетанымын таралу ерісін аңғартса керек. Соған орай автор жоғарыдағы 17-70-700 болып еселеніп келетін сандық ұғымдарды былай түсіндіреді: "Здесь содержится поэтическая фигура, передающая рост, накопление сил тюркского войска, построенная на сакральном числе семь, а не дается точного указания численности войска Кутлуга"<sup>28</sup>. Демек, Орхон текстерін құрастырушыға қажет болған нәрсе жиналған әскердің дәлме-дәл санын айту емес, көне түркілердің жорыққа даярланғандағы үрдіс қимыл-әрекеттерін суреттеу, айнала жұртқа данқы жайылып, төңірегіне сансыз қол топталып жатқан Құлтық қағанның белді де беделді адам болғандығын мадақтау.

Көне түркі ескерткіштерінің сөйлем жүйесіндегі көсем тілдің формуласы ретінде қолданылып, жазу стилімен етене болып кеткен бұдан басқа да өрнекті сөз үлгілері көп. Соның бірнеше мысалын И.В.Стеблева да талдап көрсетеді. Мәселен оның байыптауынша "балықдағы тағымсыз, тағдағы інміс"; "ілгері - құрығару сұлап тірміш" /қаладағылар тауға шықты, таудағылар төменге түсті; ілгерілі-кейінді жортып жүріп бас құрады/ деген мәнерлі тіркесімдер нақты бір елді, жерді, бағытты нұсқамайды, тек "жоғары-төмен", "ілгері-кейін" болып шендескен қарама-қарсы ұғымдардың бірлігін танытады. "Үзә көк таңрі, асра йағыз йір қылынтұқда әкін ара кісі оғлы қылынмас" /төбеде көк аспан, төменде қоныр жер жаралғанда, екі ортасында адам ұшы жаратылған/ деген формула да жер бетіндегі тіршіліктің пайда болуы жөніндегі тым әрідегі ұғым - түсінікті танытатын қағидалы сөз. Ал, "түрк бұдан үчүн тун ұдымадым, күнтүз олурмадым" /түрік халқы үшін тун ұйқтамадым, күндіз отырмадым/ деген фраза осы күнгі "күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмеді" түріндегі ұйқасыммен келетін өрнекті сөз қолданыстың әуел бастағы үлгісі. Осылар

27. Қараңыз: "... мы имеем здесь дело не с точным изображением фактов, а с формой стиля" /Фелев П. Көрсетілген еңбек, 50-б./.

28. Стеблева И.В. Поэтика древнетюркской литературы. ..., 572.

тәрізді халық эстетикасы қалыптастырған әсерлі сөз кестелері, суреттеме тізбектер, ұтымды ақыл-нақылға саятын қаусырма бунақтар, салғастырма тармақтар, т.б. ескерткіштер тілінде баршылық. Олардың бәрі де жазба муралардың негізгі желісіне әріліп, оңтайлы тауып орныққан. Енді соның біреуі мысалы келтіре кетейік: "чыған бүдұның бай қылтым, азбүдұның уқуш қылтым" /жоқ-жітік жұртты бай қылдым, аз жұртты көбейттім/; тәңрі куч біртүк үчүн қаным қаған сүсі бөрі тағ армыс, йағғыс қон тағ әрміс" / тәңрі күш берген соң қаған атамның әскері бәрдей, жауы қойдай болды/. И.В.Стеблева осындағы бөрі тенеуінің тотемдік мәні де бар дейді<sup>29</sup>. "Тізелігің сөкүрміс, башлығың йүкүнтүрміс" /тізеліні шектірдік /шәгердік/, басы асауды жүгіндірдік/; "үзә тәңрі басмасар, асра йір тәлінмасар" /төбеден тәңрі баспаса, төменде жер тілінбес еді/; "көрүр көзім қормас тағ, білір білігім білмас тағ болты" /көрер көзім көрместей, білер білігім білместей болды, яки, есімнен тандым, білгенімнен айрылдым/; "йүіқа қалун болсар, топлагулуқ алп әрміс" /жұқа қалың болса, жіңішке жуан болса, топтаған алып ер/; тун ұдамату, күнтуз олурмату, күәул қаным төкәті, қара тәрім йүгүрті" /тун ұйқатамдым, күндіз отырмадым, қызыл қаным төгілді, қара терім жүгірді/. Соңғы екі мысал Тонью-кук ескерткішінен. Ал, Күл-Тегін тасында былай, салыстырыңыз: "қаным субча йүгүрті, соңүкүн тағча йатды, бәгілік уры оғлын күл болты, сілік қыз оғлын күн болты" /қаным суша жүгірді, сүйегің таудай үйілді, асыл-зада ұлын күл болды, ардақтаған ару қызың күн болды т.б./.

Осы секілді өзіндік дербестігі бар сөз кестелері ішкі ұйқасқа негізделетін болған соң, әрі соларды қоғамдап тұрған эпифаниялық ескерткіштер белгілі бір сюжетке құрылғандықтан, бірқыдыру зерттеушілер көне түркі жазбаларын бастан-аяқ өлең деп, тіпті, эпос жүйелі дастан деп атап, оларды кейінгі орта ғасырлық "нәзік" әдебиет туындыларының басы, алғышарты, төлбасы поэзиямыздың көркемдік түр, форма жағынан "мәйегі бузылмай", "өзгеріске түспей" тұрған шақтағы үлгісі ретінде ұсынбаққа талаптанады. Біз осы орайда Қ.Өмірәлиевтың: "Ү-ҮІІ ғасыр түркі халықтары поэзиясының алғашқы дәуірі" деген таным барынша шартты. Өйткені Ү ғасырдан арғы жердің сөз үлгісі қазір біздің

<sup>29</sup> Қараңыз: "Здесь представляет интерес... упоминание то- тема правящего рода Ашина, к которому принадлежал Кутлуг, - волка" /Стеблева И.В. Кәрсетілген еңбек, 73-б./

қолымызда жоқ. Бірақ арғы жерде, шамамен І-Ү ғасыр арасында, түрік тайпаларында поэзия болмады дей алмаймыз<sup>30</sup>, - деген пікірін әбден орынды санаймыз. Ол содан әрі Орхон ескерткіштерін поэзия деп танудан туатын жансақтықтарды атайды. Яғни, ауыз-өкі тіл стилінің деңгейіндегі үлгіні /жауды/ поэзия деп тану - ҮІІ ғасырдағы түрік халқының поэзиясы сөйлеу тілінен ұзап кете алмаған, ол кезде поэтикалық стильдің болмашы элементтері ғана жасала бастаған деген ұғым туғызатынын ескертеді. Зерттеуші сөзін қорыта келе: "... мына тұрған ҮІІ ғасырда түрік тайпаларының мәдени қалыпқа түскен ауызша поэзиясы болмағаны ма?" - деп сұрақ қояды да, оған "ҮІІ ғасырдан қалған ескерткіштерді поэзия деп тану - түрік халықтарының сол тұстағы және соған дейінгі поэзиясын жоғалту, оның анық сипаты турасында алатын түсінігіміздің өресін қырку болып табылар еді", - деп, өзі жауап береді.

Қысқасы, Қ.Өмірәлиевтің пайымдауынша "Күл-Тегін сөзі" тәрізді ескерткіштерді "поэзия" деп білу ҮІІ ғасырда, не соған жалғас, іргелес кезеңдерде түрік халқында тұрмыс-салт жырлары, айтыс дәстүрі, жоқтау айту, өсиет өлеңдер қалдыру, ерлік азаматтық тақырыбын жыр еткен жеке ақындар творчествосы болмады дегенге апарып саяды. Ал, Күл-Тегін, Тонью-кук сөздеріндегі поэзияға тән, соған бейім үзіктер ескерткіштердің тіліне, жанрына сәйкес туған айырым белгілер емес, тек ауызөкі поэзиядағы дағдылы тәсілдерді тас қоқшының /автордың/ арагидік пайдалануы, жазба текске де енгізуі, эпитафияға икемдеуі<sup>31</sup>.

Бұдан шығатын қортынды - Күл-тегін, Тонью-кук сөздері шалқыған поэзия да, өлең-жыр да емес, әсіресе, "поэма" да емес, не бары түрік қағандары мен қолбасшыларының ерлік жорықтарын дәріптей баяндайтын құлыптас қана. Ескерткіштер тексті қиялмен қанаттанған көркем туынды емес, біреу айтып отырып хатқа түсірген шежіре іспетті деректі әңгіме. Сондықтан оның құрылысы да ауызөкі сөйлеу тілінің баяндай айту нормасына жақын. Бұл текстердің өзіне тән басты стильдік ерекшелігі - оқиға желісін бірінші жақтан хабарлауы, яки, кейіпкердің "мен" деп сөйлеуі.

Орхон текстерін негізінен әдебиет туындысы деп танып, оның "болған істі" суреттеуі көне заманның белгілі бір көркемдік

30. Өмірәлиев Қ. ХҮ-ХІХ ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. Алматы, 1976, 31-б.

31. Өмірәлиев Қ. Көрсетілген еңбек, 37-38-б.

дәстүріне, әлденендей әдеби жүйеге бағындырылған деген И.В. Стеблева да жазулардың тарихтық, шежірелік мәнін түгел жоққа шығармайды. Ол: "мынаны атап айтуымыз керек: орхон текстерінің әдебиеттік каноны /үлгісі/ болды деген қортынды бұл текстердің тарих ғылымы үшін мәнділігін жоққа шығармайды. Керек десе, біздің толымызда көне түркі заманына куә болатын осыдан басқа елеулі, дәуірлес дерек жоқ. Әйтсе де жазбалардағы мәліметтерді ежіктеуде үлкен сақтық пен икемділік қажет тәрізді"<sup>32</sup>, - деп ескертеді. Ал, бұндай сақтықтың туу себебі, түптеп келгенде, көне жазбалардағы мәліметтердің шығыс тарихшылары келтірген деректермен сәйкесе бермейтіні болып отыр.

Көне түркі жазба мураларының<sup>33</sup> халық тіліне, көркем әдебиетке, тарихи шындыққа жанасуы жайлы біздің топшылауларымыз осымен тамамдалмақ. Сөз түйіні ретінде айтарымыз - осы жазба муралардың негізгі сөздік құрамы да жоғарыда біз атаған өткір де ұтымды, өз көзінің ұраншысы да уағызшысы болған көсем тілдің өрнекті сөз толғамдарын өзіне мықты арқау еткен.

Біз сілтеме жасап отырған еңбегінде Қ.Өмірәлиев мынадай бір пікір айтады: "Фольклор муралары ішінде өзінің туу, қалыптасу дәуірі жағынан барынша көне, тілдік белгілері /грамматикалық белгілері. - Е.Ж./ жағынан барынша тұрақты, әрі дәстүрлі формаларға ие сөз үлгілері - мақал-мәтелдер"<sup>34</sup>. Осы ойының дәлелі ретінде ол "Күл-Тегін сөзінен" мынадай мысал келтіреді, қараңыз: "Ырақ ерсер, йаблақ ағы бірүр, йақуқ ерсер, едгу ағы бірүр..." /Ырақ жүрсең жаман сый берер, жақын жүрсең, асыл сый берер/. Осы салғастырма жолдардың моделі /қалыбы/, яки ұйқасу формасы мен шендестіру амалы әйгілі М.Қашғари "Сөздігіндегі" мақалдармен тең түсетіндігін ескертеді. Ал, жарық көргеніне мың жылдай уақыт өткен "Дивани лугат-ит түрkte" жарияланған төмендегі мақалдар, қараңыз: "ац не йемес, тоқ не темес", "бар бақыр, йоқ - алтун", "кіші аласы ічтін, йылық аласы таштын", "қуш қанатын, ер атын", "қорқымыш кішіге қой басы қсш көрунур", "қуруқ қашуқ ағызға йарамас, қуруғ сөз қулаққа йақышмас", йаз-мас атым болмас, йанылмас білге болмас", "кіші сөзлешу, йылық

<sup>32</sup>. Стеблева И.В. Поэтика древнетюркской литературы... с. 109.

<sup>33</sup>. Сонда, 51-б. Ол былай дейді: "Историки, изучавшие орхонские тексты в своих целях и квалифицировавшие их как историографические или историко-биографические, вместе с тем вынуждены были признать несколько легендарный характер parecаи ряда событий, преувеличение заслуг каганов, изображение военных походов тюрков как исключительно удачных".

<sup>34</sup>. Өмірәлиев Қ. Көрсетілген еңбек, 34-б.

йызлашу", "күзекү узун болса, елік күймес" т.б. аз-көм фонетикалық, грамматикалық немесе лексикалық ауытқуларын айтпағанда, қазіргі түркі халықтарында, соның ішінде қазақ тілінде де сол күйі дерлік сақталған<sup>35</sup>.

Сондай-ақ, М.Қашғари заманындағы "Тағ тағқа қабушмас, кіші кішіге қубушур" дейтін мақалдың осы күнде қазақша: "тау тауға қосылмас, адам адамға қосылар" болып, татарша: "тау тау белән очрашмай, адам белән очраша" болып, түрікше: "дағ даға қабушмаз, инсан инсана қабушар" түрінде айтылып, өзара туыстас тілдер құрамында біркелкі тұрақтану фактісі де сол азаматтық-дидактикалық сарындағы сөз жүйелерінің халықтық, бұқаралық негіздеріне табан тірейді.

Орта ғасырдағы өзге жазба мураларға қарағанда М.Қашғари "Сөздігінің" сипаты бөлек. Өйткені сөздік материалы өз тұсындағы "тірі тілдердің" сөйлеу нормасын танытумен бірге, тайпалық тілдердің ерекшеліктерін, диалектілік айырмашылықтарды да қамтиды. Ал, сөздікке енген мақал-мәтелдердің дені мазмұн жағынан қыр елінің тіршілігін, аңшы, малшы, егінші шаруалардың тұрмыс қалпын елестетеді. Қараңыз: "тілкү өз ініге үрса, узуз болур" /түлкі өз ініне үрсе, қотыр болар/; "ермегүге ешік арт болур" /ерінгенге есік те асу болар/; "ерік ерні йағылығ, ермегү башы қанлық" /еркі күштінің ерні майлы, еріншектің басы қанды/; "ермегүге булыт йуқ болур" /еріншекке бұлт та жоқ/; "емгек өкінде қалмас" /еңбек егінжайда қалмас/; "хан ышы болса, қатун ышы қалыр" /ханның ісі келгенде, қатынның ісі жайында қалар/; "кетен көрді, керегү йүзті" /кедейшілік көрді, көрегесін арқалады. Салыстыр: "кеден кеден болды, кедергі неден болды"/; "бөрінің ортақ, қузғунның йығач башында" /бөрінікі ортақ, қузғындыкі ағаш басында/; "көк көрдү, керегү йазды" /көк көрді, көрегесін жазды/; "ердемсізден құт чертілур" /күйсізден құт шеттер/; теуей сілкінсе, ешекке йуқ чықар" /түйе сілкінсе, бір ешекке жүк шығар. Салыстыр: "түйені жел шайқаса, ешкіні аспаннан көр"/; "кічікда қатығланса, ұлғазу севнур" /кішіде

35. Салыстырыңыз: "аш не жемес, тоқ не демес", "бар-бақыр, жоқ-алтын" /алтынның қолда барда кедірі жоқ/; "мал аласы сыртында, адам аласы ішінде", "қус қанатымен ұшып, қуйрығымен қонады", "қорыққанға қос көрінер", "құрғақ қасық ауыз жыртар", "жандымас жақ жоқ, сүрінбес тұяқ жоқ", "адам сөйлескенше /түсініскенше/, жылқы кісінескенше", "көсеу ұзын болса, қолың күймес" /Қазақша баламаларын терген біз. - Е.Ж. /.



қатуланса, ұлғайғанда сүйінер/; "тікмегінче өнмес, тілемігінче болмас" /тікпесен [өкпесен] өнбес/; "түйле йуруп, күндіз сөвнүр, кічікда өвленіб, ұлғезу сөвнүр" /түнімен жүріп, күндіз сүйінер, жастай үйленіп, ұлғайғанда сүйінер/; "йазын қатыгланса, қышын сөвнүр /жазда қатуланса, қыста сүйінер/; "түтүшмегінче түзілмес, түб үрмегінче ачылмас" /түтіспей түзелмес, /жел/ түптен үрмей, /күн/ ашылмас. С а л ы с т ы р : "Бр шекіспей, бекіспес"/; "от төсе, ағыз күймес" /"от" дегеннен ауыз күймес/; "ұры қобса, ұныш оқылышур, йағы келсе імрем төбрешүр" /ұры бас көтерсе, ұру басын қосар, жау келсе, қауым төбіренер/; "арпасыз ат ашумас, арқасыз алып черік сыйумас" /арпасыз ат асудан аспас, арты сенімсіз алып шеру тартпас/; "Інен іңресе, боту боалар" /інген ыңранса, бота боадар/. Ескерту: осы соңғы мақал өзбек тіліне "Ургочи тун инграса, еркак тун бузлайды /Товуш береди/", - деп, қате аударылыпты. Бұл жерде "бота" сөзі "бура" мағынасында түсіндірілген. Шамасы өзбек әдеби тілінде түйе атаулары термин ретінде қалыптасып жетпеген тәрізді МК, Іт. 142-15/.

Біадін М.Қашғари сөздігінен келтірген бұл соңғы мысалдарымыздың баламасы қазіргі қазақ тілінде сақталмаған, болса, арагидік ұшырасады. Алайда, соған қарамастан, осы мақал-мәтелдердің қалықтығы, өрі ерте дәуірдегі қазақ тіршілігіне әбден үндесетіні ешбір күмән тудырмаса керек. Өйтсе де аталған жазба ескерткіштегі сөз өрнектері тек қана ауызекі поэзия дәстүріне тән деуге болмайды. Мәселен, "Алп ар Тоңа өлдіму", "Қыс пен жаздың тартысы", "Ұйғырлармен соғыс", "Йамақ [қимақ] жұртымен соғыс", "Таңгуттармен соғыс" жайындағы өлеңдер түгелдей 7-8 буынды тармақтардан тұратын төрт жолды шумақтар. Бұл өлеңдердің ұйқасу тәсілі кейінгі дәуірде кездесе бермейтін тәртіпке негізделген.

Қараңыз:

Алп ер Тоңа өлдіму,  
 Есіз азун қалдуму,  
 Өзлек өчін алдуму,  
 Емді йурек йуртулур.  
 Өзлек йарағ көзетті,  
 Оғру тузақ узатту,  
 Беглер бегін азутту,  
 Качса қалу құртулур.



Бұнда әр шумақтың алғашқы үш жолы, яки тармағы, біркелкі ұйқасып келеді, соңғы төртінші жол бос қала береді. Бірақ ол да келесі шумақтың осындай ақырғы тармағымен ұйқасып, бүкіл өлеңнің желісін біртұтас жүйемен ұстастырады.

Сөйтіп, М.Қашқари сөздігіне енген өлең үлгілері қазіргі қазақ поэзиясының ұйқасу тәсіліне де, немесе халық өлеңдерінің түр, шумақ, тармақ аралық байланыс тәртібіне де сөйкесе бермейді. Алайда сол орта ғасырлық түркі өлеңдерінің пафосы, жалпы оарыны, тіпті, бұын санының /7-8/ квантитатив жүйесі де фольклор негізінде екені күмән тудырмайды. Эпосқа тән ел болып ұрандасу, отан қорғау идеясы, жұрт қорғаны болған еңіреген ерлерді жоқтау қомақты тақырыпқа құрылған өлеңдердің ең басты көркемдік шешімі болып келсе, ұсақ жанрлы өлеңдер кәдімгі ауыз әдебиетіндегі тұрмыс-салт жырларымен өзектесіп жатады. Әрі бұндай ірілі-ұсақты туындылардың бәрі де сөздік құрамы жағынан нағыз халықтық деуге болады. Бұларда жасанды лебіз, жалтылдақ сурет, ана тілінің табиғатына жат тілбұзарлық қолданыстар, орынсыз әшекейлеу салдырынан туатын стильдік зорлық секілді бөгде көріністер жоқ.

Орта ғасырлардағы жазба ескерткіштердің өнге поэзиялық үлгілері "нәзік сезімдердің қылын шертуді" мақсат тұтып келеді де, нағыз халықтық негізден аулақтап, жасандылыққа, әсіресе қызыл суреттерге көбірек бой ұрады. Сондықтан олар тек зиялы қауым кәдесіне жарайтын, "қара тобыр" түсінбейтін тіл іздейді. Нәтижесінде мұсылман шығысының орта ғасырға тән көптеген поэзиялық туындылары өз заманы үшін де көнерген, барынша шартты тілмен жырланған. Профессор Құдайберген Жубанов Абайды шағатай ақындарымен салыстыра келіп: "Шағатай әдебиетінің алдымен көзге түсер ерекшелігі - мистицизм, диуаналық лирика. Онда бастан аяқ өртенген ғашықтықтан басқа нәрсе болып жарымайды. Оның ғашықтығының түрі де бөлек, объекті кім екені белгісіз: құдай ма, әйел ме, тіпті еркек пе? Ғашықтығы жыныссыз ғашықтық!"<sup>36</sup> деп сипаттама береді.

Біз бұл шағын зерттеуімізді фольклор дәстүріне тән сөз жұмсау амалдарының, сан ғасырлық ауыз әдебиеті өрнектерінің көне түркі жауу ескерткіштері деп аталатын эпиграфияларға /құлпытас-тарға/, олардың стиліне ұласу, жағысу жолдарын, ауызекі және

36. Жубанұлы Қ. Абай - қазақ әдебиетінің классигі. - Әдебиет майданы, 1934, № 11-12, 13-б.

жазу дәстүрлері арасындағы сабақтастықтың табиғатын танып-білуге арнадық. Әрине, барлау мақсатында жазылған бір мақаламен тың тақырыптың бүкіл мәселесін туюғейлі шешу мүмкін де емес. Сонда да болса, нысанаға алған жайтқа жұртшылық назарын аударып, ғылыми ойға біраз қозғау салуды жөн көрдік.

Дәстүрлер жалғастығын ескеру есебінде орта ғасырлық жазу ескерткіштері ішінен тек М.Қашғари сөздігінің материалдарына азы-көпті тоқтадық. Ал, классикалық шығыс поэзиясының ғажайып үлгілері саналатын атақты дастандар дәуірі жағынан "Дивани лұғат-ит түрікпен" өкшелес болғанымен, лингвистикалық поэтика тұрғысынан өзгеше зерттеу әдісін талап ететін ескерткіштер деп білеміз. Сондықтан оларды бірер сөзбен жалпылай сипаттаудан әрі бармадық.

Б.Сағындықов  
XII ҒАСЫР ЕСКЕРТКІШІ - "ҒИБАТ-УЛ-ХАҚАЙЫҚТЫҢ"  
ТІЛ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түркі халықтарының біздің заманымызға келіп жеткен жазба мұралары аз емес. Бұлар ғылымның қажетіне жарауы үшін, халықтың игілігіне айналуы үшін жан-жақты, түбегейлі зерттелуі тиіс. Қазіргі кезде түрколог ғалымдардың басты назар аударып отырған мәселесі - әр ескерткіштің тіл ерекшеліктерін сол дәуірдегі, бұрынғы және кейінгі дәуірдегі барлық ескерткіштермен тәптіштеп салыстыру арқылы диалектілік құрамын барынша дәл айқындау. Бұл үшін қазіргі өмір сүріп тұрған түркі тілдерінің фактілерімен, тіпті диалектілері, говорларымен санапасқа болмайды<sup>1</sup>.

Біз сөз еткелі отырған Ахмет Йүгнекидің "ғибат-ул хақайық" /Ақиқат сыйы/ атты дастаны ғалымдардың жобалауынша XII ғасырдың аяғы немесе XIII ғасырдың басында Батыс Түркістанда дүниеге келген.

Біз бұл шағын мақалада Ахмед Йүгнекидің "ғибат-ул хақайық" атты дастаны мен қазіргі қазақ тілінің арасындағы фонетикалық, морфологиялық және семантикалық басты-басты айырмашылықтарды сөз етеміз. Сол арқылы бұл мәселенің болашақтағы келелі істер-

<sup>1</sup> Г. Наджиб Ә.Н. Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века. С., 1979. Кн I. 103 с.

дің бір маңызды бөлегі екендігіне зерттеушілердің назарын аударамыз.

### Фонетикалық ерекшеліктер

Көне түркі тілінде жазылған кез келген ескерткіштерді қазір өмір сүріп тұрған кез келген түркі тілімен салыстырсақ, олардың арасындағы белгілі бір дәрежедегі ұқсастық пен айырмашылықты аңғарамыз. Мұның көне тіл мен жана тілдің арасындағы сабақтастықты білу үшін ғылыми маңызы өте зор.

"Һибат-ул хақайықтың" лексикасындағы барлық сөздерді фонетикалық тұлғалануы жағынан қазіргі қазақ тіліндегі балама сөздермен салыстырғанымызда олардың едәуір бөлегінің айна-қатесіз ұқсас екенін байқадық. Мысалы, "ат, ата, ана, ара, аз, атан, ал-, күн, түн, мен, өз, бер-, сөз, көп, кең, тар, оқ, ол, от, он, де-, мал, қол, қарын", т.б. Тіпті көптеген сөздерге қосымшалар жалғанғанда олардың біздің дәуірімізде де өзгеріссіз айтылатындығы байқалады. "Алды, қалды, қалып, қылды, қылып, қылайын, қылған, қойда, қылыққа, қаптарылмас, малы, малсыз, мөлге, оқыса, байлық, болғай, толды, тоны, сынаған, соны" сияқты тұлғалар ескерткіште де, қазіргі қазақ тілінде де бірдей.

Солай бола тұрса да ескерткіште пайдаланылған сөздердің басым бөлегінің тұлғалануы жағынан біздің қазіргі тіліміздің азы-көпті айырмашылығы бар. Олардың бастылары мыналар.

Ш/С. Ескерткіштегі бір, екі кейде үш буынды түбір сөздердің құрамындағы "ш" дыбысы қазақ тіліндегі с дыбысына сәйкес келеді. Мысалы, "иш" - іс, "теш" - тас, "қаш" - қас, "қуш" - құс, "киши" - кісі, "ешит" - есіт-, "қарабаш" - қарабас", т.б.

И/Ж. Сөз басында "й" дыбысы қазақ тіліндегі "ж" дыбысына сәйкес келеді. Мысалы, "йаз" - жаз, "йалған" - жалған, "йүр" - жүр, "йүз" - жүз, "йоқ" - жоқ, "йүк" - жүк, "йоқ" - жоқ, "йол" - жол, "йел" - жел, "йигит" - жігіт, "йеміш" - жеміс, т.б.

Жоғарыда көрсетілген дыбыс сәйкестігі жалғыз "Һибат-ул хақайыққа" ғана емес, қараханид, шағатай және Алтын Орда дәуіріндегі барлық жазба әдебиетке тән. Бұл фонетикалық құбылыстар орта ғасыр ескерткіштерінің тілін қазіргі қазақ тілінен алыстатады. Оның есесіне қарлуқ-ұйғыр және оғыз тобына жататын қазіргі түркі тілдерінде аталған ерекшелік бойынша топтастырылған сөздер дәл ескерткіштегідей дыбысталады. Мұның

себеі неліктен?

Белгілі түрколог А.М.Щербак өзінің "Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы"<sup>2</sup> атты монографиялық еңбегінде ежелгі түркі тілдерінде түбір сөздердің қатаң айтылғанын дәлелдейді. Егер бұл пікір дұрыс болса, қазақ тілі ежелгі негіз тілге бір табан жақын. Бас, тас сияқты сөздер оқшауланып қалған тілдердің бірі якут тілінде де қатаң дыбысталады. "й/к" және "ш/с" дыбыстық белгілері бойынша қазіргі тілдерді ұяң тілдер және қатаң тілдер деп екіге бөлуге болады. Бірақ қатаннан ұяңданудың қай заманда басталғанын ажырату қиын. Бірқатар тілдер негіз тілдегі түбір сөздердің қатаң айтылуын сақтап қалған да, қалғандары тарихи, саяси-әлеуметтік, географиялық жағдайларға, сондай-ақ әр тілдің өзіндік даму заңдылықтарына орай ұяңдаған. Ұяңдаудың кейін пайда болған қубылыс екендігін қазіргі түрікпен тілінде "к" дыбысының "г" дыбысына айналу фактісі де дәлелдейді. Мысалыға өзге түркі тілдерінде "көз", кел-", түрікпенде "гөз, гел". Қатаң дыбыстың ұяңдануы бүкіл дүние жүзі тілдерінде кездеседі. Керісінше қубылыс байқала бермейді.

Бұл жерде ескеретін жайт орта ғасырларда қыпшақ тайпаларының бір бөлегі ж-ның орнына й, с-ның орнына ш дыбысы арқылы сөйлеген. Мысалы, ноғайлар қазірде да й арқылы сөйлейді: йылан, йер, т.б. Мұны Махмуд Қашғаридің "Диван-и лугат ит-турк" атты еңбегі ғана емес, таза қыпшақ ескерткіштері болып есептелетін белгісіз автордың XIII ғасырда құрастырған "Ки-таб-и меджу-у терджуман турки ве 'аджеми ве моголи ве фарси" /Қысқаша түрікше-арабша сөздік/ атты еңбегі, XIV ғасырда құрастырған атақты "Кодекс Куманикус" дәлелдейді. Олай болса, қыпшақ тілдерінің қараханид дәуіріндегі жазба әдебиетке жанаме қатысы болғандығы сөзсіз. Бұл тілдердің өзара қатысы қандай болғандығы кейінгі ғылыми зерттеулерде айқындалуға тиіс.

Д/М. Ескерткіште кездесетін бірқатар түбір сөздердің екінші немесе үшінші буынындағы д дыбысы қазақ тіліндегі й дыбысына сәйкес келеді. Мысалы, адақ-айақ, иди-ие, адар - айыр, т.б.

"Һибат-ул хақайықта" д дыбысының сақталуы әлеби дәстүрдің әсері болуы керек деп түйіндейді А.М.Щербак<sup>3</sup>. Түркі халықтарын-

2. Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Л., 1970. 158 с.

3. Щербак А.М. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII вв. из Восточного Туркестана. М.; Л., 1961. 57 с.

да д және й дыбыстарының жіктелуі, ғалымдардың бір ауыздан ұйғаруы бойынша, орта ғасырлардан әлдеқайда бұрын басталған.

Ч/ш. Екінші, үшінші буындардағы ч дыбысы ш дыбысына сәйкес келеді. Мысалы, уч- уш-, өч- -ач- -аш-, ичи- іші, ачық-ашы кичик - кіші, т.б.

Қыпшақ ескерткіштерінде ч дыбысы сақталған. Соған қарағанда бұл сәйкестікті қазақ тіліне кейін пайда болған фонетикалық құбылыс деп есептеуге болады.

Ескерткіштегі сөздерді қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда сонымен қатар мынадай сәйкестіктерді байқауға болады: с//ш: сач-шаш; ғ//у; йағ-жау; н//й: қанда-қайда; м//н: емди-енді; м//н: емгак-еңбек; г//м: билиг-билим; н//л: инан-илан, т.б. Бұл дыбыстардың мынасы бұрын, мынасы кейін пайда болған деп пікір айту ғылымның қазіргі дәрежесінде ертерек. Басы ашық дыбыс сәйкестіктері жөнінде жоғарыда айтып өттік.

Бірқатар түбірлерде сөз ортасында, сөз аяғында кездесетін ғ,к,қ,р дауыссыздары ескерткіште сақталған да қазіргі қазақ тілінде түсіп қалған: қатығ-қатты, кичик-кіші, ачық-ащы, т.б.

Ескерткіштегі дауысты дыбыстардың сапасы жөнінде пікір таласы көп-ақ. Мұның басты себебі араб алфавитінің дауысты дыбыстарды белгілеуде дәрменсізлігінен. Осы себепті дауыстылардың қазіргі тілдермен сәйкестігін ажырату да өте қиын. Бұл тұрғыдан ең көзге түсетін ерекшелік ерін дауыстыларының қазақ тілінде езу дауыстылары болып айтылуы. Мысалы, "артуқ" - артық, "көңүл" - көңіл, "ескирүр" - ескіреп, т.б. Бұл қазіргі тілімізде екінші, үшінші буындарда ерін дауыстыларының айтылмау заңдылығына байланысты болса керек.

Біз жоғарыда қазақ тілі мен ескерткіш тіліндегі дыбыстық сәйкестіктерді санап бердік. Көне тіл мен жана тілдің көптеген айырмашылығы болатыны заңды. Ал бір ескерткіш көлемінде кездесетін дыбыс алмасуларын қалай түсіндіруге болады?

"Һубат-ул хақайық" дастанында мынадай дыбыс алмасулары кездеседі: д//й: "едгү-ейгү"; д//т: "дөрт-төрт"; д//з: "қодын" қозы"; ғ//қ: "қатығ-қатық"; м//н: "йәма-йана"; н//й: "қанда-қайда"; с//з "алмас-оңалмас", т.б.

Ә.Н.Нәжіптің пікірінше, мұндай фонетикалық әртүрліліктің екі түрлі себебі бар. Біріншіден, жазба тілінде сол кезде өмір сүрген әр түрлі диалектілердің ізі сақталған. Екіншіден, әр



ғасырда көшірмешілер өзі сөйлейтін диалектінің элементтерін енгізіп жіберген<sup>4</sup>. Біз осы пікірге қосыламыз.

"Һибат-ул хақайықта" бір буынды сөздерге дауыстыдан басталатын қосымша жалғанғанда түбірдегі қатаң дыбыс уянданбайды, қазіргі қазақ тілінде уянданып кетеді. Мысалы, оқуң-оғын, шақи-шәгі т.б.

Морфологиялық ерекшеліктер. "Һибат-ул хақайықтың" қазіргі қазақ тілінен морфологиялық жағынан да елеулі айырмашылығы бар. Бұл ерекшелік әсіресе негізгі түбір мен туынды түбірді салыстырғанда айқынрақ байқалады. Қазіргі қазақ тілімен түбірлес сөздер негізінен бір немесе екі буынды болып келеді. Үш буынды түбірлес сөздер некен-саяқ. Көне және жаңа тілге ортақ түбір сөздердің өзара айырмашылығы тек фонетикалық тұлғалануында "баш-бас", "адақ-айақ, т.б. Яғни осының алдындағы тарауда санамаланып өткен ерекшеліктердің морфологияға да қатысы бар. Ал туынды сөздердің жайы басқаша. Етістіктің "біл-түбірінен ескерткішке "біліг", қазақ тілінде "білім" туынды сөздері жасалады. Ал - "көр" - деген ортақ түбірден "көрүмітүг" көрікті сөздері өрбіген. Бұдан шығатын қорытынды қазіргі тілдерде сақталған сөздерге ескерткіште көне жұрнақ жалғана береді. Керісінше қубылыс та байқалады: қазіргі тілде кездеспейтін көне сөзге тірі жұрнақ жалғанады. Мысалы, "борчы" - мақтұнем, "унарча" - шамамша, т.б. Мұндағы -чы, -ча жұрнақтары қазақ тілінде -шы, -ша түрінде жиі қолданылады.

Орта ғасырларда туынды болып есептеледі. Мысалы, ескерткіштерде "ай" - деген түбірден етістіктің "айт" - деген бұйрық райлы сөзі жасалады. Қазақ тілінде негізгі түбір ұмытылған да, туынды түбір негізгі түбірдің мағынасын беріп кеткен.

Қазақ тілінде "тірі" деген сөз бар. Ескерткіште бұл сөзге өздік етістіктің -л жұрнағы жалғанып, "өмір-сүр" деген мағына беретін "тіріл" сөзі жасалған. Яғни кейбір сөздерге қазіргі тілдердің тұрғысынан жалғауға болмайтын жұрнақтар жалғана береді.

"Һибат-ул хақайықта" қазіргі тілдердің тұрғысынан көнерген жұрнақтар жиі қолданылады. Мысалы, "тануғ" /жуә/ улуғ, куруғ

4. Наджип Ә.Н. Тюркоязычный памятник XIV века "Гулистан" Сейфа Сарая и его язык. Алма-Ата, 1975, ч.1.209 с.; Он же, Историко-сравнительный словарь языков XIV века. М., 1979. 478 с.



/бос/, қылдачы /қылушы/, белгүлүг, йатыбан /жатып/, уламай /ті-  
ректі/, артағ /артық/, артут /сыйлық/, ердам /өнер, ерлік/, анар  
/оган/, кенру /кең/, келгү /желуші/, болдугунча /болғанынша/  
т.б. Мұндағы -уг, -дачы, -гүлүг, -бан, -ай, ағ, -ут, -дам, -ар,  
-рү, -гү, -дугунча бұл күнде өлі жұрнақтар.

Сөздерді қосарлау арқылы да, біріктіру арқылы да жаңадан  
сөз жасауға болады. Бұл тәсілдің түркі тілдерінде атам заманнан  
келе жатқандығы ескерткіштердің лексикасынан да аңғарылады.  
Алайда ескерткіштерде мұндай тәсіл арқылы жасалған туынды сөз-  
дердің көпшілігі қазіргі тілдердің тұрғысынан архаизм. Мысалы,  
түштең - теңдес, қатар-құрбы, ағыз-тил - тіл мен жақ, қарабаш -  
қызметші, т.б.

"һибат-ул хақайықта" жалғаулардың қолдануында қазіргі қазақ  
тілінен мынадай айырмашылықтары бар екенін байқадық.

- лар көптік жалғауының қазақ тіліндегідей фонетикалық ва-  
рианттары жоқ және қазақ тілінде жалғауға келмейтін сөздерге  
жалғана береді. Мысалы, қылурлар, көңүллар, т.б.

Ескерткіште жіктік жалғаулары "мен, сен, ол" күйінде, яғни  
толық тұлғасында жалғанады. Мысалы, айур мен - айтамын, қылур  
сен - қыласың, армаз ол - арымайды, т.б. Бұл, бір жағынан "һи-  
бат-ул хақайықта" өте көне тілдік элементтердің сақталғандығын  
дәлелдейді.

Тәуелдік жалғауының, фонетикалық жағынан болмаса, қазіргі  
қазақ тіліндегі тәуелдік жалғауынан пәлендей айырмашылығы жоқ.  
Мысалы, башым, башын, башы.

Оның есесіне септік жалғауында бірқатар ерекшеліктер бар.

Ілік жалғауы -ын, -ин формасында тек есімдіктерге ғана жал-  
ғанған: "анын, менин", т.б. Қазіргі қазақ тіліндегідей зат есім-  
дерге жалғанбайды. Ескерткіштегі ілік септігі қазақ тіліндегі  
ілік септігінің жасырын келген түрінде ұқсас: "билик ма, даны"  
- білім көзі, шаһым мадхы - шаһымның мадағы.

Барлық сөзге табыс жалғауы негізінен -ны, -ни түрінде жал-  
ғанады: ерни, инши, динарны, т.б. Қазақ тілінде бірнеше фоне-  
тикалық вариантта бар. Ескерткіште бірен-саран сөздерге ғана  
табыс септігі -ын, -ин формасында жалғанады. Мысалы, сөзин,  
суқлугын, йоқлугын, т.б. Бір ғажабы -ын, ин формасы табыс сеп-  
тігімен қатар көмектес септігінің де мағынасын береді. Мысалы  
"елгин" /қолымен/ деген сөз мына тіркесте көмектес септігінің

мағынасын беріп тұр: "бір елгин тутуп шаңд" /бір қолымен бал ұстап/. Жекелеген сөздерге табыс септігінің өте көне формасы -үг пайдаланылған: "сөзүг" /сөзді/, "йүзүг" /жүзді/ т.б.

Ескерткіште көмектес септігінің мағынасын негізінен "била, бирла" септеулік шылауы береді: "ер била" - ермен, "тил била" - тілмен, "кедим бирла" - киіммен, т.б.

Шығыс септігінің жалғауы бастан-аяқ -дин. Мысалы, башдин, отдин, т.б. Қазақ тілінде бірнеше фонетикалық вариантта қолданылады.

Жатыс септігі мен барыс септігінің беретін мағынасы жөнінен де, формасы жөнінен де қазіргі қазақ тілінен айтарлықтай өзгешелігі жоқ.

"һибат-ул хақайық" - өзге ескерткіштерден архаизмдік элементтерді көбірек пайдалануы жағынан ерекшеленеді. Ескерткіш жазылған кезеңде мұндай көнерген элементтердің сөйлеу тілінде болған-болмағандығын аңғару өте қиын. Жаңа форма мен көне форманың жарысып жүруі, алайда көне форманың жаңа формаға қарағанда өте сирек қолданылатындығы, бір ғана -ин формасының әрі табыс, әрі көмектес септігінің мағынасын беретіндігі, тағы осы сияқты ерекшеліктер сол замандағы сөйлеу тілі мен жазба тілдің айырмашылығын көрсетеді.

Есімшенің -мақ, -ған формалары бірен-саран сөзге жарыса қолданылған: "билмамақдин, билмағандин" - білмегеннен. Барыс септігінің көне -рү, -ру жалғауы да санаулы сөздерге ұшырайды". "табару" /қарай/, "кенрү" /қан/ т.б. Кейбір сөздерге қосылған -ла жалғауы жатыс септігінің мағынасын береді: "тирикла" /тірісінде/, "үзила" /үстінде/ т.б. Дауыстыға аяқталған бірқатар сөздерге жатыс септігінің "-да формасы тікелей немесе қазіргі тілдердегідей "н" қыстырма дыбысы арқылы жалғанады. Мысалы, соныда /сонында/ деген сөзге тікелей жалғанса, "йолында" /жолында/ деген сөзге "н" қыстырма дыбысы арқылы жалғанған. Мұның себебін түсіндіру қиын.

Ескерткіште тағы бір кезге түсетін ерекшелік му сұраулық шылауының қазіргі тілдердегідей сөйлемнің соңында емес, сұрау екпіні түсіп тұрған сөзге тікелей тіркесетіндігі. Мысалы, "санар му едиз қум ұшақ таш саны" /Ірі қум мен ұсақ тас санауға келе ме?/. Мұнда сұрау екпіні түсіп тұрған сөз - "санар". "һибат-ул хақайықтың" біраз жерінде елен ұйқасында күшейтетін

мағына беретін а демеулік шылауы пайдаланылған. "Сенің рахматиндин умармен өң-а" /Алдымен сенің мейірім-шапағатыннан үміт етемін/. Бұл демеулік шылау ескі ұйғыр ескерткіштерінде көбірек кездеседі.

Қазіргі тілдердің тұрғысынан архаизм болып есептелетін элементтерді әр дәуірдегі ескерткіштермен өзара салыстырсақ мынадай жайт аңғарылады. Қараханид дәуірінде сөйлеу тілінде кездесетін әрі жиі қолданылатын сөздер Алтын Орда дәуірінде архаизмге айналып кеткен. Мысалға Алтын Орда ескерткіштерінде "уманч" /үміт/ деген сөз осы бір-ақ формасында пайдаланылған. Ал "һибат-ул хақайықта" келемінің шағындығына қарамастан бірнеше рет және "умарман, умғучы" сияқты формаларда түрленіп қолданылған. Ескерткіштен мұндай сөздердің бірнешеуін мысалға келтіруге болады.

Ескерткіште етістіктің бұйрық райының -сун формасымен -су формасы жарыса пайдаланылады. Мысалы, қылсу, қалсу, билсу, келмасун, билсун т.б.

"һибат-ул хақайықта" жіктеу есімдігінің септелуі де назар аударады. "Сен, мен" жіктеу есімдігіне барыс жалғауы "сеңа, меңга". Бұдан мынадай қорытынды шығаруға болады: түркі тілдерінде г, ғ сусып түсіп қалуға бейім тұратын дыбыстардың бірі. Олай болса, мына формула шығады: "сеңга// сеңга/сеңа". Яғни жіктеу есімдіктеріне де барыс жалғауы көне заманда "-ға, -га" түрінде жалғанған. Бұған қазақ тіліндегі есімдіктің "маған, саған" түрінде септелуі де мысал бола алады. Мұндағы ерекшелік-метатеза құбылысы: "манга/маған".

Үшінші жақтағы жіктік есімдігіне тәуелдік, көптік, септік жалғаулары жалғанғанда ол формасы ан формасына айналып кетеді. Мысалы, анлар, ана, ануң, аны, т.б. Ескерткіштің бүкіл өн бойында қазіргі тілдерде ұшырайтын олар формасы бір-ақ рет кездесті. Бұл, сірә, көшірмесінің енгізген "жаңалығы" болса керек. Бұған қарағанда ол есімдігінің негіз тілдегі түпкі варианты ан болуға тиіс. Ескі формалардың қосымшалар жалғанғанда қалпына келетіні қазіргі тілдерде де бар құбылыс.

Қысқаша айтқанда, ескерткіште көне формалар мен жана формалардың жарыса жүруін мына үш себептен деп есептейміз. "һибат-ул хақайықтың" авторы Ахмед Йүгнеки өзінен бұрынғы әдеби дәстүрді пайдаланып, сол кездегі сөйлеу тілінде жоқ архаизм-

дік элементтерді енгізіп жіберген. Сондай-ақ өлеңнің ұйқасым, өлшем талабына сәйкес әр түрлі тайпа диалектілеріндегі синонимдік сөздерді, грамматикалық формаларды пайдаланған. Ал жаңа сөздердің, формалардың көпшілігі көшірмешілердің жіберген қателері.

Семантикалық ерекшеліктер. Сөз етіп отырған ескерткіштің лексикасындағы барлық сөздерді қазіргі қазақ тіліндегі баламалармен салыстырғанда олардың формалық жағынан ғана емес, мағыналық жағынан да елеулі өзгешеліктер бар екендігі көптеген фактілер арқылы дәлелденіледі. Енді соған тоқталалық.

Біріншіден, бұл мәселеге белгілі бір тіл элементі біз өмір сүріп тұрған дәуірде қолданыла ма, жоқ па деген тұрғыдан келеміз: бір алуан сөздер қазіргі тілімізде мүлде кездеспейді. Мұндай сөздерді тарихи сөздіктер арқылы, яки белгілі бір контекст арқылы ғана түсінуге болады. Қазіргі қазақ тілінің тұрғысынан мынадай сөздер архаизм болып есептеледі: ажун /дүние/, едиз /биік/, арқаш /кеш, керуен/, асығ /пайда/, уламсуз /тірексіз/, өтүн /көшірім сұра/, учүз /арзан/, үрүн /ақ/, усан /салғыртсы/, уған /құдай/, өг- /мақта/, өкүш /көп/, ул- /байла-/, еш /дос, жолдас/, ең /бет/, байат /құдай/, била /бірге/, таба /қарай/, тарк /тез/, тона /батыр/, тиши /әйел/, сүчүг /тәтті/, қамуғ /барлық/, йарын /ертең/ т.б.

Енді бір алуан белгілі бір фонетикалық белгісі бойынша, немесе көнерген жұрнақ, жалғаулары бойынша қазіргі қазақ тілі тұрғысынан архаизм болып саналады. Мұндай сөздердің қатарына мыналарды жатқызамыз: "адақ-айақ, "кедим" -кейим, "қанда" -қайда, "йағ-жау. Бұлар д/й, н/й, ғ/у фонетикалық белгілері бойынша бірі көне, бірі жаңа форма болып тұр. Қатығ /қатты/, ачық /ащы/, көзгү /айна/, йазынғы /жазы/, йудыса /жуса/ сөздері -ығ, -ық, -ын, -ды жұрнақ жалғаулары арқылы архаизм болып танылады. Ал сы- /сын-/, йашру /жасырын/ сөздері ескерткіштен н дыбысының түсіріліп айтылуымен ерекшеленеді. Керісінше қазақ тілінде "ул-уғ, кишиг" сөздерінің соңғы ғ, г дыбыстары түсіріліп, ықшамдалып қолданылады. Бұл сөздер "ұлық болсаң кішік бол" деген мақалада сақталып қалған.

Бірқатар сөздердің түбірі қазақ тілінде көнергені соншалық, арнайы білімі бар кісілер болмаса, екінші бірі ажырата алмайтындай дәрежеге жеткен. Мысалы, ескерткіште "көп, бірнеше" де-

ген мағына беретін "телим" сөзі қазақ тіліндегі "далай" деген сөзбен түбірлес. Түптеп келгенде мағыналық жағынан да жуықтайды. Сондай-ақ "азаю, кему" мағынасында қолданылатын екі - сөзі бір қарағанда қазақ тілінде жоқ сияқты түсініледі. Бұл сөз шындығында "өмір жасы өксіді" деген тұрақты тіркестегі "өксі" сөзімен мағыналас. Бұл тіркестің түпкі мағынасына зер салсақ, жас кемігендігін, яғни мұқағандықты аңғару қиын емес. "Өлік" мағынасындағы "йитиг" сөзі қазақ тіліндегі "өлім-жітік" қос сөзінің құрамында кездеседі.

Екіншіден, "һибат-ул хақайықтың" лексикасындағы сөздердің мағынасы тарихи даму тұрғысынан қазіргі қазақ тілінде қандай өзгерістерге ұшыраған деген сұраққа жауап беруге тырысамыз.

Жоғарыда қазақ тілінің, оның негізі болып есептелетін көне қыпшақ тілінің ескерткішке жанама қатысы ғана бар екендігін ескерткенбіз. Ескерткішке диалектілік негіз болған қарлуқ-ұйғыр тілі қыпшақ тілімен ежелгі дәуірдегі ата-тіл-негіз тілде қабысады. Олар бір-бірінен ажырай бастаған аралықта сан ғасыр жатқанын ұмытпауымыз керек. Олай болса, "һибат-ул хақайық" пен қазіргі қазақ тіліндегі мағына айырмашылықтары ескерткіш жасалған дәуірден әріден басталуы әбден ықтимал.

Ескерткіштегі сөздер мен қазіргі тіліміздегі соған балама боларлық сөздердің мағыналық айырмашылығы жинақтап айтқанда төмендегідей. Ескерткіште көп мағына беретін сөздердің бірқатар мағыналары қазіргі қазақ тілінде ұмытылған. Немесе кейін пайда болған мағына ескерткіште ұшырамайды. Кейбір сөздің мағынасы тарылса, кейбір сөздің мағынасы кеңейген. Контексте ғана айқындалатын мағыналық реңктер тағы бар.

Бірір мысал келтірейік. "Тон" деген сөздің ескерткіштегі мағынасы бүкіл киім атаулыны білдіреді. Қазіргі қазақ тілінде белгілі бір киімнің атауы. "Көңул" деген сөздің ескерткіштегі мағынасы "жүрек, жан-дүние", ал тіліміздегі мағынасы көңүл-күй. Яғни бұл сөздердің мағынасы кейін тарылған.

"Көк" деген сөздің ескерткіште "тамыр" /өсімдіктің тамыры/ және "ата-тек" деген екі мағынасы бар. Қазіргі тілімізде бұл екі мағына да ұмытылған. Өсімдіктің енді шығып келе жатқан көгі дегендегі "көк" және түр-түсті білдіретін "көк" мағыналары туынды мағына болуға тиіс. "Тар ерса кен ерса битилди рузук" /Көп болсын, аз болсын ризығың жазылған/ деген сөйлем-



дегі тар және кең сөздері қазіргі қазақ тіліндегідей емес "аз және көп" мағыналық реңкінде түсініледі. "Йигит хожа болур йаны ескирүр" /Жас қартаяды, жаңа ескіреді/ деген сөйлемдегі йигит сөзі тіліміздегі "жігіт" сөзінен өзгеше "жас" деген мағына беріп тұр. Бұл сөз "йигит ездаш" /жас әйел/ деген тіркесте Алты Орда ескерткіштері "Гүлстан бит-түркиде", йигит қыз/жас қыз/ деген тіркесте "Хусрау мен Шырында" кездеседі.

"Ой, уайым" мағынасындағы "сағынч" сөзі қазақ тілінде өзгешелеу "сағыныш" мағынасында түсініледі. "Жасырыну, білінбеу" мағынасындағы "синип" сөзі қазақ тіліндегі "су сініп кетті" деген тіркестің құрамында кездеседі. Осы сияқты көптеген сөздерде мағыналық айырмашылық бар.

Ескерткіште "кедим, кейим" сияқты фонетикалық параллельдер ғана емес, "телим-өкүш-көп, байат-иди-уған, барды-өлди, ел-қол сияқты лексикалық параллельдер де бар екенін байқаймыз. Махмуд Қашқари өзінің атақты сөздігінде кейбір сөздердің туысына қай тайпаның тілі екендігі жөнінде белгі қойған. Жарыспалы сөздерді осындай белгілермен салыстырғанымызда кей сөздердің "чығыл, яғма, қарлуқ" тайпа тілдеріне қатысты екендігі анықталады. Бұл тайпалардың қараханид мемлекетінің қарауында өмір сүргенін тарих растайды.

Ескерткіште "қол" мағынасын беретін ел, елиг" сөздері, "ер, еркек" мағынасын беретін "ер, еран" жарыса қолданылған. Бірақ бұл сөздердің алғашқысы абстракты /дерексіз/ мағынада, соңғысы конкретті /нақтылау/ мағынада қолданылғанға ұқсайды.

"Һибат-ул хақайқтың" тілін қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда фонетикалық, морфологиялық және семантикалық басты-басты ерекшеліктер міне осындай. Бұдан әрі тереңдетіп зерттеу - болашақтың міндеті. Ескерткішті белгілібір түркі тілімен салыстырудың, біріншіден, ескерткіштің тілін анықтау үшін, екіншіден, сол тілдің тарихын білу үшін екі жақты пайдасы бар екендігін қайталап айтамыз. Мұндай зерттеулер тарих, әдебиет, этнографияға айтарлықтай көмек тигізе алады. Ал тіл біліміне қосатын үлесі ұлған-теңіз. Белгілі ғалым Ә.Құрышжанов: "необходимо для того, чтобы в дальнейшем использовать их данные для освещения актуальных проблем истории развития общенародного и литературного языка"<sup>5</sup>, -дейді.

5. Құрышжанов А.К. Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. - "Тюркско-арабский словарь". Алма-Ата, 1970, с.5.



Г. Айдаров

## ОНГИН ЕСКЕРТКІШІ

### Ескерткіштің мәні

Орхон ескерткіштері ішіндегі ең көне ескерткіштердің бірі. Оны 1891 жыл Н.Ядринцев Көкшун Орхонның оңтүстік жағындағы Онгин бассейні маңындағы Сайын Ноян шіркеуінен тапқан. Ескерткіш түркологиялық әдебиеттерде табылған орнына қарай онгин ескерткіші болып аталып жүр. Ескерткіш екінші түркі қағанатын қалпына келтірген Ілтеріс /я -да Құтлық/ қаған мен оның әйелі Ілбілге қатунға, дәлірек айтқанда, Білге қаған мен Күлтегіннің әке-шешесіне арналып қойылған. Ескерткіш 731 жыл жазылған. Ілтеріс /я -да Құтлық/ қаған 690 не 693 жылдары қайтыс болған.

Ескерткіштегі сқиға тарихи.

Текст 20 жолдан құралған. Сол 20 жол жазу төртке бөлінеді: Алғашқы жазу 8 жолдан, / ол 0 деп аталады/, екінші жазу - төрт жолдан / ол 0а деп аталады/, үшінші жазу жеті жолдан /ол 0б/ және төртінші жазу тек бір-ақ жолдан тұрады / ол 0с деп аталады/.

Ескерткіштің жоғарғы жағы киіктің суретімен әшекейленген. Ескерткіштің ең алғашқы аудармасын жасаған В.Радлов<sup>1</sup>, екінші аудармасын түрк ғалымы Х.Н.Оркон<sup>2</sup>, үшінші аудармасын С.Е.Малов<sup>3</sup> және ең соңғы аудармасын Г.Глоузон<sup>4</sup> жасады. Ескерткіштің хронологиясы жөнінде ғалымдар арасында әртүрлі пікірлер бар.

Ескерткіш өте нашар сақталғандықтан ол жөнінде ғылыми зерттеулер жоқтың қасы. Оның графикалық, тілдік ерекшеліктері арнайы әлі зерттелген емес.

Тексте Құтлықтың, Білге қағанның, Күлтегіннің жорықтары туралы бірқатар деректер берілген. Тексте сондай-ақ алғашқы түркі қағанатын орнатқан, ата-бабасы Бұмын қаған жөнінде үзінділер келтірілген. VI ғасырдың орта кезінде әржерде бытыраған шашыранқы түркі тайпаларын біріктіріп, Жу - Жандар үстемдігін жой-

1. Radloff W. Die Alttürkischen Inschriften... СПб, 1934-1895, I-III, p. 246, 252.

2. Orkun H. Eski türk jazitlari. Istanbul, 1936, I, p. 129-131.

3. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. М.: ИВАН, 1951, с. 7-11.

4. Clauson T. The ongjin inscription. - IRAS, 1957, pt. 3-4, p. 177-192.

ған осы Бұмын қаған еді. Бұл 552 жылдың қысы еді. Бұмын қаған ел қағаны, тайпалар қағаны деген атқа ие болған-ды. Құтлық қаған ескерткішінің алғашқы жолдарында Бұмын қағанның аты етілген-ді.

: 𐰃𐰪𐰆𐰇𐰈𐰉 : 𐰀𐰁𐰂 : 𐰃𐰄𐰅𐰆𐰇 : 𐰈𐰉𐰊𐰋 : 𐰌𐰍𐰎𐰏𐰐 : 𐰑𐰒𐰓 : 𐰔𐰕𐰖𐰗  
: 𐰘𐰙𐰚𐰛 : 𐰜𐰝𐰞𐰟 : 𐰠𐰡𐰢𐰣 : 𐰤𐰥𐰦𐰧 : 𐰨𐰩𐰪 : 𐰫𐰬𐰭  
... 𐰮𐰯

Егүміз апамыз Бұмын  
төрт булунығ қысмыс,  
йығмыс, йаймыс, бас-  
мыс ол қаған йоқ  
болтуқда кісре йітміс,  
ычғынмыс, қачышмыс...

Ата-баоамыз Бұмын қаған  
дүниенін төрт бұрышын қыс-  
қан, жиған, жайған, басқан,  
ол қаған жоқ болғаннан соң,  
ел жіткен ышқынған /әлсі-  
реген /жан-жаққа қашқан...

Тарихи деректерге қарағанда, бірінші түркі қағанаты құлағаннан соң, табғаштар 50 жылдай үстемдік еткен. Түркі тайпалары лажсыздан табғаштарға қызмет етуге мәжбүр болды. Тексте көрсеткендей:

: 𐰃𐰈𐰉 : 𐰀𐰁𐰂 : 𐰃𐰄𐰅 : 𐰆𐰇𐰈 ; 𐰉𐰊𐰋 : 𐰌𐰍𐰎  
: 𐰏𐰐𐰑 : 𐰒𐰓𐰔𐰕 : 𐰖𐰗𐰘𐰙

Түрк будун аты йоқ  
болу бармыс ерті,  
Түрк будун йітмезүн, -  
тейін.

Түркі халқы аты жоқ бола  
берті, түркі халқы жітпе-  
сін, - дейін.

Түркі тайпа өкілдері қайтадан табғаштарға қарсы аттана бастады. Бірақ оларға қарсы аттану үшін көрші түркі тайпаларын бір одаққа бағындыру қажет болды. Бұл салада Қапаған, Құтлық қаған, Білге қаған, Күлтегін тағы басқа қаған өкілдері Есбара Тамған Чор, оның інісі тағы басқа көптеген жұмыстар бітірді. Түркі тайпалары өз қағандары соңынан ерді. Жауласты, жауларын жеңді. Түркі тайпаларын қайтадан бұрынғы өз қалпына келтірді.

Ұлу жыл жетінші айда Құтлық қаған қайтыс болды. Түркі тайпалары "Елтеріс қағанға адыралмадук, йаңылмадук тәңрі Білге қағанға адырылмалым, азмалым, - тійін - Елтеріс қағаннан айрылмаған, жаңылмаған тәңрі Білге қағаннан айрылмайық, азбайық", - десті.

Текстің соңында атасы Құтлық қаған қайтыс болып, оның басына жазулы тас орнатылғаны әңгіме болады. Тексте аташым сөзі -

Ғачам болып, теріс оқылған. Сондықтан біз: ҒҒ ҒҒ: ҒҒҒ: ҒҒ ҒҒ  
Ғачамқа бітіг ташығ ... қылым деген сөйлемді "Аташымға жазулы  
тас орнаттым" деп оқимыз.

### Онгин ескерткішінің тілдік ерекшеліктері

Басқа ескерткіштерге қарағанда, бұл ескерткіштің өзіне тән кейбір грамматикалық және фонетикалық, графикалық ерекшеліктері бар екендігі бірден-ақ көзге ілінеді.

Ескерткіште кездесетін Ғ м, Ғ г, Ғ т, Ғ б /жінішке түрлері/ сондай-ақ Ғ ш дыбыстары орнына жұмсалатын таңбалар басқа орхон ескерткіштерінен тіпті өзгеше. Осындай жайларға сай ескерткіште кездесетін кейбір сөздер дұрыс оқылмай келе жатқандығы да байқалады. Ескерткіштерге өз еңбегінің көп уақытын арнаған С.Е.Малов ескерткіштердегі жоқ таңбаларды басқа, жиі кездесетін ескерткіштердегі таңбалар арқылы беріп отырған.

Ескерткіштің 0, 5, 6 және 0a 2 жолдарында ᠒ᠢ кездесетін таңбалар тіркесі күні бүгінге дейін дұрыс оқылмай келеді. Ол сөзді В.В.Радлов және Х.Н.Оркун бір түрлі оқыса, С.Е.Малов ᠒ бег /начальник/ түрінде оқиды. Біздіңше С.Е.Маловтың оқуы орынды.

Ескерткіштің 0,4 жолындағы ᠒᠒᠒ таңбалары да бірде жалқы есім, бірде жалпы есім түрінде, екі түрлі оқылып келді.

Ол жалқы есім, Елтеріс /Құлтуғ/ қағаннан кейінгі түркі /қағаны - /Қапаған/ Мочжо еді. Ескерткіште бұлардан басқа да қайта оқитын сөздер де жоқ емес. Бірақ олардың саны ескерткіште көп емес.

### Фонетикалық ерекшеліктері

ҮІ-ҮІІ ғасырдағы орхон өзені бойын мекен еткен түркі тайпаларының өзіндік ерекшелігі бар жазуы, алфавиті болды. Орхон-өнісей жазба ескерткіштерінің жазуы қай кезде, кім тарапынан қабылданып, пайда болғандығы туралы түрколог ғалымдар арасында әртүрлі пікірлер мен болжамдар бар. Бірақ бүгінге дейін жазудың қалай пайда болғандығы туралы анық, дәл пікір жоқ.

Көне түркілер қолданған алфавит төмендегідей:

Жоғарғы таңбалар атқаратын қызметіне, дыбысталу түрлеріне қарай алдымен дауысты және дауыссыз дыбыстарды білдіретін таң-

# ОРХОН ЖӘНЕ ЕНИСЕЙ АЛФАВИТІ

ТАҢБАЛАР		ӘРІПТІК МӘНІ
ОРХОНДА	ЕНИСЕЙДЕ	
𐰇𐰏	𐰇𐰏𐰇	А а Е е
𐰇	𐰇𐰇𐰇𐰇𐰇	Б б
𐰇𐰇𐰇	𐰇𐰇𐰇𐰇𐰇	Бь бь
𐰇𐰏𐰇𐰏	𐰇𐰏𐰇𐰏𐰇𐰏𐰇	Г г
𐰇𐰏	𐰇𐰏	Г г
𐰇𐰏𐰇	𐰇𐰏𐰇𐰏𐰇𐰏	Д д
𐰇	𐰇	Дь дь
𐰇𐰏𐰇	𐰇𐰏𐰇𐰏𐰇𐰏𐰇	З з
𐰇𐰏	𐰇𐰏	Ы ы
𐰇	𐰇𐰏𐰇	Й й
𐰇	𐰇	Йь йь
𐰇𐰏𐰇𐰏𐰇𐰏	𐰇𐰏𐰇𐰏𐰇𐰏	К к
𐰇𐰏𐰇𐰏𐰇𐰏	𐰇𐰏𐰇𐰏𐰇𐰏	К к
𐰇	𐰇	Л л
𐰇	𐰇	Ль ль
𐰇	𐰇	Лт лт
𐰇	𐰇	М м
𐰇	𐰇𐰏𐰇𐰏𐰇𐰏	М м
𐰇	𐰇	Н н
𐰇𐰏𐰇𐰏	𐰇𐰏𐰇𐰏	Нь нь
𐰇	𐰇𐰏	ң

ТАҢБАЛАР		ӘРІПТІК МӘНІ
ОРХОНДА	ЕНИСЕЙДЕ	
Э	Э	НИ НИ
Ш ● ●	Ш ● ● ● ●	НТ НТ
З	З З З	НЧ НЧ
>>	>> <	О О У У
М Н К	М Н К	Ө Ө Ү Ү
1	1	П П
Н Ч	Н Ч И	Р Р
Ү	Ү 2	Р ь Р ь
У	У У	С С
1	1	С ь С ь
⬆	⬆ ⬆ ⬆ ⬆ ⬆	Т Т
к	к к к	Т ь Т ь
Л Ү	Л Ү	Ч Ч
Ұ Ү □	Ұ Ү К Ч К ˆ □ □	Ш Ш
⊗	⊗ 8	О А Ш
:	:	Р А З Д .
		З Н А К



балар болып екіге бөлінеді.

Дауысты дыбыстарды білдіретін  
таңбалар

Ескерткіштегі төрт таңба түркі тілдеріндегі сегіз дауысты дыбыстардың орнына қолданылады. Олар:

Таңбалар	:	Әріптік мәні
А	:	А а, Е е /Ә ә/
Ы	:	Ы ы, І і /И и/
О	:	О о, У у
Ө	:	Ө ө, Ү ү

Ескерткіштегі дауысты дыбыстардың қолдануында өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың бірқатары сөз басында, сөз ортасында жазылмайды. Бірақ оқуда олар ескеріледі. Өйткені, енисей-орхон жазба нұсқалары дауыссыз дыбыстарға негізделген. Сөздің жуан не жіңішке екендігі тек дауыссыз дыбыстар арқылы байқалады.

Енді төменде дауысты дыбыстардың өзіндік ерекшеліктеріне кідіріп өтейік.

А таңба екі дауысты дыбыстың орнына: а және е дыбыстарының орнына жұмсалады. Жазуда ескерілмесе де, оқуда ескеріледі, сөздің барлық буынында оқылады. Сөз басында:

аз	азу / онг. 7/
атым	атым - менің атым / онг. 4/
қаған	қаған - қаған / хан / Оа. 3/
еб	еб - үй / Оа. 2/
бег	бег - бек / Оа, 1/
қара	қара - қара / Оа, 1/
білге	білге - дана, білгіш / Оа. 4/

І таңбасы ы және і дауысты дыбыстардың орнына қолданылады. Сөздің барлық шенінде жазыла береді.

іні	іні - іні / О, 4, Оа. 3/
йаныл	йаныл - жаныл / Оа. 3/
йыл	йыл - жыл / Оа, 4, Об. 5/
жеті	жеті - жеті / онг. 5./

О таңбасы о және у /у/ дауысты дыбыстарының орнына жұмсалады, у дыбысы ескерткіште сөздің барлық буынында жазылады, о дыбысы тек алғашқы буындарда жазылады, сөз соңын-

да кездеспейді.

ҮҮ  
ҮҮҮ  
ҮҮ  
ҮҮ  
ҮҮ  
ҮҮ

огул - уу, оғыл /Оа, 3/  
тоғсық - шығыс /О, 2/  
уруш - ұрыс, соғыс /Оа, 2/  
қамук - бәрі, түгел /Оа, 1/  
Иабғу - кісі аты /О, 4/  
булуң - бұрыш /О. 1/

**Н** таңбасы ө және ү дауысты дыбыстарының орнына қолданылады. Ө алғашқы буындарда жазылады, ү сөздің барлық буындарында жазыла береді.

ӨҮН  
ӨҮН  
ӨҮН  
ӨҮН  
ӨҮН

өлүг - олік /Оа, 3/  
үзе - үстіне /О, 3, Оа, 4/  
үкүс, үкүш - көп /Онг. 7/  
өңре - алға /О, 2/  
сү - әскер, шерік /Оа, 1/

Ескерткіштегі дауысты дыбыстардың сөз ішінде қолданылуы туралы толығырақ мәліметтерді текстің транскрипциясынан анығырақ байқауға болады.

#### Үндестік заңы

Ескерткіште кездесетін сөздің соңғы буынының жуан, жіңішкелігіне қарай оған жалғанатын қосымшалар да жуан, не жіңішке болып, үндесе жалғанады.

ҮНҮГ  
ҮНҮГ  
ҮНҮГ  
ҮНҮГ  
ҮНҮГ  
ҮНҮГ  
ҮНҮГ

йышқа - қойнауға /Онг. 2/  
оғлы - ұлы /Онг. 4/  
айумғылығ - жинақты /Онг. 4/  
беглер - бектер /Онг. 7/  
сүсі - әскері /Оа, 1/  
жетінч - жетінші /Оа. 4/  
сүле - сүле /соғыс/ Онг. 7/

#### Дауыссыз дыбыстар

Басқа ескерткіштердегідей дауыссыздар үшке бөлінеді. Олар:

1. Қос дауыссыздар
2. Жалаң дауыссыздар
3. Дыбыс тіркестері

### Қос дауыссыздар

Мұнда бір дауыссыз дыбыс ескерткіштерде екі таңба арқылы беріледі. Олардың бірі тек жуан, екіншісі тек жіңішке сөздерде ғана қолданылады. Мұны төмендегі кестеден анық байқауға болады.

<u>Жуан дауыссыздар</u>	<u>Әріптік мәні</u>	<u>Жіңішке дауыссыздар</u>	<u>Әріптік мәні</u>
Б	Б б /1/	Б Б	Бв, бь /2/
Г	Г г /3/	Г Г	Г г /4/
Д	Д д /5/	Д Д	Дь дь /6/
И	И и /7/	И И	Иь иь /8/
Қ	Қ қ /9/	Қ Қ	К к /10/
Л	Л л /11/	Л Л	Ль ль /12/
Н	Н н /13/	Н Н	Нь нь /14/
Р	Р р /15/	Р Р	Рь рь /16/
С	С с /17/	С С	Сь сь /18/
Т	Т т /19/	Т Т	ТЬ ть /20/

Қос дауыссыздардың қолдануындағы ерекшеліктер:

Б б - шұғыл ұяң дыбыс. Жуан /1/ және жіңішке /2/ түрлерінде кездеседі. Орын талғамайды, сөздің барлық буынында жазыла береді.

Б Б

табғач - табғаш /онг. 2/

Б б

бер - /оа. 1/

Б б

еб - үй /оа. 2/

Г г - /3/ ұяң ызың дыбыс. Жуан сөздің ортасында және сөздің соңында жазылады. Ескерткіште сөз басында кездеспейді.

Г Г

ағы - ағы /қымбаты /оа. 4/

Г г

қаған - қаған /хан/ /оа. 3/

Г г

йығ - жи /онг. 2/

Г г /4/ - ұяң шұғыл дыбыс. Тек жіңішке сөздердің ортасында және соңында ғана кездеседі. Ескерткіште сөз басында жазылмайды.

ӨӘ	бөг - бөк /Оа. 1/
ЕҢҖ	бітіг - жазу, хат /Об. 1/
СҮҢ	өлүг - өлік /Оа, 3/

Д д - шұғыл уяң дыбыс. Жуан /5/ және жіңішке /6/ түрлерінде кездеседі. Сөз басында кездеспейді, сөздің ортасында және соңында ғана жазылады.

ДҰҖ	адырыл - айрыл /Оа. 3/
МӘХ	едгү - әйгі, белгілі
ВХҖ	бедүк - биік /Об. 6/

Й й - ауыз жолды сонор дыбыс. Жуан /7/ және жіңішке /8/ түрлерінде кездеседі. Сөздің барлық буынында қолданыла береді.

ҶУД	йабыз - жауыз /Онг. 7/
ҶУДД	йай - жай /Оа. 1/
ҶҢҖ	йеті - жеті /Онг. 5/

Қ қ - /9/ шұғыл қатаң дыбыс. Орын талғамайды, тексте сөздің барлық шенінде жуан сөздерде кездесе береді.

ҚҢ	қаш - қашу /Онг. 4/
ҚУҢҖ	сақын - ойлан /Оа. 2/
ҚУТД	тоқуз - тоғыз /Онг. 6/

К к /10/ шұғыл қатаң дыбыс. Жіңішке сөздердің барлық шенінде кездесе береді.

ҚУҢ	күн - күн /Онг. 2/
ВХҖ	бедүк - биік /Онг. 6/
ДҰҢҖ	екін ара - екін ара /Оа. 2/

Л л - ауыз жолды сонор дыбыс. Жуан /11/ және жіңішке /12/ түрлерінде кездеседі. Сөздің басында сирек кездеседі. Көбінесе, сөздің ортасында не соңында өте жиі жазылады.

ЛУ	лүй - ұлу /Об. 4/
ДСҮҢҖ	білге - білгіш, дана /Оа, 4/
ДУД	бол - болу /Онг. 1, 3, 5/

Н н - мұрын жолды сонор дыбыс. Жуан /13/ және жіңішке /14/ түрлерінде кездеседі. Орын талғамайды. Сөздің барлық буындарында жазыла береді.

ГнГ

іні - іні /Онг. 4/

Қн

қан - қан /Об. 6/

БнБ

будун - халық /Онг. 2,3,0а, 1,3/

Р р - ауыз жолды сонор дыбыс. Жуан /15/ және жіңішке /16/ түрлерінде кездеседі. Сөз басында кездеспейді, тек сөз ортасында және сөз соңында жазылады.

Қн

қара - қара /Оа. 1/

КнК

Елтеріс - кісі аты /Оа,3, Онг. 4/

Жн

йер - жер /Оа.4/

С с - қатаң - фрикатив дыбыс. Жуан /17/ және жіңішке /18/ түрлерінде кездеседі. Сөздің барлық жерінде қолданыла береді.

Сн

сү - әскер /Оа. 1/

Ен

ес - ес /Оа. 4/

Бн

бісінч - бесінші /Об. 5/

Т т - шұғыл қатаң дыбыс. Жуан /19/ және жіңішке /20/ түрлерінде кездеседі. Сөздің барлық шенінде жазыла береді.

Тн

таш - тас /Об. 1/

ТнК

түрк - түркі /Онг. 2,3/

Кн

жеті - жеті /Онг. 5/

КнК

жетміс - жетпіс /Онг. 9/

Ан

ат - ат /Онг. 4/

### Жалаң дауыссыздар

Жалаң дауыссыздар жіңішке сөздерде де, жуан сөздерде де бірдей жазыла береді. Олардың қатарына төмендегідей таңбалар жатады.

Таңбалар	:	Әріптік мәні
З	:	З з
М	:	М м
Ң	:	Ң ң
П	:	П п
Ч	:	Ч ч
Ш	:	Ш ш

### Жалаң дауыссыздардың қолданылуы

З з - ұяң дыбыс. Сөздің басында кездеспейді. Ескерткіш-

те тек сөздің ортасында және аяғында жазылады.

Чн аз - азу /Онг. 7/  
Чгя біз - біз /Онг. 7/  
ЧюD йабыз - жауыз /Онг. 7/

М м - мұрын жолды сонор дыбыс. Көбінесе, сөздің ортасында және соңында жиі қолданылады.

Мм барыма - баратын жер /Оа. 3/  
Ммгынқ - жинақты /Онг. 4/  
Ммгын Чор - кісі аты /Онг. 7/

ң - мұрын жолды сонор дыбыс. Сөз басында ескерткіште кездеспейді. Сөздің ортасында және соңында жиі жазылады.

ңң бүлүң - бұрыш /әлем, дүние/ /Онг. 1/  
ңң еліңе - сенің еліңе /Онг. 4/  
ңң қағаның - қағанның /Оа. 3/

П п - шұғыл қатаң дыбыс. Сөзбасында кездеспейді. Тек сөздің ортасында және соңында жазылады.

Пп апа - апа, ұлы туыс /Онг. 1/  
Пп алп - алып, батыр /Онг. 3/  
Пп қылып - қылып /Онг. 2/

Ч ч - қатаң африкаттық дыбыс. Орын талғамайды. Сөздің барлық буынында кездесе береді.

Чч ечі - ұлы туыс, әже /Онг. 1/  
Чч күч - күш /Оа. 4/  
Чч үчүн - үшін /Оа. 2/

Ш ш - қатаң спирант дыбыс. Ескерткіште сирек кездеседі.

Шш шад - уәзір /Онг. 7/  
Шш таш - тас /Об. 1/  
Шш уруш - ұрыс, соғыс /Оа, 2/

### Дыбыс тіркестері

Ескерткіште кейбір дыбыс тіркестері бір таңбамен беріледі. Олар төмендегідей:

Таңбалар	:	Дыбыс тіркестері
М	:	ЛТ лт
⊙ ⊙ ⊙ ⊙ ⊙	:	НТ нт
} { } { }	:	НЧ нч



ҚОҒАМ  
 ҚҒ  
 Қ

қазғанты - қолданды, пайдаланды /Оа.4/  
 жетінч - жетінші /Оа. 6/  
 адырылты - айрылды

**Ассимиляция.** Ескерткіште кездесетін түбір сөздердің аяғы қатаң, ұяң, не сонор дыбыстар болса да, оған жалғанатын қосымшалардың басқы дыбыстары кейде ұяң, кейде қатаң бола береді. Бұл ескерткіштің өзіне тән құбылыс.

ҚҒ  
 ҚҒ  
 ҚҒ  
 ҚҒ  
 ҚҒ

йышқа - тоғайға, қойнауға /Онг. 2/  
 йітмезун - жітпесін /Онг. 3/  
 қысды - қысты /Онг. 3/  
 тоқидтым - орнаттым /Оа. 2/  
 сақинтым - ойландым /Оа.2/  
 өлті - өлді /Об.7/ т.б.

**Буын.** Ескерткіште төмендегідей буындар кездеседі.

а/ ашық буын:

ҚҒ  
 ҚҒ  
 ҚҒ  
 ҚҒ

ү-зе -үстіне /Оа.4/  
 ке-рі -кері /Оа.3/  
 і-ні -іні /Онг.4/  
 йе-ті -жеті /Онг.5/

б/ тұйық буын:

Д  
 Н  
 Ү  
 Ү

ай -ай /Оа.4/  
 аа -аа /Онг. 7/  
 ел -ел /Онг. 1/  
 ол -ол /Онг.1/

в/ бітеу буын:

Д  
 ҚҒ  
 ҚҒ  
 ҚҒ

йоқ -жоқ /Онг.1/  
 күн -күн /Онг.2/  
 қан -қан /Онг.1/  
 бег -бек /Оа.2/

### Морфологиялық ерекшеліктер

**Сөз тұжырасы.** Ескерткіште кездесетін сөздердің құрамы төмендегідей болып келеді.

1. Түбір сөздер:

ҚҒ  
 ҚҒ  
 ҚҒ  
 ҚҒ

қан - қан /Онг. 1/  
 күн - күн /Онг.2/  
 алып - алып, батыр /Онг.3/  
 ол - ол /Онг.1/

ԿՏՆԻ  
 ԵՌ  
 ՄՅ  
 ↓ՅԾ

төрт - төрт /Онг. 1/  
 тег - ти, жет. /Оа.1/  
 кел - кел /Оа.1/  
 йоқ - жоқ /Онг.1/

2. Біріккен сөздер:

յՄՈՐԿԻԿՄ  
 յՄ ԴՆ

Елтеріс - кісі аты /Онг. 4/  
 Қапаған - кісі аты /Онг. 4/

3. Қос сөздер:

Յ Յ Կ ՅԾ  
 Յ Տ Ի Կ Գ  
 ԱՆՉԵԻ

йабыз - бат - жауыз - жаман /Онг.7/  
 йер - суб - отан /Оа.4/  
 іс - күч - іс-жұмыс /Оа.3/

4. Күрделі сөздер:

Բ Ա Յ : Ե Մ Կ Ղ  
 Խ Ղ Ղ Ղ Ղ  
 Կ Յ Ե Ն Ղ

білге атачым - білгір атам /Об. 4/  
 тоқуз оғуз - тоғыз оғыз /Онг.6/  
 бітіг таш - ескерткіш /Об.1/

5. Туынды сөздер:

Խ Կ Յ Յ  
 Խ Կ Կ Յ  
 ↓ Խ Կ Յ Կ  
 Ե Մ Կ Ղ  
 Խ Կ  
 Խ Կ Կ Կ Կ  
 Ե Կ Մ Ի  
 Յ Կ Կ Գ  
 Կ Կ Կ Ծ  
 Կ Կ Կ  
 Խ Կ Կ Կ Կ  
 Ե Կ Ա Ն Բ

батсық - бағыс /Онг.2/--  
 тоғсық - шығыс /Онг.2/  
 қағанла - қағанда /Онг.2/  
 білге - білгіш, дана /Онг. 4/  
 ерен - ерен /Онг.5/  
 теңрікен - теңірт /Онг.5,6/  
 сүле - соғыс /Онг.7/  
 йетінч - жетінші /Оа.4/  
 йумғылық - жинақты /Онг.4/  
 йетміс - жетпіс /Онг.4/  
 қунла - жаула /Оа.1/  
 күчлүг - күшті /Оа.4/ т.б.

Зат есім

Көптік жалғау. Ескерткіште көптік жалғаудың морфологиялық тұлғасы - лар, - лер түрінде кездеседі.

Կ Կ Ե Զ

беглер - бектер /Онг. 7/

Ескерткіште көптік мағына тудыратын қосымшалардың бірі -э.

Կ Կ Կ Կ Կ Կ

біз - біз /Онг.7/

Көне түркі жазбаларындағы біз есімдігінің құрамындағы көптік мағына тудыратын қосымша өте көне тұлғалардың бірі. Біздіңше, сғуз сөзінің бастапқы түбірі ↓ - оқ болуы ықтимал,

оған Ұ -з қосымшасы қосылып, оқтар болудың орнына оғ/у/з болып қалыптасқан болу керек деген пікірді қуаттаймыз.

Тәуелді жалғау. Ескерткіште кездесетін тәуелді жалғаулардың өзіне тән қосымшалары болады. Олар үш жаққа және жекеше, көпше болып келеді.

I-жақ:

МГЛ  
МЗ  
МЧН  
МДҰН  
МЖНЛ  
МЖЛ

ечім - менің әжем /Онг. 4/  
атым - менің атым /Онг.4/  
қаным - менің әкем /Онг.5/  
қағаным - менің қағаным /Об.3/  
ечүміз - біздің әжеміз /Онг. 1/  
әпамыз - біздің әпамыз /Онг. 1/

II - жақ:

ҰҰД  
ҰҰГ  
ҰҰ

йоғың - сенің жерлеуің /Оа.4/  
елің - сенің елің /Онг.4/  
ағың - қазынаң /Оа.4/

III жақ:

ГЗ  
ГТҮЕЯ  
ГЕЯ  
ГДЖД  
ГНГ  
ГДД  
ГДҰ  
ГНН  
ГНН

аты - оның аты /Онг. 3/  
беглері - олардың бектері /Онг.7/  
бегі - оның бегі /Оа.1/  
будуны - оның халқы /Оа.3/  
інісі - оның інісі /Онг.4/  
балбалы - оның тас мүсіні /Ос./  
оғлы - оның ұлы /Онг.4/  
қарасы - оның қарасы /Оа.1/  
сүсі - оның әскері /Оа.3/

Септік жалғау.

Атау. Оның қосымшасы болмайды.

Ілік септік.

ДДН

қағаның - қағанның /Оа.3/

Барыс септік.

а/ -қа, - ке:

МЗ  
МДҰН  
МЖЛ  
МЖЛ  
МЖЛ

атқа - /Оа.3/  
қаранқа - қаранға /Оа.2/  
табғачқа - табғашқа /Онг.2/  
йылқа - жылға /Об.5/  
сөке - үйге /Оа.2/

ТҮҢҮГҮҢ төңрікөнке - төңріге /Онг. 7/

б/ -а, -е :

ТҮҮ еліңе - еліңе /Онг.4/

ТҮҮҮҮ еглеріме - бектеріме /Онг.7/

в/ -ра, -ре:

ТҮҮ өңре - алға /Онг. 2/

г/ -йа, -йе:

ТҮҮҮ йырайа - солға /Онг.5/

Төбө септік. Төмөндөгидей аффикстер арқылы жасалады:

а/ -ыг, - иг:

ТҮҮҮ булуңыг - өлемді, дүниенің төрт  
бұрышын /Онг.1/

ТҮҮ күчиг - күшті /Оа.3/

ТҮҮ атыг - атты /Онг. 6/

ТҮҮ азыг - аазды /Онг.7/

ТҮҮ үкүсиг - көпті /Онг. 7/

б/ ин. -н. төуелді жалғаудан соң жашганады.

ТҮҮҮ қаранын - оның қаранын /Онг.2/

ТҮҮ күчин - оның күшін /Онг.5/

ТҮҮ ерін - оның ерін /Онг.2/

ТҮҮ өлүгін - оның өлігін /Оа.3/

Жатыс септік. Ескерткіште жатыс септік: -да, -дө, -та, -те қосымшалары жалғану арқылы жасалады.

ТҮҮҮ табғачда - табғашта /Онг.5/

Шығыс септік. Ескерткіште шығыс септік қосымшасы орнына жатыс септік жалғауы қолданылатындығы байқалады.

Елтеріс /Кутлуг/ қағанға адырылмадуқ - Елтеріс қағаннан айрылмаған /Оа.3/

Онгин ескерткіші жоғарыда айтқанымыздай, өте ертедегі түркі ескерткіші. Оның орнатылғанына мың жылдан көбірек уақыт өтті, солай бола тұрса да, ондағы септіктер қазіргі кездегі түркі тілдеріндегі септіктерден көп ерекшелене бермейді.

#### Сын есім

Ескерткіште сын есімдер негізгі және туынды түрлерінде кездеседі. Бірақ олар көп емес. Олар төмөндөгидей:

ТҮҮ бат - жамен /Онг.7/

ТҮҮ йабыз - жауыз /Онг.7/

НӘХ  
СҮЛНӘ  
ЖЕҮГӘ  
БХЯ

едгү - жақсы, игі /Об. 6/  
күчлүг - күшті /Оа.4/  
білге - білгіш, дана /Об.4,5/  
бедүк - биік /Онг. 6/

### Сан есім

Онгин ескерткіші үлкен емес, шағын ескерткіш, сондықтан онда сан есімге қатысты сөздер онша көп емес. Олар төмендегідей:

ТҮНН  
ЖҢ  
ЖҢ  
ЖҢ

төрт - төрт /Онг.1/  
жеті - жеті /Онг.5/  
жетінч - жетінші /Оа.6/  
жетміс - жетпіс /Онг.4/

### Етістік

Ескерткіш тілінде түбір етістіктер де, туынды және күрделі етістіктер де кездеседі. Олар:

а/ негізгі етістіктер:

ҚЫС  
ЖҢ  
ҚЫЛ  
КЕЛ  
БАР

қыс - қысу /Онг.1/  
жығ - жи /Онг.1/  
қыл - қыл /Онг.4/  
кел - кел /Оа.2/  
бар - бар /Оа.4/ т.б.

б/ туынды етістіктер:

ҚАҒАНЛА  
СҮЛЕ  
КҮНЛА  
ӨТЛЕ

қағанла - қағандан /Онг.2/  
сүле - соғыс /Онг.7/  
күнла - жаула /Оа.1/  
өтле - оқыт /Оа.3/

в/ күрделі етістіктер:

КІРҮР ЕРТІ  
БАР ЕРМІС  
БАРМЫС ЕРТІ  
ТЕР ЕРМІС

кірүр ерті - кіретін еді /Оа.4/  
бар ерміс - бар еді /Оа.2/  
бармыс ерті - баратын еді /Онг.3/  
тер ерміс - дер/айтар/ еді /Онг.3/

Ескерткіште етістіктің болымсыз түрлері -ма, -ме арқылы жасалады.

АЙРЫЛМА  
ЖАҢЫЛМА  
ЖІТМЕ

